

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

К.А.ТӨЛЕУБАЕВА

ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙ
(ҒЫЛЫМИ-КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ)

Монография

Қарағанды - 2019

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

Т 65

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Ғылыми кеңесі ұсынған
(Хаттама №8, 31.01.2019 ж.)*

Төлеубаева К.А.

Т31. ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙ (ғылыми-көркем шығармашылығы):

Монография К.А.Төлеубаева. – Қарағанды: «Мағжан» баспасы, 2019. - 208 б.

ISBN 978-601-7950-47-7

Пікір жазғандар:

С.Б.ЖҰМАҒҰЛОВ - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

С.А.КЕНЖЕҒАЛИЕВ - Орталық Қазақстан Академиясы қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

М.А.ТҰРСЫНОВА - Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

Монографияда жазушы, әдебиетші ғалым Т.Жұртбайдың ғылыми-шығармашылық тұлғасы қарастырылады. «Жер-бесік», «Қар астындағы көбелек», «Қалампыр», «Аэродром», «Бір уыс жусан», «Болашақтың бәйтерегі» туындылары талданады. «Талқы», «Бесігінді аяла», «Бесігінді түзе», «Күйесің, жүрек...сүйесің», «Ұраным - Алаш!..», «Сүре сөз», «Құнанбай», «Бейнет суыны» ғылыми еңбектері сараланады.

Еңбек студенттер мен магистранттарға, ғылыми бағытта ізденушілерге арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7950-47-7

©Төлеубаева К.А., 2019



КІРІСНЕ

Жазушылығы мен ғалымдығы қатар өріліп, бір-бірінен ажырағысыз шығармашылық болмысымен қазақ әдебиетіне, әдебиеттануына елеулі еңбек еткен тұлғалар аз емес. Қаламгер зерттеушінің шығармашылық тұлғасының қалыптасуына ықпал ететін үрдістер сан қатпарлы болғанымен, ұлттық дүниетаным және азаматтық ұстаным әр кез шешуші орын алады. Соның барысында көркем туындыларының өміршеңдігі, ғылыми еңбектерінің көкейкестілігі уақытпен бірге жаңа мазмұн ала түседі. Әдебиеттің құдірет күші – адам жанының тереңіне еніп, сезім пернелерін шертуінде, адамға рухани азық болуында. Ежелден «асыл сөздің» қасиетіне жетіп, оны бағалай білген халқымыздың әдеби дамуы тұтас әдеби кезеңдер мен құбылыстарды қамтиды. Ауыз әдебиетінен бастау алып, ғасырлар бедерінде үнемі дамып, жаңарып, өсіп отырған әдебиетіміздің өзіндік ұзақ тарихы бар. Осы тарихи кезең әдебиет әлеміне құнды, әрі көркем туындыларды әкелді. Әдеби дәстүр әдеби процесс өзегінде жалғасын тауып, дамып, үнемі жаңарып, жаңғырып отырды.

Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай 1951 жылы 15 тамызда Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы Абай ауданының Шаған ауылында дүниеге келген. 1969-1974 жылдары қазіргі Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде білім алады. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ ұлт тарихы мен әдебиетіне өзгеше таныммен қараған дарынның барша саналы ғұмыры тынымсыз да қажырлы ғылыми-шығармашылық ізденістерімен айшықталып келеді.

Ұлт тарихы мен әдебиетін тереңнен саралап, өскелең ұрпақтың өзегіне сiңiруге арнаған ғалымның еңбектері ел ішінде үлкен сұранысқа ие. Түркі дәуіріндегі тарихи тұлғалардан бастап Абайдай ой алыбы, Мұхтар Әуезов сынды сөз зергерінің көркемдік әлемін зерттеуі, Алаш арыстарының қилы тағдырын мұрағат деректерімен зерделеудегі үздіксіз шығармашылық ізденістері өте жемісті болды. Әдеби даму үрдісін сын тезіне салудағы сыншылдық қарымы, шығармашылық зертхананың көркемдік әлемін саралаудағы эстетикалық пайымдары да Тұрсын Жұртбай шығармашылығын зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Біз осы ғылыми еңбегімізде Тұрсын Жұртбайдың жазушылық, әдебиетшілік тұлғасын жан-жақты қарастыруды көздедік. «Жер-бесік» роман-новелласы, «Қар астындағы көбелек» роман-хикаяты, «Қалампыр», «Аэродром», «Бір

уыс жусан», «Болашақтың бәйтерегі» өзге де повесть, әңгімелері негізінде суреткер шеберлігіне тән көркемдік жүйесіне үңілуге тырыстық. Авторлық баяндау мен көркем психологиялық баяндау араласқан шығармаларына өмірбаяндық сипаттың басым екендігін байқадық. Әдеби туындыларын жазудағы жазушының шығарманы бастауы мен аяқтауындағы өзіндік ерекшелігін де тұтас шығармашылық психологиясы тұрғысынан айқындауға ұмтылдық. Әр жазушы кейіпкерінің ішкі жан әлемін ашуда әр түрлі көркемдік тәсілдерге жүгіне отырып, қайталанбас кейіпкерді дүниеге әкелуі белгілі. Қаламы қарымды қаламгердің көркем туындыларымен қатар ұлттық әдебиеттану ғылымына жаңа тыныс, соны серпін әкелген «Ұраным - Алаш!...», «Талқы», «Сүре сөз», «Бесігінді аяла», «Бесігінді түзе», «Күйесің, жүрек... сүйесің», «Бейнет сусыны» ғылыми еңбектеріне кешенді талдаулар жасалды. Бұл зерттеулердің әдебиеттанудағы ғылыми-әдіснамалық өзектілігімен қатар тың тақырыптарды архив деректерімен жаңаша танымда қарастыруының маңызын ашып көрсетуге назар аудардық.

Т.Жұртбайдың «Ұраным-Алаш!» зерттеу еңбегі арқылы жылнамалық жүйе бойынша Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаев, Ә.Байділдин, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Ғаббасов қатарлы 41 Алаш қайраткерінің тергеуі қамтылған «Жегі» бөлімінде, не М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков сынды 30 тұлғаның тағдыры

сараланатын «Қайрақ» бөлімдері сараланып, қарастырылған.

Жазушы, профессор, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбайдың «Талқы», «Бесігіңді түзе», «Бесігіңді аяла», «Құнанбай», «Бейуақ», «Сүре сөз» ғылыми еңбектерінде жазушы-ғалым, драматург Мұхтар Әуезовтың өмірі мен шығармашылығын барлық қырынан сипаттаған. Жазушы-ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, Мұхтар Әуезовтың шығармашылығына сыни көзқарас таныту арқылы сол замандағы жазушының тағдыры мен талқысының сыры зерделенді. Сондықтан олардың есімдерін ту етіп көтеру біз үшін биік парыз әрі өте маңызды іс болып табылады. Әр заманның өзіне сай танымы мен талабы болады. Алайда тамыры тереңнен нәр алып жатқан халықтық педагогиканың ұлы желісі ешқашан үзілмейтіні белгілі. Ұлттық таным мен ұлттық сананың қаймағы бүтін, қалыбы таза сақталған өткен ғасырдың басындағы еңбектердің мазмұнында да осы идея басым болатын. Олардың өмірі – тарих һәм тағылым, ал асыл мұралары – рухани демеушіміз. Бүгінде ұлттық білім мен патриоттық сезім бізге ауадай қажет, сондықтан оған мемлекет тарапынан да баса мән беріліп отыр.

Әрине, бір ғана монография көлемінде құлашы кең жазушы, зерттеу нысаны ауқымды әдебиетшінің ғылыми-шығармашылық тұлғасын ашу оңай міндет емес. Біздің осы бағыттағы маңызды ізденісіміз

Тұрсын Жұртбайдың ұлттық руханиятқа сіңірген еңбегін жүйелі бағалаудағы құнды зерттеулерге қозғау салып, жаңа зерттеулердің қолға алынуға септігі тисе - алға қойған мақсатымыздың орындалғаны деп білеміз.


I ТАРАУ


**ҚАЛАМҒЕР
ЗЕРТХАНАСЫ
ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК
ІЗДЕНІСТЕР**

1.1 Қаламгердің көркемдік әлемі және ұлттық идея

Әдебиеттің құндылығы – оның көркемділігінде. Әдебиеттегі өмір – қаламгердің ой–қиялына салынып, ой сүзгісінен екшеліп шыққан көркемдік әлемі. Осы көркемдік әлемнің өзіне тән «тұрғындары», яғни көркем бейнелері, кейіпкерлер әлемі болады. Адамның ішкі ой мен сезім қайшылықтарынан туындайтын денедегі сыртқы құбылыстарға ерекше ден қойып, адамтанудағы өзіне ғана тән тосын зерттеулерін жүргізген жазушы өз шығармаларында алуан түрлі көркемдік эксперименттерге барады [1,245]. Осы әдіс-тәсілдер арқылы ол қайталанбас кейіпкерлер әлемін жасайды, кейіпкерлері арқылы шығарма идеясын да нақты жеткізеді, шығармасын көркемдей түседі. Ал көркем шығарма дәлдігі – адамның ішкі әлемін, құпия-қалтарыстарын нақты бейнелеуінде. Жазушы кейіпкерінің ішкі әлемін, рухани өмірін, кейіпкерінің әрбір іс-әрекетінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда зерделей зерттеп, жан-жақты талдап жазғанда ғана психологиялық шығарма талабына сәйкеседі. Ұлы суреткер М. Әуезов айтқандай нағыз көркем прозаға «...психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» екендігі күмәнсіз [2,129]. Сондықтан да

әр жазушы көркем шығарма жазуда кейіпкерлерін ерекше сомдап, ішкі жан дүниесіне үңіліп, күрделі тұлғамен жұмыс істеуге тырысады.

Тұрсын Жұртбайдың прозасындағы негізгі назар аударарлық ерекшеліктердің бірі – кейіпкерлер психологиясы, адамның ішкі әлемі, рухани болмысы, стиль ерекшелігі. Кейінде ғана басылып шыққан «Қар астындағы көбелек» атты романының кіріспе сөзінде автор: «...Мұнда менің жан дүниемнің барлық қасірет–мұны, қуаныш–сүйініші, аңсары, «қар астындағы өмір» сондай бір аңғал (сентиментальді) да қарапайым (натуралистік) шындықпен қағазға түсіпті. Шығармашылық тарихы мен психологиясында сан қилы түсініп болмайтын құпиялар кездеседі», - деп жазады [3,10].

Демек, қаламгер өз шығармаларында психологиялық құпиялар мен шығарма психологизмнің ерекшеліктерінің барын айта кетеді. Ал жазушының барлық дерлік шығармалары бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірінің жалғасы не болмаса бірін-бірі толықтырып отыратын туындылар деп айтуға болады. 1976-77 жылдары жазылып, 1985 жылы жарық көрген «Жер-бесік» роман-новелласындағы оқиғалар басты кейіпкері Кербалаға тікелей қатысты өрбіп, кейіпкер образы, психологиясы арқылы өз шешімін тауып, бір қорытындыға келіп отырады. Ал «Қар астындағы көбелек» романында автор тікелей өз кейіпкерінің атынан жазады да, барлық оқиғаларды Жарастың көзімен көрсетеді, кейін «Бір уыс жусан» элегиялық

туындысындағы оқиғаны да Жарастың есейген шағындағы келбетімен қайта жүздесеміз, оның жан-дүниесіне қайта енеміз. Міне, осыдан көркем шығармалардың байланыстылығын байқауға болады. Шығармаларында жазушы барлық әдеби шығармаға тән кең мағынадағы психологизммен қатар жеке адам тағдырына тереңірек үңіліп, рухани әлемді егжей-тегжейлі бейнелеуге ерекше көңіл бөледі. Алайда осынау күрмеуі қиын күрделі мәселенің шешуі – қай жазушының өз кейіпкерінің ішкі өміріне, рухани әлеміне қалай енуі арқылы көрінеді. Міне, осы жерде олардың өзіндік, стильдік ерекшеліктері айқындалады. Шынында да көркем шығармада кейіпкердің әр түрлі қалыптағы ішкі ой-толғаныстары әрдайым өзгеріп, іс-әрекет, сезім қайшылықтарын тудыратын психологиялық құбылыстарды тереңдетіп, күрделендіре бейнелеу психологизмнің табиғатын айқындап берері анық. Жазушы өзі сомдаған әр кейіпкерінің жан дүниесіне, образына еніп, тап сол секілді толғанып, сөйлейтін сахна саңлағы секілді өз кейіпкерінің ішкі дүниесіне ене отырып, оның бүкіл сахнадағы, өміріндегі, тұрмысындағы, тіршілігіндегі әрбір сезімдік психологиялық процестерді бастан кешіре отырып, өмірге әкеледі. Жазушы өмірінің қиындығы да қызығы да осы тынымсыз ізденісінде жатыр. Әрине әр жазушының кейіпкерді іздеу, сомдау, сөйлету әдістері әр түрлі. Әрқайсысы әр қырынан келеді, өз әлінше қимыл жасайды және әдебиеттің жалғыз объектісі – адамды сол тұрғыдан таңдап,

талдайды, таразылайды. Әйтсе де әр жазушының өз кейіпкерінің ішкі дүниесін зерттеуі - өзінше бір әлем [1,194]. Осыған дәлел ретінде М.Жұмабаев еңбегіндегі: «Тегінде берік ұғыну керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек», - деген сөздерін келтіруге болады [4,240]. Яғни, Тұрсын Жұртбайды біз тек жазушы ғана емес, психолог-жазушы ретінде қабылдауымыз керек. Жазушы өз ортасының, өз замандасының табиғатын, психологиясын, жанын зерттейді, талдайды, сол төңіректе толғанады, таразылайды, өзін қызықтырған кез-келген құбылыстың тосын, кездейсоқ әдемілігін немесе маңызының ақиқатын ашады. Негізі шығармадағы әрбір іс-қимыл, әрекет автордың реакциясы, оған деген көзқарасы арқылы көрінетіні белгілі. Осы орайда автор өз кейіпкерлерінің кескін-келбетіндегі әрбір белгі, ұсақ әжім сызығына дейін сенімді түрде суреттеуге тырысады. Өйткені біз, оқырман, өзімізді қоршаған адамдарды қалай танып, қалай қабылдаймыз, соған сәйкес суреткер де олардың өмірінің әрбір оқиғасын, белгілі бір жағдайдағы іс-әрекетін, психологиялық сезім құбылыстарын, сезімін, ишара-емеурін, қимыл-қозғалысын да қалт жібермей, тап өмірдегідей нақты да дәл әрі нанымды беруге тырысады. Өмірде бізді адамдар тағдыры мен тыныстіршілігі емес, жекелеген адамдардың іс-әрекеті

де қызықтыраы сөзсіз.«Көркем шығармаларда әрқашан белгілі бір индивидуалды тұлғалар бейнеленеді. Бірақ бұл индивидуалдың бойында өмірдің белгілі бір жалпы («баршаға ортақ»), өмірде бар («субстанционалды») ерекшеліктері («күштері») жинақталып көрініс тапқандықтан, ол индивидуал тұлға оқырмандарымен қатар суреткер, яки жазушының өзін қызықтырады. Бұл индивид тұлғаның бойында қаншалықты өмір сүру табиғаты нақтылы байқалуына байланысты ол белгілі бір характер ретінде көрініс табады», - деп Г.Н.Поспелов өзінің «Теория литературы» деген еңбегінде кейіпкерлердің индивидуалды, яғни қайталанбас немесе өзіне ұқсамайтын бір мінезге (характерге) ие болуын тек оқырманға ғана емес, сонымен қатар жазушының өзін қызықтыратын үлкен дүние екендігін айта кетеді [5,44]. Тегінде автор көз алдында өтіп жатқан психологиялық процесті, жағдайды суреттегенде өзінің көзқарасы емес, сол сәттің көзі тірі куәгері – кейіпкері, соның көзқарасы, ой-сезімі арқылы беруге тырысады. Ол сөзінен гөрі тап сол сезімді бастан өткерген, жүрегінен сүзген, көңіл таразысынан өткізген жанның дәл де шынайы сезімдік, психологиялық толғаныс-толқуды қалтқысыз беретінін автор жақсы біледі. Сондықтан да ол өз кейіпкеріне көп сенеді. Экзистенционалдық мәселелерді, рухани құндылықтарды шешу барысында оның кейіпкерлері азапты да күрделі философиялық, психологиялық құбылыстарды бастан кешеді

[1,265]. Осындай жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегінде кейіпкердің күрделі тұлғаға айналу процесін байқауға болады. Жазушы кейіпкердің ішкі рухани әлемін талдау тәсілі арқылы адамның моральдық еркін зерттейді. Оның назары адамның адамгершілік табиғатын сынауға, адамдық қасиеттің жаңарудағы психологиялық алғышарттарын жасауға аударылады. Адам тағдырының драмасын тап осылайша талдау – қазіргі өркениетті қазақ әдебиетіндегі психологиялық прозаның қарыштап өскендегенінің, өркендеуінің өрісі биік екендігінің белгісі. «Негізгі көркем шығармада үздіксіз психологиялық талдау жасалынбаса «адамның ойына өң беріліп, көңіліне күй түсірілмейді» (А.Байтұрсынов)» [1,244]. Және адамның жан құбылыстарын, ең бастысы өзімізді-өзіміз танып білмей өмірді де, өнерді де тану, білу екіталай. Жазушы белгілі бір шығарманы тақырып етіп алғанда, осы тақырыпты ашатын, оқырмандарына жеткізетін бір идеяны арқау етіп алады. Демек, кез келген көркем шығармада өзінің ойы, нақты айтсақ көркем идеясы болады. Ал көркем идея дегеніміз не? Оның шығармадағы негізгі мақсаты мен ерекшелігі қандай? Әдебиет ғылымында идеяға байланысты айтылған пікірлер көп. Зейнолла Қабдолов өзінің «Сөз өнері» атты еңбегінде М. Горькийдің «Әдебиетші – таптың көзі, құлағы және үні. Ол өз табының көңіл күйін, тілегін, қамын, үмітін, құштарлығын, мүддесін, қасиетін

кабылдайды, қалыптастырады, суреттейді», - деген пікіріне жазушыны өз творчествосымен өмірге үн қосып, үн қосқанда өз табының мақсат-мүддесіне сай үн қосатынын айта келіп, осылай өмірге үн қосу әрекетінен келіп әр жазушының әр шығармасының идеясының пайда болу жолын айтып өтеді. Қорыта келіп, көркем идея туралы мынандай пікір айтады: «Яғни идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік.

Анығырақ айтқанда, жазушы өзі бейнелеп, суреттеп отырған өмір құбылыстары арқылы оқырман назарын неге аударса, қайда бағыттаса, сол – идея! Идеясyz шығарма болмайды және болуы мүмкін емес» [6,156]. Демек, шығарма бар жерде міндетті түрде идея да болады. Әр жазушы шығармасын жазар алдында белгілі бір идея ұстанбаса немесе оқырманына жеткізер белгілі бір өзекті мәселе де болмаса – бұл шығармаға көпшіліктің ортасында сұраныс та болмайды, қызықтырмайды. Шығармадағы көркем идея қаншалықты терең мағыналы, өзекті мәселелерді қамтуына байланысты сол туынды авторының да дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасының ұшқырлығын, тереңдігін, өзіне ғана тән ерекшелігін байқауға болады. Бірақ өз ойын, яғни идеясын жеткізу – жазушының өз стиліне, ерекшелігіне байланысты әр қилы болады. Бұл мәселе бойынша Зейнолла Қабдолов мынандай пікір айтады: «Дүниетанымы бір, әлеуметтік көзқарастары ортақ

бірнеше суреткер бір тақырыпқа жаза қалса, әрине, олар да идеялық жағынан бірін-бірі қайталамауы қажет, әрқайсысы өзінше тың, нұсқалы идея туғызуға тиіс. Қаламгер бір тақырыптан біреу емес, бірнеше идея туғызуы мүмкін. Олар бір-біріне кереғар болмауы да, болуы да мүмкін. Яғни әдебиеттегі идеялық қарама-қарсылықтар мен бірліктер туралы мәселе тұрады. Идеялық бірлікте жазушылардан әрқайсысының о бастағы ой өзегі бір-біріне бағыттас, ұқсас, сыбайлас. Сондықтан бұл – идеялық қарама-қарсылық емес, бірлік: дүниеге көзқарастары бір тұрғыдағы бірнеше жазушының бір тақырыптан бір бағытта, бірақ әрқайсысы өзінше, бірін-бірі толықтырар бірнеше идея туғызуы. Бұл өзгешеліктің түп тамыры әр жазушының тек өзіне тән дара қасиетінде, ешкімге ұқсамайтын өзіндік творчестволық ерекшелігінде жатыр» [6,157]. Демек, шығармадағы идеяның әр түрлі, бір-біріне ұқсамайтын, қайталанбас болып келуі жазушының ой ұшқырлығына, стиліне, суреткерлік шеберлігіне байланысты болып келеді. Шындық қаншалықты күрделі болып келсе, сол шындық төңірегінде жазылған қаламгердің де шығармасы сондай күрделі болады. Ал мұндай күрделі шығармаларда әдетте суреткердің де ой өзегі күрделі болып келеді. Яғни, автор көлемді шығармаларда бір ғана идеямен шектелмейді, өз туындысында бірнеше идеяны жеткізуі де мүмкін. Бірақ идеялардың қаншалықты көп болғанымен де оқырманда осы шығарма туралы жинақталған,

бір бүтін ой туады, бір көзқараста болады. Бұл дегеніміз барлық идеялардың басын қосатын ортақ, әрі күрделі де өзекті мәселе болатынын аңғартады. «Алайда көркем шығармадағы тақырыптар мен идеялар қанша көп болғанмен, олардың бәріне ортақ желі, бәріне дәнекер бірлік болады. Ол бірлік – идеялық бірлік. Оның өзі шығармаға арқау болып отырған шындықтан туады. Барлық жекелеген тақырыптар мен идеялар бірімен-бірі тоғысып, ұштаса жалғасып кеп, ақыр аяғында бір сағаға сарқып құяды», - деп Зейнолла Қабдолов идеялардың көп болуымен байланысты оларға ортақ идеялық бірліктің болуын өз еңбегінде айта кетеді [6,157].

Демек, бір шығарма бойында көтерілетін көптеген идеяларды бір арнаға сыйдырып, жинақтап тұратын өзекті де күрделі мәселені біз негізгі идея деп танамыз. Ал негізгі идеяның өзі ұсақ-ұсақ көтерілген мәселелерден немесе шығарма бойында көтерілген қосымша идеялардан тұратынын жоққа шығаруға болмайды. Керісінше осы жекелеген идеялар негізгі идеяның ең маңызды бөлшектері, негізін қалайтын «кірпіші» деп те айтуға болады. Осылай негізгі көтерілген идея да пайда болады, жекелеген идеяларды жинақтап, оқырман өзіне белгілі бір қорытынды жасап, негізгі идеясын ашуға барады. Идея туралы айтылған пікірлердің бірінде З.Ахметов «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде: «Идея - әдебиет шығармасында өмірдегі жай- жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда,

суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы да аңғарылады. Ол автордың өмір құбылыстарын, жекелеген уақиға, жағдайларды қалай іріктеп, реттеп көрсетуінен кейіпкерлердің халын қалай сезінуден, соларды бейнелеу қалпынан-ақ белгі беріп тұрады», - деген пікір айтады [7,165]. Яғни, көркем идеяны біз шығарма кейіпкерлерімен де тығыз байланыста қарастырамыз. Жазушы Тұрсын Жұртбайдың шығармаларында да өз кейіпкерлерінің халін қалай сезінуден, оларды жеткізуде белгілі бір оқиғаларға негіздеп жазып, оларды өмір құбылыстарымен байланыстырып, өз көзқарастары мен кейіпкерлерінің көзқарастарын қатар бейнелеу арқылы идеяны жеткізуде шебер қолданыс тапқан. Әсіресе Кербала мен Жарас арқылы шығармаларында тұнып тұрған жұмбақтардың да шешімін тауып, өмірге деген құштарлықтары арқылы шығарманың негізгі идеясына бас ұрады. Әр шығарманың, әр туындының өз кейіпкерлер әлемі болары сөзсіз. Кейіпкер немесе әдеби қаһарман, я болмаса көркем бейне, персонаж деген ұғымдардың барлығы образ деген ұғымды білдіреді. Егер бейнелеудің өзі образдылық болса, онда бейне дегеніміз образдың өзі болмақ. Яғни образды бейнелеу деп белгілі бір кейіпкерді толық, жан-жақты сомдап шығуды айтамыз. Әр кейіпкер сол шығарманың оң бойында әр қырынан танылады, сол шығарманың ажырамас бір бөлшегіне айналады. Шығарма мен оның кейіпкерлер

әлемі – бір-бірімен тығыз байланыста болатын ажырамас, бір тұтас көркем дүние. Әр кейіпкердің қызметі – шығарманың идеясын ашу. Ал көркем идеяны ашу жолында автор өз кейіпкерлерін жан-жақты талдап, кейіпкерін түрлі мінездемеге сәйкестендіріп сомдап шығарады. Кейіпкер мінезі, яғни характері жағдайға байланысты, істе көрінеді. Кейде қаламгер характер ашу жолында өмірде бар адамның мінез қырларын пайдалануы мүмкін. Бірақ жазушы қиялымен жасалған мінездеу өмірді тану, оны бағалау мақсатымен ұштастырылады. Шығарманың көркемдік идеясына, мазмұны мен түріне характер сомдаудың ерекше қатысы болатыны белгілі. Кейіпкерлерінің мінезін сомдап, әр жағдайға байланысты құбылуы арқылы жан-жақты талдау әдісі арқылы шығарма психологиясын тереңдете түседі. Ал шығарма психологиясы тек оның кейіпкерлерінің немесе қаһарманының психологиясымен тығыз байланыста болады. Ең алдымен кейіпкер психологиясын зерттемес бұрын кейіпкер деген түсінікке назар аударарлық. «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде кейіпкерге З.Ахметовтің мынандай анықтамасы беріледі: «Кейіпкер (персонаж) – көркем әдебиетте роман, повесть, әңгімеде, драмалық шығармада, поэмада бейнелетін уақиғаға қатысушы. Әдебиетте адамның көркем бейнесін суреттегенде, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттармен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де (әсіресе,

жүріс-тұрысындағы, сырт келбетіндегі, сөйлеу әдетіндегі) анық байқалатындай етіп көрсетеді. ...Адам мінезін, тұлға, бейнесін өзгеріс, даму үстінде алып, өмірлік күрес-тартыспен ұштастырып көрсету – бұл реализм әдісінің ең бір ұтымды жағы» [7, 174]. Кейіпкерге берілген бұл анықтамада ол тек шығармадағы қаһарман ғана емес, сонымен қатар ол заман талабына сай, өз дәуірінің өзгешеліктерін танытатын, барлық қырынан сипатталған образ екенін аңғаруға болады. Ал психологиялық романға А.Ісмақованың «...адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән берілетін роман» - деген анықтамасы берілген [7, 279]. Яғни, бұдан байқайтынымыз, жалпы шығарма психологиясы тікелей келіп шығарма кейіпкерлерімен тығыз байланыста болады, демек, кейіпкер психологиясын аша отырып, біз жалпы шығарманың психологиясына үңілеміз.

«Көркем форманың ең негізгі бірлігі – образ», - деп И.Ф.Волков «Теория литературы» атты еңбегінде кейіпкерге осындай баға береді. «Сонымен қатар көркем образ – ол объективті өмірдің субъективті образы. Бірақ бұл анықтамалар әлі де көркем образдың ерекше қырларын (спецификасын) ашып көрсете алмайды», - деп образ, яғни көркем бейне деген ұғымның күрделілігіне баса назар аударып айтады [8, 70]. Шығармада кейіпкер мінезін қалай сипаттауы жазушының шеберлігіне, оның өмір шындығына терең бойлай білуіне байланысты. Кейіпкердің рухани әлемі, жан сыры, идеалы оны

мінездеу арқылы, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашылады. Біз қарастырып отырған шығарма авторы Тұрсын Жұртбайдың прозасындағы негізгі назар аударарлық ерекшеліктердің бірі де – кейіпкерлер психологиясы, адамның ішкі әлемі, құпия-қалтарыстарын нақты бейнелеуі. Жазушы кейіпкерінің ішкі әлемін, рухани өмірін, кейіпкерінің әрбір іс-әрекетінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда зерделей зерттеп, жан-жақты талдап жазған. Т.Бекниязов әдеби қаһарманға «Әдебиеттану» сөздігінде: «...әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға. Ол қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда бас кейіпкер, жан-жақты сомдалған толыққанды образ саналады, эпостық және әдеби эпикалық шығармаларда негізгі қаһарман ретінде жағымды түрде бейнеленеді. Әдеби қаһармандар шығармада өзіне тән рухани және қоғамдық жүк көтереді. Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын бейне. Бұл ретте қаһармандар өз ерекшелігімен көзге түседі. Ол заманның, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы образ ретінде көрінеді. Яғни, автор суреттеуінде тарихи орта сипатын айғақтап, халықтық үлгіде тәрбиелі қасиеттерді жеткізуші», - деген анықтама береді [7,63]. Бұдан біз шығармадағы кейіпкер шығарма авторымен тығыз байланысты, автор идеясын жеткізуші немесе автордың шығармадағы бейнесі деп айта аламыз. Яғни, кейіпкердің мінез бітімін, адамның бойына, психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі

қасиеттердің біріктіріп бір тұтастықта танытатан мінез-құлық өзгешеліктерін қаламгер өз қиялынан немесе белгілі бір шындық образбен ұласатын прототиптер арқылы сомдайды. Бұл қаламгердің өзіне тән белгісі, қасиеті, ерекшелігі деп танимыз.

Ал осы шығармаларында кейіпкерлер психологиясының маңызы қандай, олардың шығармада алатын орны қандай? Жалпы кейіпкер психологиясы деп біз нені түсінеміз? Олай болса ең алдымен әдебиеттегі психологизм не дегенге жауап іздер болсақ, әдебиеттегі ұғым-түсініктер сөздігіне сүйенеріміз дұрыс болар. «Литературная энциклопедия терминов и понятий» атты сөздікте: «Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық әлемін кұрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу», - делінген [9,35].

Демек, әдебиеттегі психологизм тікелей көркем шығармадағы кейіпкерлеріне байланысты, кейіпкерлердің психологиясымен анықталатынына тағы бір көз жеткіземіз. Ал кейіпкер психологиясы мен тұтас шығарма психологиясы қандай байланыста болатынын түсіну үшін алдымен жеке-жеке кейіпкер психологиясы мен көркем шығарма психологиясы деген анықтамаларға назар аударарлық. Жоғарыда барлық анықтамаларды жинақтап, бір-бірімен толықтырып келсек, кейіпкер психологиясы не деген сауалға жауабымызды табамыз. Яғни, кейіпкер психологиясы дегеніміз – кейіпкердің тұлға, бейнесін өзгеріс, даму үстінде

алып, өмірлік күрес-тартыспен ұштастырып жан-жақты көрсетіп, адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән беріп, оның рухани әлемін, жан сырын мінездеу арқылы, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашылатын шығармадағы кейіпкердің жан дүниесі. Кейіпкер психологиясын жазушы ерекше бір шеберлікпен жеткізеді. Ғылымда негізінен зерттеулер барысында психологиялық бейнелеу құралдарына мыналарды жатқызады: «Бірінші – психологиялық бейнелеудің «тура» («прямой») түрі, бұл кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан танып-білу, яғни ішкі сөз, қағытпа (репликалар) түрі, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, еске алу және елестету т.б. арқылы психологиялық талдау жасау. Екінші–психиканы берудегі сыртқы психологиялық қимыл-көріністерге - бейвербалды ишараттарға мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану болып табылады. Үшінші – осы екі тәсілді тұтастандыра беретін авторлық психологиялық баяндау» [1,11]. Осы бейнелеу құралдары арқылы шығарма да бай әрі құнды болып жазылмақ. Осындай психологиялық бейнелеу құралдарын біз жазушы Тұрсын Жұртбай өз кейіпкерлерін сомдауда қолданғанын байқаймыз. Демек, жазушының бұл шығармаларында, атап айтсақ «Жер-бесік», «Қар астындағы көбелек», «Бір уыс жусан» сияқты туындыларында мемуарлық сипаттың болуын байқауға болады. Кейіпкерлері де сондай бір шеберлікпен жасалған, әр қырынан



танып, олардың жан әлеміне де ене алған қаламгер өз кейіпкерлерінің характерін ашу жолында өмірде бар немесе болған адамдардың мінез қырларын пайдаланған деп айтуға келетін тәрізді. Автор әр кейіпкеріне ерекше көңіл аударып, басқа шығарма кейіпкерлерінен бөлек етіп сомдайды. Бұл да қаламгердің өзіндік бір ерекшелігіне жатады. Мысалы, осы үш шығармасының бойында біз Жарастың кіші күнінен бастап есейген уақытына дейінгі оның балалық күйден күрделі тұлғаға айналу процесін, сатысын бақылаймыз. Ал Кербаланы сомдауда жазушы оның басынан өткен барлық оқиғалар арқылы оның мінезі мен психологиясын жан-жақты ашып, «Жер-бесік» романының бас кейіпкері, негізгі арқауы етіп алады. Кейіпкерлерінің сондай көркем әрі жанға жақын, әр қырынан сипаттап сомдауынан автордың баяндау әдісі мен көркем психологиясы арасында белгілі бір деңгейде байланыс барын аңғаруға болады. Бұл қаламгердің кейіпкер жасаудағы басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Анығын айтсақ, бұл арада прототип туралы мәселе де бар екенін батыл айтуға болады. Жалпы прототипке З.Ахметов «Әдебиеттану» сөздігінде: «Прототип (грек *prototypon* – түп, төркін бейне) - әдебиет шығармасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға. Шығармадағы кейіпкер мен уақиға нағыз өмірден алынған да, олар қаламгердің өмірлік тәжірибесімен, бұрынғы

көрген-білгендерімен ұштасып, оның қиялында туған сезім-эсерлермен сабақтасады», - деген анықтама берілген [7, 277]. Демек, өмірден көрген кейіпкері мен естіген оқиғалары қаламгерге жақын болғандықтан да әдеби кейіпкердің тұлғабейнесі нақтылы бір прототипке негізделіп жасалады. Бірақ ол әдебиетке тән типтендіру, жинақтау принциптеріне сәйкес және жазушының шығармасындағы идеялық нысанасына сәйкес сомдалып, өзгеше сипатқа еніп көрініс табады. Қаламгердің шығармаларындағы басты кейіпкер Кербала өмірде шынымен болған тұлға ма, әлде жазушының ой-қиялынан туған төл кейіпкері ме? «Жер-бесік» және «Қар астындағы көбелек» атты романдарын оқып отырған кезде де жазушының Кербаланы сомдауда сондай бір нақтылық пен жақындықтың барын байқауға болады. Бірақ бұл сұраққа жазушының өзі жауап береді. Тұрсын Жұртбайдың «Сүре сөз» атты еңбегінде қаламгер әкесі Құдакелді Жұртбайұлын былай деп еске алады: «Өз өмірін мінезіне жеңдірген, бірақ тағдырын өзінің қолында ұстаған әкем Құдакелдінің тауқыметті ғұмыры маған дәл осы уақытқа дейін шым-шытырық уақиғаға толы қиялдағы елес сияқты ғана көрінетін. Бірде тез тұтанып, бірде тез мұңая қалатын, өзінің бас еркіндігін бәрінен жоғары қойып, жүргізушілерге тәуелсіз боламын деп көлікке мінбей, қарға адым жерге де, алыстағы ауылға да салт атпен баратын әкемнің бұл мінезінің біраз сырын сол кезде сезсем де,

шынайы еркіндіктің адамға қандай қажет екенін енді-енді түсіне бастадым. Зады, сол қияңқылығы, қазақша айтқанда, бас асаулығы жасынан-ақ болса керек, дүние бір төңкеріліп түскен жиырмамыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басында Құдакелді Жұртбайұлының басы «Алланың добы» болып, тағдырдың қарадүлей құйынының жетегінде кете беріпті. Сол құйын тіршілік дүниеден қайтар кезінде ғана басылып, өмірінің соңында, алпысыншы жылдары ғана тыныш тапты. Мен бұл тауқыметті «Жер-бесік» атты романымда уақыт межесін он бес - жиырма жыл кейінге шегеріп барып баяндап едім» [10, 359].

Жазушының бұл естелігіндегі Құдакелді Жұртбайұлына берген мінездемесі шығармадағы Кербаланың мінезімен сәйкес келетінін аңғару қиын емес. Мысалы «Жер-бесік» романының басында Кербала туралы айтылған мына сөздерге назар аударарлық: «Өмір – жарық дүниедегі тіршілік иесіне тиесілі сыбаға ғой. Дәмін татты. Таршылығын да басынан кешті. Жеңді де, жеңілді де. Ащы-тұщысына риза. Кербала өмірінің көзді ашып-жұмғанша өте шыққанына емес, соншалықты арпалыспен өткеніне таңданады. Өкінбейді Кербала, таңданады. Жеңген адамның сағы сынбайды. Дүниеге желпілдеп келген туы дүниеден желбіреп кетіп барады. Тағдырдың не бір тезіне қысылып, талқыға түскенде, шыққыр жаны шыдады. Дұшпанның алдында тізесі бүгіліп, басы иілмеді» [11, 4]. Бұл екі мінездеме бір-бірін толықтырып

тұрғандай, екеуі де бір адамға тән мінез емес пе? Қаламгер өзі де анығын айтып, сөз болып отырған еңбегінде өз сөзін былай деп аяқтайды: «Менің ойымша, бұл әңгіме менің әкемнің көп көрген тауқыметінің бірі ғана еді. Қалғаны дербес әңгіме, мүмкін менің «Жер-бесік» атты шығармамды оқығандар одан аздап мағлұмат алар деп ойлаймын» [10,369]. Демек, шығармаларына арқау болған кейіпкер Кербала мен оның басынан кешкен оқиғалары өмірде болған және қаламгердің өзіне жақын екендігіне көз жеткіздік. Кербала дегеніміз жазушының әкесі Құдакелді Жұртбайұлының прототипі болса, сонда шығармаларындағы Жарас қаламгердің өзі болмақ емес пе? Жазушының шығармаларындағы кейіпкер психологиясын толық ашудың бір сыры да осында болар. Кейіпкерлерінің әр сәттегі ішкі әлемін, жан дүниесін жан-жақты талдап, нақты әрі әсерлі жеткізудің бір себебі – бар жан арпалыстың, сезімдердің өз жақындарының өмірінен көргендігі, сезгендігі, өз басынан өткендігі. Қорыта айтқанда, әр шығарма өзінің кейіпкерлер әлемімен ерекшеленеді, образдарының психологиясы арқылы толық шығарма психологиясына үңіледі. Ал кейіпкерлер психологиясын өз шығармасында шебер қолдана білген қаламгер Тұрсын Жұртбай өз шығармаларының құндылығын сақтап, басқа жазушылардан өз стилінің ерекшелігін байқатады. Көркем идеяны сөз етсек, жалпы идеяны шығармада дайын күйінде тұрған қорытынды деп түсінуге



болмайды. Себебі, шығарманың өн бойында жинақталған жекелеген оқиғалар мен кейіпкер тағдырларынан, қаламгердің шеберлігінен, мазмұн-мағынасын жеткізе білу жолдарынан оқырман өз түсінігін жинақтап, белгілі бір үлкен қорытындыға келеді. Мұндай қорытынды бірдей де бола бермейді. Себебі, әр оқырманның белгілі бір шығармаға деген өз көзқарасы болады, оған сәйкес өз қорытындысы болады және ол басқа оқырманның көзқарасымен сәйкес болмауы да мүмкін. Себебі, шығарманың идеясын үзіп-кесіп нақты дәлдеп бір сөзбен айтуға келмейді немесе шығарманың нақты идеясы осы деп кесіп те айта алмаймыз. Әр оқырман үшін өзі оқыған әдеби туындының барлық мазмұн-байлығы, көркемдік шеберлігі арқылы әсер ететін идеялық қуаттылығы да әр түрлі болуы мүмкін. Шығарманың негізгі идеялық бағыты жекелеген идеялардан да, сипат-өзгешеліктерінен, бейнелік қасиеттерінен, қаламгер шеберлігінен де сезіліп тұрады. Негізгі идея көркем туындының өн бойына, бар бітім-болмысына, мазмұны мен көркемділігіне ажар беріп тұрады. Идеясы терең, өткір ой сезімге толы шығармада әр бейне, әр сөз идеяның, ой-сезімнің қуатымен нәрленіп тұратынын З.Ахметов өз пікірінде айтып кеткен болатын. Жалпы негізгі идеяны шығармадағы кейіпкерлер әлемімен тығыз байланыста қарастырған ғалымдарымыздың бірі Кенжебай Ахметов идея туралы: «Әдебиетке тән негізгі сипаттардың бірі – оның идеялылығы. Идеялылық - өнер туындыларындағы көркем

образдар арқылы бейнеленген оқиғалар мен характерлердің мәні жайындағы ой-пікірлердің көрінісі», - деген баға береді [12,86]. Демек, көркем идеяны ғалым жазушының ұстанған көзқарасы мен бағыты, авторлық идея мәселелерімен тығыз байланыста қарастырған. Әдеби туындылардағы идеялар сөз арқылы тікелей берілмей, негізінен, көркем образдар арқылы жанама түрде көрінетіндіктен, олар көзге ұрып тұрмайды, туындының өне бойында тұтас күйінде, шығармадағы тілдік-бейнелік образдар арқылы ашылатынын Кенжебай Ахметов өз еңбегінде сөз етеді. Яғни жоғарыда айтқандай, идеяны нақты бір сөзбен кесіп-пішіп айтып, қатып қалған идеяның болмайтынын бұл пікір дәлелдей түсері анық. Сонымен қатар идея туралы пікірін толықтыра түсіп: «Идеялылық – көркем туынды мазмұнына тән сипаттарды, яғни тақырыптың әлеуметтік, саяси, философиялық маңызын, қоғамдық бағыттылығы мен идеологиялық тенденциялығын, көркем идеяның шынайылығын біріктіре бағалайтын эстетикадағы өнердің жалпы өлшемі (критерийі)», - деген пікір қосады [12,86]. Бұл идеяға берілген анықтамалардың көлемін ұлғайтып, жан-жақты толықтыра түседі. Әдеби туындыда бастан-аяқ үзілмей, тұтасып тұрған жарастық-гармония, мазмұн мен түрдің, ой-сезім мен сөз кестесінің білігі жоғары болған жағдайда бұл шығарма үлкен жетістіктерге жетіп, оқырмандарының көңілінен шығары анық. Мұндай шығармаларда көтерілген

идеялар мен оларды жинақтап, бір бүтін көтерілген өзекті негізгі мәселесі – негізгі идея да терең әрі жан-жақты толық болады. Жазушы Тұрсын Жұртбай кейіпкерлерінің өмір жолдары арқылы өрбіген түрлі оқиғалар, шым-шытырыққа толы өмірлік жол тораптары мен оған деген өз көзқарастары, кейіпкерлерінің сол оқиғалардан шығу жолы, көзқарасы, іс-әрекеттері арқылы көркем идеяны шебер жеткізе білген. Шығармаларындағы адамгершілік, достық, адалдық, сүйіспеншілік, ата-анасы мен балалары арасындағы қарым-қатынас, еңбек сияқты толып жатқан жекелеген идеяларды толығымен жеткізе білген. Осындай жекелеген идеялар көрініс тапқан шығарманың оқырманды баурап әкететін тартымдылығы да шығарманың негізгі идеясында жатыр. Көркем шығармадағы негізгі идея арқылы оқырманға әсер еткен, тартымды суреттеген жазушының өзіндік ерекшелігі, өзіндік тенденциясы. Ал әрбір әдеби шығармадағы әсерлі идея ашық көрсетілмейді, ол қаламгердің шындықты суреттеу тенденциясы арқылы ашылады. Жалпы тенденция туралы Зейнолла Қабдолов еңбегінде: «Тенденция – шындықты суреттеудегі қаламгерге тән құштарлық, оның қоғамдық көзқарасының тұғыры, ой өзегіндегі мығым принцип», - деп түсіндіреді [6,157]. Демек, көркем идеяны жазушы «өзінің жеке басындағы көңіл күйінің нәзік иірімдерін сөзбен сұлу өрнектеу тенденциясы арқылы жеткізіп», оқырмандарына бар

шындықты ой өзегінен өткізіп, өз көзқарасын қосып белгілі бір өзекті мәселені көтереді. Осыдан келіп шығармадағы авторлық идея мен объективтік идея туралы мәселе туындайды. Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде: «Авторлық идея – суреткердің о бастағы ой өзегі; объективтік идея – нақты шығармадан туатын мақсатты нәтиже. Дәлірек айтқанда, автор өзінің ойға алғанын жазу үстінде дәл өз ойындағыдай жинақтай беруі қиын. Кейде тіпті авторлық идеяға объективтік идея кереғар кеп, қарама-қарсы шығуы мүмкін», - деген пікір айтады [6,165]. Жалпы авторлық идея шығарманың өн бойында жатады, бірақ оқырманның сол шығармадан алған әсері мен оның көзқарасы міндетті түрде автордың о бастағы идеясымен сәйкес келмеуі де мүмкін. Ол қаламгердің идеяны жеткізуде пайдаланған көркемдік шындыққа да байланысты болып келеді. Ал қаламгердің идеясын жеткізуде шығармаға арқау еткен шындығы сол қалпында қағазға түсе қоймасы да хақ. Кез келген шындық оқиға қаламгердің ой өзегінен өтіп, екшеліп жазылады да, ол шындық көркем шындыққа айналады. Демек, З.Ахметовтің пікірінше: «Көркемдік шындық - өмір шындығының жазушының ой-елегінен, творчестволық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркем шындық өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады», - дейді [7,193]. Демек, әрбір

шындық әдеби шығармаларда жазушының ой-елегінен өтіп, көркем суретке айналып, көркемдік шындыққа ұласады. Шығармаларында кейіпкерлер психологиясын ұтымды көрсете білген жазушы Тұрсын Жұртбайдың «Жер-бесік» пен «Қар астындағы көбелек» романдары бір-бірімен байланысты екені, идеяларының сабақтастығы бірден байқалады. Осы екі күрделі шығармасындағы жазушының тағы бір ерекшелігі - көркем шығарманың басталуы мен аяқтауында. Автор алдымен үлкен философиялық ой тастап, лирикалық шегініс арқылы өз шығармасын бастайды. «Жер-бесік» романын: «Боран ұлып тұр. Жер-бесік зыр айналып, Қараспан тауының ішіндегі омбы қармен құндақталған жалғыз қыстауды сәбидей әлдилейді. Ұйтқи соққан боран заңғар жартастардың бауырына тығылған қараша қонысты ақ көрпемен қымтайды. Заманның боран-анасы уілдеп, дүние көшіндегі жолаушыны уатып тұр. Кімді...-? », - деп өз оқырманына үлкен сұрақ қоя отырып: «Дегенмен де Кербаланың өмірі өзгенің тағдырына ұқсамайтын өзінше бір өмір-ау осы. Арпалысып жүріп қайраңға шыққанын байқамай қалыпты. Бастан кешкен ғұмырдың санадағы жаңғырығы көз алдынан елес боп көше береді. Жер-бесік зыр айналып, бауырындағы адамзатты тербетеді. Тау түкпіріндегі жалғыз үйді боран-ана әлдилейді», - деп бастайды [11,1-8]. Ал аяғында барлық шығарманың қорытындысы есебінде философиялық шешім тауып, былай аяқтайды: «Жер-бесік мынау дүниеден

жұбаныш тапқан жандарды алақанына аялай қондырып, мәңгілік қозғалыстың ырғағымен тербетеді оларды. Ананың әлдиі, боранның уілі, найзағайдың шатынаған үні, жапырақтың шуылы, бұтақтың сыбдыры, бұлақтың сылдыры – бесік жырының бір үзік әуені. Ол тағдырға табынбайды. Өмірде адам не бітірді, нені түсінді, қалай өмір сүрді?.. Әр ұрпақ өмір сүру арқылы осы сұраққа жауап іздеуі тиіс. Бүгін сол сауалға Қербала да өзінше жауап берді. Жер-бесік пен тал бесік! Өмір мен өлімнің мағынасы кімнің қай бесікте тербелгенімен сипаттала ма?! Жұмыр жер зыр айналады. Қараспан тауының қойнауындағы жалғыз қыстау да мәңгілік қозғалыстың ырғағымен өмір әлдиін тыңдайды» [11,205]. «Қар астындағы көбелек» романының басталуы мен «Жер-бесік» романының аяқталуында ұқсастық, байланыс, жалғастық бары да байқалады. «Қар астындағы көбелек» романында автор алдымен Сент де Экзюперидің «Адам – балалығына қарыздар» деген қанатты сөздерін тірек етіп алып, шығармасын балалық дәуренге саяхаттаумен бастайды: «Өткенді қайыра алмайсың. Жақсылығымен де, жамандығымен де, реніш-сүйінішімен де жүрекке сызат түсіріп, шетсіз-шексіз кеңістікке сіңіп ғайып болды. Бейнелері елеске айналып, жадында сақталады. Әкемнің өмірі – мұз астында түскен күннің сәулесіне ұмтылып, ұлы Жарық дүниеге құлшынумен өткен балдыр сияқты. Ол – ауыр ма, жеңіл ме, білмеймін, өз өмірі. Әйтеуір, бізді

тұңғыықтан алып шығып, өмір жанары – күннің құшағына енгізді. Өзінің ерте көктемде жарылып шығып, күнге саусағын жая гүлдеген бүршігі менмін. Біз тамырласпыз. Мен әкемнің өмірінен нәр аламын. Ол менің балам арқылы болашаққа сапар шегеді. Қиын да қайсар тағдырдың көлеңкесі менің де жүрегіме сызат түсірді. Әлі де бітіп, даусы қайтып үлгерген жоқ. Бүгінгі күн – менің күнім, маған бөлінген уақыттың еншісі. Өз тіршілігімнің мағынасын іздеуім керек. Ұлы өмірдің - Әке өмірінің ағысын қалай қабылдадым. Сонау балалық шағым өткен Қараспан тауының қойнауындағы жалғыз қыстауға келген осы мезгілім ішінде әкемнің тағдыры ғана емес, өзімнің де кешкен ғұмырымның қуаныш-сүйініші ескі дерттей қозғалып, жүректі сыздатты. Сүйініппін де, күйініппін де... Менің де татқан ащы-тұщы тіршілік дәмім бір ғұмырға жеткілікті екен. Менің жарық дүниенің мәні туралы берер жауабым да сол тіршілігім екен. ...Ауыр ойдан арылып, жанымды жұбатқым келіп, тау алқымындағы қызыл жартастың тұсындағы жалбыз иісі аңқыған мөп-мөлдір тас тұманың көзіне бардым. Бұрқылдай шымырлаған қайнарға ұзақ қарадым. Мөлдір судың бетінде қою қара шашты, қалың мұртты бір бейне діріл қағып өзіме қарап тұр. Жүзі анық көрінбейді. Еңкейе бердім. Мөлдір су бетіме тиді, тағы да еңкейіп, басымды тұмаға батыра түсіп, көзімді ашсам... Көгілдір су жарық сәулемен жалт-жұлт ойнап, малта тастар гауһардай жарқырап, маржан көпіршіктер шашырай жөнелді

де тұманың қайнар көзінен әлдебір саңлау ашыла кетті. Сөйтсем, мен бір биік жартастың басында тұр екем деймін... Бұл менің сәби кезім. Құшағымды ашып, жан ұшыра: «Ұшшы, ұша түс, маған, балалығым», - дегім келіп, ұмтыла түсемін... Басымды тұнық тұманың тереңіне батыра түстім. Алдымнан аңсарлы әлем бейнесі ашыла берді» [3,12]. Бұл әлем бейнесін шығарма соңында автор көбелекті символ ретінде пайдаланып: «- Сен де тірі екенсің ғой, қар астындағы көбелек. Міне, мен де аманмын. Енді уайымдама, жылы ұяңды табарсың, үлбіреген жібектей қанатыңды байқашы, сындырып алма. Екеуміз де тағдырдың суық үскірігінен құтылдық. Көбелек - ғұмырымсың ғой, ұш, жанымның жарқын тіршілігінің белгісі. «Ұш», - дедім жанарыма жас тұнып: - Қытымыр аязда сені шөпке орап, қар астына көмгенде, тіршілігіме балап ем ғой. Менің өмірім саған байланысты еді. Сен жеңдің, жарық сәуле, көгілдір кеңістік, жылылық сыйладың. Рахмет саған. Мен алысқа сапар шектім. Енді мәңгі кездеспейтін шығармыз, ұмытылармын да, ешкім де есінде сақтамас. Бірақ, қар астындағы көбелегім-ау, сен ғайып боларсың. Алайда, туған жердегі секпіл қанат рухымды сақтап ұшып жүргейсің. Біздің мейірімсіз, қамқорлығымыз жер бетінің есінде қалады, жан жылуымыз, нәзік махаббатымыз көктемгі көбелектермен, мөлдір шықтармен, бозторғайдың сайрауымен оянып, ұлы махаббаттың бастауына құяды. Жер бауыры содан жылып, дүние шешек атады. Ал, әзірше, ұш, биікке

ұш, көбелек- тіршілігім!-дедім алақанымды жазып. ...Мың-мың түрлі, мың-мың көбелек ұшып жүрді. Оның ішінде менің жанымның бір бөлшегі – қар астындағы ғұмыр кешкен секпіл қанат көбелек те бар шығар. Бұл тіршілік сайранына қатысуға, қуануға, бақытты сезінуге біздің толық еркіміз бар еді», - деп аяқтайды [3,97]. Көркем шығарманы жазудағы жазушының шығарманы бастауы мен аяқтауындағы мұндай өзіндік ерекшелігі де тұтас шығарма психологиясын жаңа қырынан ашып, шығарма психологиясы мен жеке кейіпкер психологиясын ұштастыра келіп тиімді пайдаланған. Шығармаларының мұндай байланыстылығы мен жалғастығы, идеяларының тұтастығы қаламгер әлемінің ерекшелігінде, даралығында жатыр. Қорыта айтқанда, жазушы Тұрсын Жұртбай өз шығармаларына арқау еткен шындық төңірегінде сөз етсек, қаламгердің шығармаларындағы көркемдік шындық терең сезініп, жазушы өз қатынасын білдіре отырып, өз басынан өткен немесе жақын адамдарының өмірімен тығыз байланысты автобиографиялық сипаты басым екенін байқаймыз. Кейіпкерлерінің басынан кешкен оқиғалары, сезімдері мен ой-толғаныстары, көзқарастары мен қаламгердің өз бағыты мен көзқарасының араласа берілуі арқылы шығармасының негізгі идеясын шебер жеткізе білген қаламгер өз оқырмандарын кейіпкерлерінің әлеміне, шығармада баяндалған оқиғаларға араластырып, баурап алып кетеді. Бұл шығарманың

идеясының тереңдігі мен толық жеткізе білуіне байланысты болса, ал негізгі идеяны жеткізе білу – қаламгердің де ерекшелігінде, шеберлігінде жатқанын байқауға болады.

1.2 Суреткер зертханасы

Әр шығарманың кейіпкер әлемін, кейіпкер психологиясын ашу үшін қаламгердің зертханасын жетік білген өте маңызды. Шығарманың жазылу барысын, тарихын, еңбек жолындағы кездескен қиындықтар, қандай мақсатпен жазылғандығы, көркем шығарма мен авторы арасындағы байланыс, кейіпкерін жасаудағы негізгі принциптері немесе өзіне ғана тән ерекшелігі т.б. сияқты маңызды мәселелерді біле отырып, қаламгердің зертханасына үңіле отырып, біз кейіпкердің психологиясын толық ашып, оның көркем шығарма идеясын ашудағы қызметін де анығырақ байқаймыз. Жазушы Тұрсын Жұртбайдың шығармаларындағы идеялық жалғастықтың, өзіне ғана тән стильдік ерекшеліктердің барын байқап, қаламгердің зертханасына да үңілуді дұрыс санадық. Осы мақсатпен жұмысымызды жазу барысында ойландырып-толғандырған көп сұрақтар туды.

«Шеберлік сыры неде? Ең әуелі шындығында. Сосын адам жанының диалектикасын көркемдік құралмен жеткізе білуінде»- деген пікірдің жаны бар [13,197]. Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбаймен



сұхбаттасудың сәті түсті. Халқы үшін қызмет етуге ғұмырын арнаған, ғылымға бет бұрған ағамызбен әңгімелесіп отырып, сол сұрақтардың жауабын толығымен жинақтадық.

- «Жер-бесік» романын жазуға не себеп болды? Қалам алуыңызға балалық шақтағы бастан кешкендерім әсер етті деп айта аласыз ба?- Жалпы кез келген көркем шығарманың ұйытқысы және сол талант иесінің ойлау жүйесін, қабілетін, көркем әлемін қалыптастыратын ол – балалық шақ.

«Иә, Марк Твеннің де, Эрнест Хемингуэйдің де айтқан сөзі бар: «Жазушы болу үшін бақытсыз балалық керек» - деп. Бұл сөзді кез келген өнер иесі – жазушы, суретші, әнші, актер толық түсінеді. Салынып ізденген адам жазудың әдіс-тәсілдерін, оның ішкі заңдылықтарын, шеберліктің сырын меңгереді. Сөйлемнің бастауыш, баяндауышын орнына қойып, оқиғаның басталуы, дамуы, шарықтау шегі, көркемдік шешімі сияқты тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір деңгейге де көтеріле алады. Бірақ сол көркем әлемнің ішінде бұрын ешкім сезінбеген адамның сезімі мен жандүниесі, құбылысты да құпия жаратылыс жүйкесі шүйкеленбесе, жоғарыдағының барлығы құр қаңқа, яғни фабула ғана болып қалмақ. Жаратылыстың мағынасын бір уыс жусанды суреттеу арқылы да сезіндіруге болады. Ол үшін өзіндік көркем әлемің болуы тиіс. Ал дүниені астастыра көркем қабылдау мен көркем ойлау жүйесі балалық шақтан қалыптасады. Ал бақытсыз балалықтан

артық таланттың сезіміне мағына беретін дертті ойлап табу қиын. Баланың санасы қасіреттің түбіне қалай тез шөксе, жарық дүниеге де соншалықты тез оралады. Кеңістіктің шыңырауынан тез қайтуы – балалық ұшқыр қиялдың әсері. Бірақ сол қас-қағым сәттің өзінде дүниенің жалғандығын аңғарып үлгереді. Абай айтқандай, «уайымның түбіне» түсіп кетпесе де, осы дидарғайып шақ оның жанына судың бетіне түскен көлеңке сияқты әсер қалдырады. Шынайы сезім қопарылысы тұсында жаңағы судың бетіне түскен көлеңке немесе баланың жүрегіне түскен сызат алпыс жылдан кейін де алдыңнан шығады. Мысалы, бала кезінде жүрегіңе қадалған бір шаншуы есейген кезде инфаркт болып белгі береді. Неге? Өйткені, баланың жан-дүниесіндей терең де тұңғыық әлем жоқ. Әр адамның өзінің балалық әлемінен тамыр тартқан танымына байланысты қуаныш-жұбаныш дауасы, ой түбінің тереңдігі, қиялының шарықтау аясы болады. Шығарма иесі соны танып, көркем шындыққа айналдыра білуі керек. Оған ауыр болса сол бакытсыз балалықты таланттың маңдайындағы жазмышқа теңеуіміз сондықтан да шығар. Мұны, Тағдыр, кейіпкер тағдыры деген дұрыс шығар» [14,6]. Сол бір сәттегі баланың дүниеде өлімнің бар екендігін біліп, жан-дүниесінің төңкеріліп түсіп кетуі оған мәңгілік рухани тебіреніс, шыңырау, яғни өлім мен өмірдің арасындағы коллизиясы болды. Сол коллизия, яғни жан-дүниенің шыңырауын ерте сезсе, содан адамның сезім талшықтары,

жүйке талшықтары неғұрлым ерте тебіреністе, қопарылыста болса, былайша айтса, оған бір жара түссе, сол жараны емдеймін деп әрі қарай ағзалар да ұмтылады. Ал рухани жара түссе, рухани сызат түссе, ол да адамның жан-дүниесі қалай да емделуге ұмтылады. Менің ойымша, шығармашылықтың ұйытқысы осы – жан дерті. Ол адамның сезу, әсерлену, қабылдау сезімдері мен соны жазуға жеткізудегі сезу деген дұрыс болар. Бұлар бір-біріне шүйкелесе жүйеленген жүйкедегі тістескен тамырлар. Жүрегіне ешқандай сызат түспеген бала қиялы өмірді қалай қабылдады? Өзінің келешегінің дидарын қандай сезім сәулесімен өрнектеді? «Жербесік» романын мен өзім сол үшінші-төртінші кластың көлемінде «Қыз Жібекті» оқығаннан кейін енді қалай да соны жазсам екен деген ойға бой ұрдым. «Мен үшінші класта оңашада «Қыз Жібек» дастанын айтып келіп: «Әуеден ұшқан алты қаз,

Атайың десем оғым аз.

Қонар болсаң, қона кет,

Міне, майдан, міне, саз» - деген жерге келгенде көзімнен жасым моншақтап қоя беретін. Әуеде ұшқан әр қазбен Төлеген қалай қоштасса, мен де өмірмен солай қоштасатынмын: «Төлеген өлді, бірақ оның артында Сансызбайы бар ғой. Мен өлсем, ең болмағанда артымда Сансызбайым да жоқ қой» - деп құмығып тұрып жылайтынмын. Өйткені, менің артымда бауырым жоқ болатын» [14, 6]. «Қалам ұстауға құштарлығымның қашан туғанын

білмеймін. Мүмкін мынау әлеммен, аталық-аналық мейіріммен (қиялым да солай) қоштасып, артымда Сансызбайымның жоқтығына өкініп, құмыға жылайтын түндердің бір шалығы болды ма? Мүмкін шешемнің қабірі көз ұшымда бұлдырап қалып бара жатқанда өмірдің алғашқы ащы тамшысы шым етіп жүрегіме тамып, уыты мүбәрәк жаныма жайылғанда: «Мені емес, бір жарым жастағы сәбиді – Төлеуді анасынан айырғаның не, Алла?» - деп тәңіріме шағынған шақта оянған шығар. Мүмкін көктемде Шағанның бойындағы қарағандар мен тобылғылар бүр жарғанда мынау әлем түгел гүлденіп кеткендей әсерленіп, Шыңғыс пен Машан тауларының арасындағы Сарғалдақ пен Бестамақ аңғарының аспанында қиқулай ұшқан қоңыр қаздар мен тырналардың тізбегіне қарап: «Ей, көктемгі құстар! Сендер алыс-алыс жаққа ұшып барасыздар. Көгілдір таудың ар жағында менің ғашық болған Жаңыл деген қыз бар. Төртінші сыныпта оқиды. Соған осы сәлемімді жеткізіңдерші, ақша бұлттар!»- деп «жазылмайтын ғашықтық дертіне шалдығып», шалқалап жатып ап ұйқасты-ұйқассыз тіркестерді шұбырта беретін шақта қонған шығар» [15,5]. Аспандағы қаздар мен тобылғылар да, қарағандар да гүлдеген кезде олардың жұпар иістері қандай деп сөйлей бересің. Сонда Қабыл Көшербаев деген досым бар, сол төбеге шығып жатқанда: «Айта берші, сен жақсы сөйлейсің», - деп, сөйлете беретін. Ол өлең бе? Ұйқасты ма, ұйқассыз ба, бәрі бір... «Соның белгісіндей боп отыз емес, жиырма тоғыз

жасыма дейін қағазға түскен осынау дүниелер қалыпты. Баландық та, албырттық та, әр саққа алып ұшқан қиял да, арылмайтын аңсардың да ыстық табы сақталыпты. Бірақ соның барлығында да өмірдің бір тамшы ащы шындығы мен көркем шындыққа деген ессіз ғашықтықтың бар екені анық. Тіршіліктің тынысы тынып қалатындай, ділгір күндерде жазылған «Жер-бесіктің» өзінде де маған еті жақын бір ұрпақтың жан дүние жанталасы, Шәкәрім мен Мағжанның жан азабы, алашқа деген жиырма бес жасар жігіттің аңсары жатыр» [15,5]. Менің әкемнің тағдыры да, үй ішімнің тағдыры да жалпы сол жазушылыққа бет бұрғанға дейінгі кішкентай ғана өмірім менің қар астындағы өмір сияқты. Онда ыстық та, суық та, қызық та, сүйініште – бәрі бар. Және әкемнің әңгімелері, басынан кешкен оқиғалары, сол қоғамдағы оқиғалар – соның барлығын ерекше қабылдануы да менің санама әсер еткен деп ойлаймын. Бір Құдакелдінің басынан өткен оқиғалар. Тағдырдың әр түрлі тәлкектерін көріп отыра бердік. Алтай өңірі деген жерде тұрдық, сонда бізде жиналып қалған Абай, Қарқаралы, Егіндібұлақ, Шұбар, Талды, Баянауыл аудандарының адамдары жиылған бір бөлімше болды. Сонда әлгі адамдардың, ақсақалдардың әр түрлі тағдырын естисің. Абайдың, Қарқаралының, Ақтоғайдың ұлы адамдарының тағдыры бір он бес үйден тұратын бөлімшеге топтастырылды. Осы адамдардың тағдыр тоғысы маған қатты әсер еткен болу керек. Қазір осы маған еліктеп адам болдым

деген он бес үйден үш доктор, жеті кандидат, он төрт журналист шықтық, Сол ақсақалдардың әрқайсысы академикке бергісіз еді, академиктің академигі еді. Соның ішінде Рымғали Нұрғалиевтің де әкесі бар еді. Міне, сол өткен өмір қолыма қалам алғаннан бастап жазуға тиісті нәрсе болды. Кез келген таланттың, өнер иесінің өзінің өмірбаяндық жүгі болу керек. Егер болмаса, ол оқып, үйреніп алам, біліммен аламын деу – ол көркем дүниеге жат дүние, жетім болып шығады. Мысалы, суретті керемет саласын, бірақ табиғатты білмесең, сезбесең, ол ойдағыдай шықпайды. Неге суретшілер күні-түні бір холостпен тұрады, себебі сол табиғаттың бояуларын, тағы басқасын сезіну үшін. Жазушы да солай. Алғашқы қалам алғанда бірден сол әкемнің өмірбаянын, көргенін жазу міндет болды. «Жер-бесік» романының қолжазбасында, алғашқы нұсқасында оқиға 1931 жылғы Шәкәрімнің өлімінен басталады. Ондағы ұлт-азаттық көтеріліс романда көрсетілген, бұл көтеріліс 1931 жылғы «Ақ сиырдың» көтерілісі деп аталатын. «Е, бұл қу бас нені көрмеді дейсің. Түрмесін де, түнегін де, істігін де, іштігін де көрдік қой бұл өкіметтің. Соның бәрінен маған батқаны отыз екінші жылғы ашаршылық болды....Малдың бәрін тартып алған. «Ақ сиырдың» көтерілістері бұрқылдап тұрған кез», - деп еске алушы еді әкем [16, 322]. Шыңғыс тауында өткен, ал сондағы жазықсыз жазаға ұшырайтын Кәрібоз осы Шәкәрімнің образы болатын. Артқа теңселіп жүріп, сақал-шашы

сүйретіліп, сақалы тобылғылардың басын тарап жүреді ғой, Шәкәрім де атқаннан кейін тура солай аттың белдігіне салынып, бір жағынан аяғы, екінші жағынан сақалы тобылғылардың басын тарап барып көзін жұмады. Сол оқиғаны солай жазғам. Енді осындағы Саржан деген адам - ол ақын Мағжан. Бұл оқиғаны Бауыржан Момышұлы марқұмнан 1977 жылы ноябрьде жазып алған болатынмын. Ол кісі 1946 жылы Новосибирск қаласында дивизия командирі болып жүрген кезінде вокзалда бір адамды ұшырастырады. Сұрап білсе, ол кісі Мағжан Жұмабаев болып шығады.

- Мені білмейсіңдер ғой, ұмытқан шығарсыңдар», - деген екен.

- Жоқ неге білмейміз, - деп «Шал» деген өлеңін жатқа айтыпты. Сонда ол осында Александриядамын, жүкшімін, жүк тасимын деген. Сол арада маршал Оракасовский вокзалға келіп, Бауыржан Момышұлы кетіп қалған. «Қайтып келсем, жоқ екен. Бірақ түрме бастығын танушы едім. Соған айтып едім, жеңіл жұмысқа ауыстырды. Арада уақыт өтіп, сұрап едім, сенің ақыныңды жеңіл жұмысқа почта тасуға ауыстырғам, Ангара өзені көктемде тасиды, сонда қайықпен өтем деп, қайық төңкеріліп кетіп, сонда Ангара өзенінде суға кетіп қалды деген. Мағжанға жеңілдік жасаймын деп жүріп ажалына қалдым ба деп мен осы күнге дейін қапаланамын. Ал мен өтірік айтпайтын адаммын, ол адамды көргенім рас», - деген. Міне осы оқиғаларды негізге ала отырып, романдағы ақ қайық, алыстан

көп күткен хат сияқты мәселелерді романға кіргіздіргенмін. Шәкәрімнің өлімі, Мағжанның ұлттық әңгімесі, 1937 жылы одан кейін қайтып келуі сияқты мәселелерді жазбақ болғам. Соны әкемнің өлімімен аяқтап тұрмын ғой. Менің де әкемнің өмірімен байланысының барын біліп, романға кірістіріп жазғаным да сол болар. Егерде мен оларды жеңіл роман-новелла формасында, басында повесть болатын, жазбасам, келесі шығармаға, яғни екінші кітап «Қар астындағы көбелекке», өзімнің әлеміме көшіре алмас едім. Бөгет жасап тұрар еді. Сондықтан біреуі өмірімнен тыс, яғни бірі өмірімнің сыртында болды, біреуі ішімде болған өмір сияқты. Әубастағы идея да сол еді. Роман–хикаятыңызды «Қар астындағы көбелек» деп неге атадыңыз?

- «Жер-бесікте» мен естіп білген, әке-шешемнің айналадағы оқиғалар болса, бұл роман енді менің өз тарихым. «Мен өзімнің тағдырымды қар астындағы көденің жымында құндақталып қалған көбелектің тағдырындай сезінем. Қысқы аязда күннің шуағы жақсы түссе, сол көбелек, әйтеуір, аман қалатын сияқты көрінеді. Мен де қаршадайымнан жақсы адамдардың алақанының жылуымен жанымды жұбатып өстім. Шешеміз дүниеден ерте қайтты. Елесі ғана еміс-еміс есімде. Ал қарындасым Төлеу екі жасында жетім қалды. Әкем Құдакелді бізге қарайлап өмір сүрді, тәрбиелеп жеткізді. Бұған қоса Нұрғазы сияқты немере ағамның, Түбітқан сияқты апайымның, Сәкеш жеңгемнің қамқорлығында ер жеттім. Өзгеден ырыс-несібем кем болды деп

есептемеймін. Апайым Айымханның арқасында жағам кір, киімім жыртық боп көрген жоқ. Тек жетім деген сығырай көз көңіліңнің түкпірінде сығалап тұратыны бар. Өмірдің маған берген сыйы, сөзге үйір қылған ықпалы сол күндердің күншуағы мен көлеңкесі шығар» [17,8]. Сол көбелектің тағдыры мені сан ойландырады. Соған орай «Күзгі көбелектерді көргенде» деген ойтолғауым бар еді (үзінді):

Жүргенмен қанатыңнан нұр себелеп,
Алдамшы бұл ғұмырың кімге керек?
Бақытың – жаз болғанда, тағдырың - қыс,
Қайда барып қонасың, ей, көбелек?!
Жақсылығын төксе егер тағы да аспан,
Тағдырдың алақаны ол саған ашқан.
Тіршілігің – тірлігі көбелектің,
Жалғанның жарығымен жағаласқан.
Сананың саңлауынан қанат қағып,
Бірде өшеді үмітің, бірде жанып.
Армансыз ғып табиғат бар жәндікті,
Арманды ғып жаратты бізді нағып?
Қияр ем сыбағамды бірер күнгі,
Берсең егер табиғат тілегімді.
Көбелектің орнына – қар астына,
Көміп кетсем қайтеді жүрегімді?..
Тағдырын көбелектің сұрағым кеп,
Тұрса да айта алмаймын ұнады деп.
Мың өліп, тағы да мың тірілгенше,
Үсігенің жақсы ғой бір-ақ рет.
Сол көбелек тағдырымды «Қар астындағы

көбелек» романында жазған болатынмын. Жетімдік, шешенің өлгені, жалпы өз басымнан кешкен өмір ғой. Әрине арасына қосасың. Мысалы, «Ұш, маған, ұш балалықтағы» Гүлбаршын деген образға келсек, тағдыры расында да сондай қыз болды. Бірақ ол Хасен деген адамға емес, Рақым дегенге үйленді, ал Хасен – ол ойымнан қосқаным. Соның ішінде егінге, шегірткеге байланысты оқиғалар сол өмірдің жинақталған үзіктері. «Қар астындағы көбелектен» кейін «Жол шетіндегі бала» деген шағын повесть болу керек еді. Ол көш, мысалы полигонда болған, елдің бәрі апыр-топыр көшіп жатыр, әкешесінен адасып қалған бала, жаңағы жетім бала жолдың шетінде отырып, үйін іздейді ғой, мәңгілік айырылып қалған сол баланың көрінісі. Ал «Беті тілінген тарғыл тастар» деген таза полигон туралы туынды болу керек еді. Ал одан кейін «Қалампыр», тағы солай жалғасып кете береді. Ал ең соңғы қорытынды ретінде алынатын «Болашақтың бәйтерегі» әңгімесі сол баласын ойнатып, өткен өмірдің «Бір уыс жусанын» есіне алады. Ендігі менің арманым – осы Алаш арқылы, Әуезов арқылы Алаш туралы «Жан Кристоф» сияқты, «Абай жолындағы» Абайдан кейінгі интеллигенцияның тағдырын Әуезовті «Қоңыр» деп ала отырып, роман жазу. Ең бастысы соған дайындық еді. Өкінішке орай, ол жазылмай қалды. Оның еңсесіне Әуезов туралы зерттеулер басталып кетті де, ол тереңдеп, Ұлттық азаттық рухтың идеясына айналып кетті.

- «Бір уыс жусан» элегиясының жазылу

тарихына үңілсек?

- Жаныма жара салып кеткен жағдай – қарындасым Төлеудің гүлі ашылмай университеттің төртінші курсына ақ қаннан көз жұмғаны.

Жалған-ай,

Жалғаннан көңіл қалған-ай.

Көгеріп келіп өмірге,

Көміліп кеткен арман-ай...- деген өкінішті жолдар сонда туған [17, 9].

Ал «Бір уыс жусан» дегеніміз өз қарындасым туралы, тек қиялды қосқам, себебі полигон туралы, ақ қан туралы, өлім туралы жазуға болмайды. Сондықтан да оны елеспен, элегиялық туынды етіп жазған себебім де сол. Алдында жазылған роман, повестьтерімнің жалғасы, тек түсіндірілмей қалған бір жағдай бар. «Беті тілінген тарғыл тастардың» жазылмай қалып, аурудың себебі де ашыла түспеді. Ал мұнда мен жүйелеп баяндаудан басқа ештеңе қоспадым. Жалпы менің шығармаларымдағы Тағдыр, жалғыздық, өлім – осы үшеуі бірінші мәселе болып тұрады екен.

- Шығармаларыңызда автобиографиялық сипат бар сияқты, тарқатып айтып берсеңіз?

- Иә, «Бесқарагер» атты хикаяттан басқа барлық шығармаларымның автобиографиялық сипаты бар. Жалпы өз басымнан кешкен өмір, естіп-көргенім, соларды жинақтап жазғаным ғой. Жоғарыда айтылғанның барлығы да осыған дәлел емес пе?

- Жарасты өзіңіздің, ал Кербаланы әкеңіздің толық протатипі деп қабылдауға бола ма?

- Болады. Әрине барлық оқиғалар басынан өткен емес. Ондағы кейіпкерінің сарыны, аңсары, көкейіндегі сезімі сол қалпы сақталған, бірақ оқиғалар әрине ширықтылады, қосылады. Онсыз көркем шығарма болмайды. Оның аңсарын, ішкі сағынышын, ырғағын, әке мен бала арасындағы сезімдер осы шығармаларда толығымен берілді деп айта аламын. Ал кез келген прототип ол жүз процент деп айтуға болмайды. Мысалы, «Қалампырдағы» Мекіш дейтін адам - өмірде бар және оның балалары да өсіп-өнген, Бақтажан Мекіш деген атақты адам. Кемел деген Камал, белгілі дәулетші, бір ағасы қазір Қарағандыда тұрады. Бәтима да өмірде болған, бірақ олардың арасындағы махаббат мәселесін қосу ол, әрине, шығармашылық қиял. «Түйешінің қызы» деген әңгімедегі Қаршыға – менің сыныптасым. 8-сыныпта маған жазушы боласың, мен туралы әлі атымды атап тұрып шығарма жазасың деп бәстескенбіз. Бұл әңгіме – сол бәстіктің көрінісі. Мысалы, «Жер-бесік» романының ішіндегі Тоқмет қажы деген кейіпкер бар. Кішкентай аш бала мен тоқал арасындағы қатыгездікті көрсеткен бір оқиға – менің туған апайым Айымханның басынан өткен оқиғасы болатын. Ал «Қар астындағы көбелектегі» Хасен – ата санаған немерем ғой, сондай күйші, сыбызғышы болатын. Бұл өткендер көңілімде жара, мұз боп қатып тұрды, соларды жазушылық арқылы жеткізгенім ғой. Бір қызық оқиға бар. Оқиға тосын басталады да, ертегі сияқты болып кетеді. Жігіт ауыл сыртына келіп, қызды алып қашатын

оқиғаны кіргізіп жазғанмын, осы оқиғаны маған 1964 жылы Қарқаралыда атақты Бектоғай деген аңшы айтып берген. Соны мен бір ертегілік сипат сияқты, тосын оқиға сияқты пайдаланғым келді. Ал кейін осыған рецензия жазған Ақселеу Сейдінбеков бұл Мұқан Ахметбековтің «Қарға» деген дастаны, соның сюжеті деді. Сол «Қарғаны» 2000 жылдары оқып шығып, расында сол оқиға «Қарғанын» оқиғасы екен. Және де сол оқиғаны Бектоғай, өзі қыдырмашы адам, бұрынғы жортуылшы ғой, соған өз әңгімесін айтқан. Бұл жеке очерк болды, сосын әңгіме, кейін романға кіргізілді. Осындай бір өткен өмірдің жаңғырығы сияқты болды да қалды.

- Осында қоса кетер тағы бір сұрақ, Жарас пен Кербаланы сомдауда типтендіру, жинақтау сияқты әдеби тәсілдер байқала ма?

- Өмірлік шындық пен көркемдік шындық деген бар. Қаншалықты мен өмірімді айтып отырмын десем де бұл көркемдік шындық. Ал көркемдік шындық дегеніміз – мың шындықтың ішінде сүзіліп алынған біреуі ғана. Көркем шындықты мен ең жоғарғы және абсолюттік шындық деп есептеймін. Міне осы өмірдегі мың шындықты уатып жіберіп, судай сапырып, біліндірмей жіберген шындық – осы көркем шындық. Сол өмірдің шындығындай қабылданатын болса, онда жазушының сол тақырыпты игергендігі. Әдеби заңдылықтар жазушы үшін керегі де жоқ. Оқиғаны былай бастаймын, былай аяқтаймын, былай қаратамын дегендей алдын-ала жоспарланған болса, ол көркем

туынды болмайды. Әлгі жалған шындық деген сол. Ол өзінің сол болмысымен жаңағы шығармада қорытылып кету керек.- Кейіпкерлер әлемін жасауда сіз алдыңызға қандай мақсат қойдыңыз?

- Тағдыр, соның ішінде менің өзіме бетпестел келген тағдыр. Содан кейін адам бойындағы жан-дүниесіндегі бір тебіреністер. Мысалы, бар болмысты тек бір уыс жусанмен де суреттеуге болады. Бір түп жусан арқылы екі бет қана мықты дүниені жазып, оның ішіне бір романның идеясын да жеткізуге болады. Мәселен, сол бір түп жусанның адам тағдырына, дүниеге деген тебіреніске баулып ала кетуінде. Мысалы, Мұхтар Мағауиннің «Қарағаш-Қосағаш» деген шағын әңгімесі бар. Маған сол бүкіл адамзаттың тарихы сол ағаштың тағдырында тұрған сияқты. Жазушылық деген осы. Тағдыр. Мысалы, «Қар астындағы көбелекте»: «Мен сені мың-мың миллион жылда сағынып кеттім» деп сол жылда күтусіз, иесіз қалған от жағып жүрген баланың тағдыры бір ауыз сөзбен сезіндіреді. Және сол оқиғаларды басынан кешкендігінде. Сондағы ақ бүйрек тайынша менің балалығымда болған. Жылда еркек бұзау туады, соны жылда жүгендеп, ертоқымдап, оны көкпар тартып жарысатынмын. Әрине мұнда мұңлылау болып шықты. Жеңіл жазылуға тиісті нәрсе еді, неге екенін білмеймін, алғашқыда жеңіл жаза бастап едім, кейін «Жабайы алма» сияқты туындылардан кейін ауырлай түстім, дүниені бір басқаша түсіндім. Олай жазбасам, жаза алмайтын едім, сондай бір әлемге түсіп кеттім.

Сол шығармалардың ішінде толық жазушылықтың барлық тәртібі сақталған және назар аударарлық шығарма - «Бесқарагер» деп ойлаймын. Сонда жазушылықтың үлгісі бар деп санаймын. Мүмкін менің жаңадан басталып кеткен деректі прозаның да бастаулары осында жатыр ма екен?

- «Жер-бесікте» Жарастың балалық шағы, «Қар астындағы көбелек» романында Жарастың сол өмірінің жалғасы, «Бір уыс жусан» туындысында есейген шағы бейнеленген. Жарастың кейінгі өміріне байланысты туынды жазу жоспарыңызда бар ма?

- Кез келген туындының аяғы болады. Менің ойымша, ең соңғы қорытынды болып саналатын туынды - «Болашақтың бәйтерегі» әңгімесі. Баласын ойнатып, өткен өмірді есіне алады. «Болашақтың бәйтерегіндегі» Сұңқар – менің ұлым. «Болашақтың бәйтерегінде» бір үміт, тек болашаққа деген үміт бар. Осымен аяқталатын шығар. «Мұрны пысылдай, уайым-қайғысыз ұйықтайды. Кенет түсінде күрсініп, өксіп қоя берді. Жүрегім инемен сұғып алғандай шаншып, тұла бойым шымырлады. Таңертең түсінде күліп еді, міне, кешқұрым өксіп жатыр. Бұл оның тұңғыш күрсінуі, өксуі. Ал алда қаншама ойын, күлкі және өксік күтіп тұр, білемісің, ұлым. Ол – сенің өмірің. Өмірге келген соң күлу де, жылау да парыз. Тек ең басты медетің – мақсатың, жан дүние тазалығы болсын. Сен – менің еккен бүрі ашылған, солқылдаған көк шыбығымсың. Ертеңімнің, болашағымның бәйтерегісің.

Түсінде, мүмкін, өксірсің, ал өңінде өксіме. Түс деген – алданыш, алданыш қой, қарағым, алданыш...», - деп, болашағының бәйтерегі – ұлы Сұңқарға артқан үлкен үмітпен шығарма аяқталады [15, 44].

- Авторлық идея шығармаларда толық көрініс таба алды ма?

- Менің ойымша, өзінің идеясын толық бір шығарма бойына сыйғызып бердім деп әлемде қанша ұлт болса, сол ұлттың ішінде бір адамның маңдайына бұйырған шығар. Ұлы адамдардың сыбағасы емес, Гете, Абай, Пушкин сияқты дана адамдардың сыбағасында, ал Мағжан, Мұқағали, Байрондардың маңдайына жазылмаған. Бүкіл идеяны Абай, Пушкин, Гетеден табуға болады. Олар – дара. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында адамзатта қандай жақсылық бар, қандай идея бар - бәрі Абайдың бойында жинақталған. Бірақ соның өзі М.Әуезовтің өзінің авторлық идеясын толық жеткізді деп айта алмаймын. Сондықтан ондай идеясы толық көрініс тапқан көркем шығарма некен-саяқ, аз. Мен өзім М.Әуезовтен басқа, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романынан басқа өзінің идеясын толық жеткізген қазақта шығарма бар деп есептемеймін. Мысалы мен «Жербесікте» 1931, 1932, 1934, 1937, 1951 жылдарды жазып отырмын, ал еріксізден Рымғали Нұрғали «сен сотталып кетесің, кітабын шықпайды», - деді де, 1931 жылғы барлық оқиғаны 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ауыстырдық. Ал ондағы

Саржан ақын 1916-18 жылдардағы алашорданың қайраткері болып жүр, ал оқиға совет өкіметі орнап, оған қарсылық кезінде жазылған. Бірінші оқиға 1937 жылмен аяқталған, осындай өзгерістерге ұшыраған. Тағы айтарым, менің романым шығатын кезде Мейрам Астынғазин деген досым болды. Жаны ашып тұрып, бар көмегін көрсетті. Егер ол редакцияны басқарып тұрмаса, онда «Жер-бесіктер» қайдан шықсын. «Мынаның бір-ақ жерін өзгертсең шығарта аламыз. Соңында кейіпкерді өлтірме», -дейді. Мен келіспей шығармаймын деп едім, болмай ақырында бәрін салыстыра келгенде, бір ғана сөзде тұрғаны. Романда кейіпкер не өлгені, не өлмегені анық айтылмайды, бірақ жанарын ашты деп аяқталады. Ал түп нұсқада ол кейіпкер соңында көз жұмады. Ар жағында «жетім күйінде жер басып аттанды, жетімнің ізі қалды» деген сөздер кетеді. Барлық шығармаларымда өмір мен өлім күресі, тағдыр баяндалса, «Болашақтың бәйтерегінде» бір үміт, тек болашаққа деген үміт бар. Жалпы идеяның толық берілуі өте қиын. Егер бір шығарма бір идеяға қызмет етсе, соғұрлым мықты болып шығады. Бір шығармада бірнеше идея болса, ондай шығарманы қалай жазады?

- Кейіпкерлердің антропологиялық келбетін жасауда ұстанған принциптеріңіз болды ма?

- Яғни портрет. Портрет деген – шартты ұғым. Портрет дегеніміз – образды ашатын дәнекер. Әсерді үстемелеу үшін қажет. Бұл жалпы прозаның кемеліне келгенше, көркем шығармаға назар

аудару үшін қолданылады. XX ғасыр басында Еуропалық проза одан құтылды, одан кейін сүйкімді суреттесе жағымды, сүйкімсіз суреттесе жағымсыз кейіпкер деген мәселе қалды. Орыс прозасында XX ғасырдың 50-жылдарында арылып бітті, портреттік ерекшеліктер деген жоқ, өкінішке орай қазақ әдебиеті XXI ғасыр басында енді-енді арылып келеді. Ал кейіпкердің келбетін мен табиғи қалпында суреттеуге тырыстым.

- Осындай ірі туындыларды жазуда қандай қиындықтар болды?

- Творчествоның өз қиындығы болады. Жалпы алғанда ол – шындықты жазу болды. Соның салдарынан «Жер-бесіктің» оқиғалары өзгеріп кетті, тіпті «Беті тілінген тарғыл тастардағы» полигон туралы ауыз аштыртпады. Бірақ сол кезде де «Жапон шалдың өлеңі», «Херосима» деген өлеңдерім кітапқа шықты. Бірақ ол «Херосима» емес, «Шыңғыстау дегелеңі» деген өлең еді, «Шалдың өлеңі» дегенді «Жапон шалдың өлеңі» деп алдық. Баласы ақ қаннан өлген. Бізде қаншама жақын, таныс, достарымыз осы ақ қаннан өлді. Тіпті қарындасым да осы аурудан көз жұмды. «... шығармаларымның әрқайсысы екі реттен баспа терімінен қайтты. Ең соңғы бесінші хикаят болып табылатын «Қалампыр» атты тарауды жазып, «көлеңкелі мұңлы өмірге» сәуле түсіргім келді. Ол амалым да алдыңғы «Ұш, маған, ұш, балалығым» мен «Қар астындағы көбелекті» құтқармады. Көркем шындықтан күдерін үзген жазушы өмірлік

шындыққа негізделген рет саны бойынша «Жол шетіндегі бала» деп аталатын үшінші, «Беті тілінген тарғыт тастар» атты полигондағы сынақты басынан кешкен өспірім туралы төртінші хикаятты жазудан бас тартты» [18,5]. Творчестволықтан кейінгі қиыншылық осы, шындықты жеткізу. Үшіншіден, өз басымдағы творчестволық қайшылық, жүйке басымдағы қайшылық. Менің алғашқы екі кітабым да «Жүрегімде жұмыр жер» (1980), «Қоңыр қаз» (1978) атты поэзиялық өлеңдер жинағы болды. Одан кейін көркем проза жаздым, сын жаздым, көркем очерктер жаздым, жазудың қанша жанры бар, мен соның бәрінде жұмыс істедім. Бәрі де белгілі бір дәрежеде, белгілі бір деңгейде қолымнан келді. Мүмкін мен осы жанрдың біреуін ғана таңдап, мысалы поэзияны жазып кетсем, мен ешкім қайталамайтын бір із қалдырар едім. Прозамен кеткен кезде, онда да прозаны үлкен бір дәрежеге жеткізер ме екенмін? Өкінішке орай деректі прозаны қуып кеттім. Ол – Алаш идеясы. Осы жан-жақтылық менің бойымдағы қабілетімді аяғына дейін ашуға мүмкіндік бермеді. Ішкі сезім қайшылықтары – мен үшін үшінші қиындықтарың бірі болып табылады. Қысқаша айтқанда, біріншіден творчествоның өз қиыншылығы; екіншіден, шындықты жаза алмау; үшіншіден, жанрлық ұстамдылықтың болмағандығында, біреуін ғана ұстау керек еді.

- Өзіңіздің бір кітабыңыздың алғысөзінде: «Ойымды көркем жеткізе алатындай жазу қабілетін

бергені үшін тағдырыма ризамын» - депсіз... Және өзіңіз айтқан проза мен өлеңдер, өзіңіз кітаптың алғысөзінде жазғандай, отыз жасыңызға дейін ғана жазылған дүниелер. Ендеше сіздің журналистикадан, көркем шығарма жазудан бас тартып, ғылым жолына бет бұрып кетуіңізге не себеп болды?

- «Адамның өз тағдыры өз қолында» дейді ғой. Бірақ оған сыртқы әсер де ықпалын тигізбей қоймайды. Жалпы ғылымға келуімнің өзі тосын жағдай. «Қилы заман» туралы «Бейуақ» деген кітабым шыққаннан кейін Мұхтар Әуезовтің қызы – Ләйлә Мұхтарқызы шақырды. Мекемтас Мырзахметов ағамызды ықтап есіктен кіріп, енді отыра бергенімде: «Тұрсын Құдакелдіұлы, менің сізге үлкен өтінішім бар. Егер Әуезовтің аруағын сыйласаңыз, өтінішімнен бас тартпаңыз!» - деген бір ауыз сөзі менің өмірлік арманымды өзгертіп жіберді. Одан қалай бас тартасың? Кім Әуезовтің аруағын аттап кете алады? Сөйтіп, Әуезов музейіне келдім. Бірақ соның барлығында да мен жалған іспен айналысып жүрген сияқты болып көрінемін. Көркем шығармадан қол үзген күні мен өзіме ең қымбатты арман-мақсатымнан қол үздім. Қазір де көркем дүниеге аңсарым ауып, кеудем қызып, ойым құмығып кетеді. Сондайда өзімді мағынасыз ғұмыр кешкендей сезінемін. Бағын бәйгеде сынамаған жүйрік сияқтымын. Әлде «мисыз» болып тұмағаннан ба екен? Жасырып қайтейін, әлі де еркін көсіліп бір шығарма жазғым келеді.

Сен айтып отырған жиырма төрт пен жиырма тоғыз жас аралығында жазылған шығармаларым өзімнің алғашқы қадамым, байқауымның бірі болатын. Соның ішінде де ескере жүретіндей бір-екі дүние бар екен, оған да шүкіршілік. Екіншіден, мен бұл салаға, енді қазір айта беруге болады, белгілі тұлғалардың ықпалымен келдім. Сол ықпалдың нәтижесі жуырда шыққан «Ұраным – Алаш» атты кітабым деуге болады. Бірақ бұл Алаш тақырыбына кездейсоқ келдім деген сөз емес. Мен жасымнан алашшыл боп өстім. Оқып жүрген кезімде сол үшін мектептен «уақытша сынақ үшін» шығарып жібергені де бар. Әуелі әдебиет сабағында, содан кейін әдебиет үйірмесінде: «Абай жолындағы» Әзімхан образын М.Әуезов неге жағымсыз кейіпкер етіп суреттеген? Әзімхан - Әлихан Бөкейханов па? Ол халқына, ұлтына жаны ашыған тұлға еді ғой. Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуінде» Ахмет Байтұрсыновтарды, Әлихан Бөкейхановтарды неге сүйкімсіз етіп көрсетеді? Олардың жаны қазақ үшін күйіп жүр ғой...», - деп пікір-таласын ұйымдастырып, ақыры мектептен шығып кеткен кезім болды. Бұл сегізінші-тоғызыншы класта оқып жүрген кезім. Кейін университеттің екінші курсында ұстазым, профессор Хайыржан Бекхожин: «Менің қазақтың үлкен адамдарының алдында борышым бар еді. Сені солардың мұраларымен таныстырып кетейін. Ал көркем сөзді кейін де жаза жатарсың», - деп ұлттық кітапхананың арнайы құпия қорына алып барды.

Тарихшы профессор Мұсатай Ақынжановтың қызы, марқұм Нұрболат Масановтың шешесі Сәуле апай жұмыс істейді екен. Сол кісінің арқасында мен үшінші курста құпия мұрағаттағы Алаш ардагерлерінің мұраларымен толығымен танысып шықтым. Соның нәтижесінде Олжас Сүлейменовтің сұрау салуымен 1987 жылы Жоғары сотта «Алашорда» қайраткерлерінің ісін қайта қарағанда әдеби сарашы болдым. «Ұраным – Алаш» атты кітабымдағы тергеу деректері сонда жинақталды» [14,6].

- Қағаз бетіне түспей немесе баспаға ұсынылмаған шығармаларыңыз бар ма?

- «Беті тілінген тарғыл тастар», «Жол шетіндегі бала» бес беттік әңгіме болса да, деректі проза ма, дерексіз проза бола ма, әйтеуір өзімен-өзім отырып, арылып соны жазғым келеді. Мен өзімді көркем шығарма арқылы аңсарымнан арыла ақтарыла алдым деп есептемеймін. Көркем шығармаларымның барлығы 23-29 жас аралығында жазылды. Бұл – жас қиялдың буы. Одан кейін алаш идеясының дертіне шалдықтым. Р.Ролланның «Жан Кристоф», Д.Лонданның «Мартин Иден», М.Әуезовтің «Абай жолының» жалғасы ретінде роман жазу туралы ой бар еді. Кейінгі мақсатым – Алаш интеллигенциясының тағдырын жеткізу болатын. Енді оның барлығы орындалмаған мақсат боп қалды. Ал ондағы идеяны «Бесігіңді түзе!..», «Бесігіңді аяла!..», «Бесігіңді ұмытпа!..» атты әфсаналарда айттым-ау деп есептеймін. Идея жетті,

бірақ көркем шындық қалып қойды.

- Кітабыңыздың алғысөзінде «Аңғал да қарапайым шындық» деген әдебиеттің бір жазу тәсілі деп көрсетесіз. Бірақ бұл сөздерді бір емес, бірнеше жерде қайталап айтып, сіз оқырмандарыңызға басқа бір дүниені көбірек мегзейтін сияқтысыз?

- Менің айтып отырған натурализмім. Ол ХІХ ғасырда басталған, қазақ прозасында да бар. Натурализм дегеніміз өмірді сол өз қалпында әсерлеусіз суреттеу. Өмірде қалай болса, оны көркем әлемде де солай суреттеу. Ал аңғал дегеніміз – ол табиғи болғандықтан да аңғал-саңғал, ешқандай сенің көркем еркіне бағынбайды, сол табиғатында қалай болса, тура солай берілуінде. Оған сыртқы дүниенің қатысы жоқ. Мысалы, «Қар астындағы көбелектегі» кішкентай балаға өзінің сол кішкентай әлемінен басқа ешқандай әлем әсер етпейді. Өзінің ғана әлемі. Өзі де қорғансыз, өзі де жалаңаш, бүкіл әлем соған ғана қатысты қар астындағы көбелектей өзінің ғана әлемі және де ол тек өзіне ғана қатысты, сыртқы дүние ешқалайда әсер етпейді. Бала үйге келсе де, жылытатын ошақ жоқ, қар астындағы көбелек сияқты. Сол аязда қалған жетім бала, жүгіріп барып қар астындағы көденің жымында құндақталып қалған көбелектің тағдырындай құрай арасына тығылады, анадай жерде тұрған үйіне «халық жауының үйі» деп кіргізбейді. Бұл - өмірдегі шындық.

- Кейіпкердің «мені» мен жазушы «мені»

арасындағы қарым-қатынас қандай?

- Өте күрделі құбылыс. Екеуін екі бөлек қарастырсаң, ол екеуі екі түрлі әлем. Өмірлік шындық, көркемдік шындық деген бар. Кейіпкердің «мені» – көркемдік шындықтың «мені», жазушының «мені» - өмірлік шындықтың «мені». Жазушы кейіпкерін өзі қолдан жасап отыр. Жазушы кейіпкерді өзі өмірге әкеліп араластырып отыр. Міне, жазушының ұсынылып отырған шындығы ол - жазушының «мені». Сол жолда кейіпкер қалай дамиды, содан жазушының «мені» кейіпкердің «меніне» айналады. Кейіпкердің «мені» ол әлгі шындықтың ішіндегі жазушының жан сыры деп ұғуға болады. Қимайтын жан сырын ғана кейіпкерінің «меніне» береді, сүйіктісіне айта алмайтын өте нәзік шындықтарды ғана кейіпкерлерінің «меніне» қиып тұрып жеткізеді. Екі «мен» де бір «мен». Қос көріну, адамның екіге жарылуы дейді ғой, міне осы. Бір адам өмірде заңдылықтармен өмір сүреді, бірақ ойы-қиялы мүлдем басқа болатын сияқты құбылыс.

1.3 Кейіпкер психологиясы және тартыс табиғаты

Көркем шығармадағы психологизмді біз жоғарыда тікелей кейіпкер психологиясымен тығыз байланыста қарастырған едік. Енді кейіпкер психологиясы жалпы шығарма психологиясына, шығарма идеясына қалай әсер етуі мен оның негізгі

қызметіне тоқталғанымыз жөн. Әрине, әр жазушы кейіпкерінің ішкі жан әлемін ашуда әр түрлі көркемдік тәсілдерге жүгіне отырып, қайталанбас кейіпкерді дүниеге әкелуі белгілі. Және олардың бәрі де өзінше қайталанбас, ерекше психологиялық стиль қалыптастыратыны да анық. Ал енді жалпы психологизмді біз қай тұрғыдан қарастырғанымыз жөн? Себебі, психологизм бірде категория, енді бірде тектік белгі, бірде көркемдік тәсіл, бірде құбылыс, бірде бағыт деп қолданыс тауып жүр. Бұл мәселе туралы Гүлзия Пірәлиева өзінің «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» атты еңбегінде мынандай пікірін айтады: «Осылардың бәрінен шығар бір түйін – психологизмді көркем әдебиеттегі бірнеше бағыттар мен бейнелеу тәсілдерін құрайтын, әр түрлі ұғым-түсініктерді топтастыратын көркемдік жүйе ретінде қарастырған жөн секілді. Өйткені, жалпы адамның жан дүниесін бейнелеу барлық жанрдағы шығармаға тән құбылыс.

«Психологизм тек көркемдік жетістігі жоғары, шығарманың эстетикалық әлемін кейіпкердің ішкі жан дүниесін тереңдей талдап, тану арқылы рухани құндылық деңгейіне қол жеткізетін психологиялық прозаға тән көркемдік талап. Психологизм екі түрге бөлінеді. Бірінші, кең мағынадағы психологизм (универсальное), бұл барлық әдеби шығармаға тән. Екінші, тар мағынадағы (узкое) психологизм, жеке адам тағдырына тереңірек үніліп, рухани әлемді егжей-тегжейлі бейнелеуге ерекше көңіл бөледі» [1, 3-4]. Демек, психологизм шығармадағы жеке

кейіпкер психологиясынан бастап кең мағынадағы шығарманың жалпы психологиясына ауысып, толық психологиялық прозаны қамтитын күрделі құбылыс деп те айтсақ қате болмас. Олай болса, психологизм дегеніміз – шығарма кейіпкерінің ойы мен іс-әрекетінің кереқарлығы, жан дүниесінің «ішкі дауылы», сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе. Бірақ әдеби психологизмнің бір ерекшелігі сонда, тіпті автор мен кейіпкердің ой-толғаныстары мен ой ағымдары, сана қақтығыстары қайшылыққа толы, қарама-қарсы көзқараста болса да, шығармадағы жүйелілік қайтсе де сақталады, бір жүйеден ауытқымайды. Біз қарастырып отырған қаламгер мен оның көркем шығармалары арасында мұндай жүйелілік жақсы сақталған. Себебі, психологизмнің өзіне тән көркемдік әлемі, яғни поэтикасы бар.

«Ең біріншіден, психологизмнің бейнелеу тәсіліне /прием/ психологиялық талдау /психологический анализ/ мен өз-өзін талдау /самоанализ/ жатады. Психологиялық талдауда бейтарап /үшінші жақтан/ баяндаушы әңгімелесе, өзін-өзі талдауда көбіне бірінші жақтан баяндалады. Десек те, психологизмнің ең алдыңғы қатарда тұратын тәсілі – ішкі монолог. Жалпы шынайы көркем туындыға тән өмірлік шындықты көркемдік тұрғыдан нанымдылықпен бейнелеп, тануда, шығарманың эстетикалық әлемін айқындауда әдеби психологизмнің атқарар ролі зор» [1,8].

Міне, бұл әдеби құбылыс Тұрсын Жұртбайдың

шығармаларында байқалады. Жазушы көбінесе бірінші жақтан баяндау немесе өмірлік шындықты көркемдік тұрғыдан нанымдылықпен бейнелеу арқылы өз шығармаларының ерекшелігін танытады. Адам табиғатына тән жұмбақ жаратылысты, ой мен сезім арасындағы қайшылықтарды, көп қабатты қалтарыстар мен іс-әрекеттердегі күтпеген құбылыстарды қадағалай зерттеу – психолог жазушының төл міндеті. Адам жанын жете әрі тереңдей зерттейтін адамтану ғылымы, сөз өнері А.Байтұрсынов анықтап берген үш негізге сүйенеді: «1.Ақылға. 2.Қиялға. 3.Көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, толғау» [19,27]. Осы аталған үш негіз – адамның жан жүйесін санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі. Кейіпкердің ақылы, қиялы, көңілі терең зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес екені белгілі. Осы қағидаларға толық жауап беретін кейіпкер психологиясын жан-жақты толық бере алған қаламгер шеберлігін тек жазушының өз кейіпкерлерімен тығыз байланыстылығын байқатады. Ал жазушы Тұрсын Жұртбай мен оның шығармаларындағы кейіпкерлер арасында өте тығыз байланыс бар екенін байқау қиын емес. Себебі, әр кейіпкерінің көңілі мен көзқарастарын, ішкі әлемі мен ішкі ойын шебер бере алған

автордың өз кейіпкерлерімен жақын, тығыз қарым-қатынаста болғанын байқауға болады.

«Әдебиеттегі психологизм – динамикалық, аналитикалық және синкреттік болып бірнеше түрге бөлінеді. Бұлардың бәрі көркем шығармаға тән тәсілдер. Сол себепті де психологиялық прозаның басқа жанрлардан қандай айырмашылықтары бар деген қарапайым сауал туары сөзсіз. Психологиялық шығарманың өзіне ғана тән жанрлық, көркемдік, стильдік ерекшеліктері: Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып, идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді. Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады. Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды» [1,10].

Қаламгер мен оның кейіпкерлері арасындағы байланыс та, көзқарастары мен ішкі өмірі, жан дүниесі де Тұрсын Жұртбайдың шығармаларында ең алдыңғы орындағы мәселелер деп те айтуға

болады. Бұл ерекшелік қаламгердің барлық шығармаларында дерлік көрініс тапқан. Жазушы Тұрсын Жұртбайдың шығармалары бір-бірімен тығыз байланыста деуге де болады. Ал әр шығармасының бойында біз кейіпкердің бастан кешетін азапты тағдырын оқи отырып, басты кейіпкердің осы қиындықтарға төзе біліп, күрделі тұлғаға айналуын байқауға болады. Кейіпкердің өсу сатысы негізгі психологиялық шығарманың жанрлық, стильдік ерекшелігімен ашылады, ал оны жеткізуде көркемдік бейнелеу құралдарының – ішкі монолог, монолог, ойлау, қиялдау, ой-түйсік, ес, еске алу, елес, елестету, түс-сандырақ, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі талдау т.б пайдаланылады. Алайда, көркем туындыдағы бұл категориялар әдеби тұрғыда көркемдік тәсілдер, адам жанын талдаудың таптырмас құралы ретінде қарастырылса, жантану ғылымында адамның жан жүйесінің заңдылықтарын зерттейтін категориялар болып табылады. Сондықтан да көркем шығармадағы өмір шындығының ең жоғарғы эстетикалық әлемі мен рухани құндылық деңгейі психология заңдылықтарымен сабақтас болады.

«Әрине, осы психология (жантану) ғылымына тән терминдер мен ғылым зерттейтін адам психикасындағы құбылыстар, тіпті оларға тән категориялар, теориялық түсініктер, көріністер көркем әдебиеттегі әдеби психологизм, психологиялық талдау тәсіліне, жалпы психологиялық прозаның көркемдік әлеміне тікелей

қатысы бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Б.Майтанов «...психологизм – психологияның әдебиет ордасындағы тұрақты елшісі, көркемдік әлемнің жұлын-жүйесі», - деп тегін айтпаса керек. Психология ғылымы зерттейтін категориялар сөз өнері өкілдерінің де адам психикасын танытудағы көркемдік құралы екендігі сөзсіз. Олай болса, психологиялық прозаның көркемдік әлемін кеңейтіп, оның өзіне тән бейнелеу құралдарын айқындап, жазушылардың адам психикасын суреттеудегі түсінік, талғам-танымдарын, кәсіби шеберліктерін шындап, байытатын психология ғылымындағы категориялар деп ойлаймыз. Атап айтсақ, интроспекция - өзін-өзі бақылау, ес – адам тәжірибесін есте тұту, сақтау және қайта жаңғырту жолымен бейнелендіру, естің негізгі процестері – есте сақтау, қалдыру, ұстау, тану және қайта жаңғырту, елес, елестету, аффект – қысқа мерзімді, бұрқ етпе, өте күшті эмоциялық реакция тағы басқа да толып жатқан эмоция мен сезім, денедегі түрлі құбылыстардың психологиялық ерекшеліктері / келбет бітімі, көз әлпеті, беттің ым-ишарасы т.б./, ойлау, қиял формалары, түс көру, көз байлау, сандырақтау секілді жан талдау ғылымының ұғым-түсініктері сөз өнеріндегі әдеби психологизмнің зерттейтін негізгі объектілері, көркемдік бейнелеу құралдары болып табылады» [1,13].

Мұндай көркемдік бейнелеу құралдар кейіпкерді сомдауда үлкен жетістіктерге жеткізері де сөзсіз. Көркем шығармадағы психологизмнің

табиғатын танытар: «Психологиялық талдаудың тәсілдері сан алуан, - деп атап көрсетеді. Л.Гинзбург, атап айтсақ, автордың өз толғаныстары немесе кейіпкердің өз-өзін талдауы, рухани әлемді бейнелеудің жанама тәсілдері – бейвербалды ишараттар, сыртқы қимыл көріністері т.б. бәрі автордың аналитикалық талдауы арқылы беріледі. Олардың ішінде кейіпкердің ішкі монологы, ішкі сөзі ерекше орын алады» [20,33].

Демек, автордың өз толғаныстары немесе кейіпкердің өз-өзін талдауы ішкі монолог, ішкі сөз, сана тасқыны, түс көру секілді аналитикалық принцип арқылы берілсе, рухани әлемді бейнелеудің жанама тәсілдері – бейвербалды ишараттар, сыртқы қимыл көріністері, көркемдік деталь, заттық әлем, психологиялық орта т.б. секілді динамикалық принцип ретінде көрінеді.

«Психологизм әдебиеттегі адамды аналитикалық және динамикалық принцип тұрғысынан зерттеу болып табылады. Аналитикалық принципке ішкі монолог, ішкі диалог, сана тасқыны, ой мен сезім, іс пен әрекет қақтығысы, түс көру, сандырақтау, ессіздік т.б. секілді ішкі рухани әлемді тереңдеп талдайтын көркемдік тәсілдер жатса, динамикалық принципке көбіне сыртқы психологиялық құбылыстар – ым, ымдау, емеурін, бейвербалды ишараттар, дене қалпы /поза/, т.б. секілді қимыл-қозғалыс көріністері жатады» [1,177].

Енді осы тәсілдерге тоқталып, олардың шығармалардағы көрінісіне көз жүгіртсек.

«Әсіресе психологиялық талдаудың күрделі де көрнекті көркемдік тәсілдері – түс көру және сыртқы қимыл көріністеріне, оның ішінде тек қана бейвербалды ишараттарға, сондай-ақ заттар әлеміне ерекше назар аударылып, ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалады» [1,15].

Демек, психологиялық талдаудың көркемдік тәсілдерінің бір түрі – түс көру. Түс көру – әдеби, өнер талпыныстарында әуел баста бейсаналы түрде пайда болып, кейінірек өзіндік мазмұнға ие болған көркемдік тәсіл. Көркем шығармада түс кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан нанымды әрі дәл беру үшін пайдаланады. Түс көру тәсілі құпия қалтарысы мол ішкі жан дүниеге тереңдей еніп, кейіпкердің күрделі де жұмбақ табиғатын ашудағы, оқиға шешімін табудағы, жазушы шеберлігін танытудағы тиімді тәсіл ретінде қарастырылады. Қаламгер Тұрсын Жұртбай өз шығармасында бұл әдісті тиімді пайдалана білген. «Түсінде Зарқұм ақ бұғы жеккен, ақ тонды шана-көшті көрді. Қуана алдынан шығып, айғай салды. Мұны көрмеді ме, әлде даусын естімеді ме, дәл жанынан зулатып өте шықты. Соңынан жүгіре-жүгіре өкпесі күйіп, буын-буыны талып, омбы қарға құлап түсті. Қарға басы кептеліп қалған екен дейді. Булығып жатып оянып кетті», - деп «Жер-бесік» романында Кербаланың Рысқаннан қалған ұлы Зарқұмның түсін бір балалық пәктік пен әкесі қиялдан айтқан ертегіге сенімділіктің белгісі ретінде көрсеткен [11,122]. Әкесі мен баласы арасындағы сенім мен махаббат

осы түс арқылы өрбіп, кейін шығарманың негізгі кейіпкері Кербала бұл түстің шешімін былай деп түйеді: «Ақ қайық ынтызар тілегіне, ізгіліктің белгісіне айналды. Кейіннен ол ертегіге ақ бұғылы аппақ шана қосылды. Шынында да, ол ертегі ме? Жоқ, өмір ертегісі ғой...», «...Мынау хат – олар зарыға аңсаған ақ құс қой, ақ құс! Бала қиялын қанаттандырған, сәби жүрегін жұбатқан, мұңлы ойға үйірілген әсем ертегідегі ақ көгершін, құтты құсы – осы хат емес пе» [11, 123,145]. Кербаланың соғысқа кеткен ұлынан зарыға күтіп жүрген хабары мен балалық шағында Зарқұмның күткен ақ құсы мен ақ қайығы бір үндестік тауып, бір көркемдік шешімге келеді. Психологиялық сөздікте түске мынандай анықтама берілген: «Түс көру – жеке адамға тән табиғи психологиялық құбылыс. Түстің мағынасы мен эмоциональдық бояуы түс көрушінің тұлғалық ерекшелігіне, сол сәттегі жағдайына тікелей байланысты» [21, 366]. Яғни, түс көруші Зарқұм мен «Бір уыс жусан» шығармасындағы кейіпкер Жарастың түс көрудің маңызы бар, көркем идеяны ашуда белгілі бір қызмет атқарып тұрғанын байқауға болады. Түс көрудің сюжеті – образды-символдық түрде көбіне түс көрушінің психологиялық мотивін, инстинкті тілегін, талабын, эмоциясын және сезінуін, бүкіл сана астарындағы алуан түрлі психологиялық комплексті құрайды. Түс көру – қазақтың психологиялық прозасында және әдебиеттану ғылымында ең негізгі көркемдік тәсіл және оның басты моделі ретінде қолданылады.

Көркем әдебиеттегі түс көру тәсілінің ең басты көркемдік қызметі- психологиялық нақтылықты дәл бейнелейді. Түстің көркем шығарманың сюжеті мен композициясындағы алар орны ерекше. Көркем шындық пен өмір шындығын шебер сабақтастыратын түс көрудің талдаудың көркемдік әлемі түстің мағыналық мәнін анықтайды. Осындай тәсілді жазушы «Бір уыс жусан» элегиялық шығармасында да қолданады. Мұнда көркемдік шығарманың соңында барлық оқиғаның қорытындысы есебінде пайдаланып, сүйікті қарындасы Төлеумен қоштасар мезетін аса бір шеберлікпен көрсете алған. Бұл түс жалпы қиялға толы, еске аларлықтай орны да бар. Түс сурет - елес пен Жарас арасындағы қоштасар кезді бейнелейді: «Сурет-елес баяу орнынан көтеріліп, қалықтай барып сыртқа шықты. Мен де ілестім. Ауладан шыға бере қолымнан ұстады. Сәл самал желпігендей болды да, аспанға көтеріле бердім... Биік аспанға шырқай ұшып, ауада қалықтап бара жаттым...Биік тау шыңдары бозалаң тартып, орталық тұсқа келгенде төмендеп, ашық терезесі бар ғимараттың ішіне ендік. Ол көйлегі ағарандай барып партаға отырды. Университеттің лекция залы, маған да таныс...Орнынан баяу қозғалып, тақтаға барып, бормен: «Құрмалас сөйлемге мысал: «Егер өмірдегі орныңды іздесең, онда өткеніңді жүрегіңде сақта, кейін шаршағанда тыныққан қара тасты да сағынасың. Төлеу», - деп жазды да, қолымнан ұстады...Тоғызыншы палатаның

терезесіндегі биік ағашқа қондық...Таң да сібірлей бастаған...Ол маған қолын ұсынып:-Қош, енді елес болып көрінбеспін. Қазір жарыққа айналамын да, кеңістікке сіңіп жоғаламын. Сенің жүрегіңде тек естеліктер ғана қалады. Мүмкін, ояңғанда кірпігіңе ілінген сәуле болып, мүмкін, аязда тоңған бетіңді жылытқан шуақ болып төгілермін. Әйтеуір, саған жылу сыйлаймын. Мені іздеме, қош... Сәулең молайсын тіршіліктегі. Мен қазір ұшамын. Өне, құстар керуені келеді Таң нұрын қанаттарымен ілестіріп келеді. Сәуле ғой. Өмірімнің сәулесі... Қош... Қатты шошып ояндым» [11,378]. Көргені өң бе, түс пе, алдану ма, әлде елес пе, кім білсін? Мұндай екі ұдай сезімді суреттеуге кез-келген жазушы бара бермейді. Өйткені, ол – адам жанын, табиғатын жете танитын, адам санасындағы ерікті және еріксіз түрде жүзеге асатын ой ағыстарын, психологиялық процестерді терең зерттеген, дүниетанымы кең, суреткерлік шеберлігі озық туған таланттарға, психолог-жазушыларға ғана тән қасиет. Түс – көркем шығармада информациялық, сәуегейлік, символдық, архетиптік, мифологиялық, психологиялық, психоаналитикалық, медициналық, эстетикалық, философиялық т.б. көркемдік қызметтер атқаратынын осы мысалдан да көз жеткізуге болады. Қазақ әдебиетінде түс көру тәсіліне ерекше көңіл бөліп, оны әр шығармасында әр түрлі құбылта, тереңдете зерттеуге тырысатын, оған үлкен философиялық, әлеуметтік, психологиялық мағына, эстетикалық құндылық,

рухани қажеттілік беретін, оны өзінің көркемдік әлемінің ең бір құнды қасиетіне айналдыра білген бірден-бір жазушы Тұрсын Жұртбай кейіпкердің характерін психологиялық өмірдің заңдылығына сәйкес сомдауда, ұйқы мен ояну мезеті арасындағы жан қозғалыстарын байланыстыра бейнелеп, түстен кейінгі адам санасы мен іс-әрекеттеріндегі психологиялық түзілістерді тереңдей талдауды да назардан тыс қалдырмаған.

Түс көрудің қосалқы компоненттері сандырақтау, елес, елестету, есенгіреу, шатасу, галлюцинация т.б. өң мен түс, өмір мен өлім аралығындағы жан азабын, шекаралық шақты, эзотериялық нышандарды, онейрикалық поэтиканы бейнелейді. Қаламгер қиялына ерік беретін түс көру сәтіндегі патопсихологиялық түзілістерді (жылау, ұрку, қара терге малшу, шошыну, бастырғылу т.б.) физиологиялық, физиономилық өзгерістер мен сезімдерді суреттеу психологиялық шығарманың негізгі міндеті. Бұл тәсілді автор шығармаларында былай қолданған: «Өмірдегі тағдыр атты, өлім атты қасіретті ұғымнан бейхабар пәк жүректер, мүбәрәк жанды сәбилер оянған кезде анасыз қаларын, жетім атанарын білген жоқ. Түстерінде екеуі бірдей күрсініп жатты да, неге екенін қайдам, қандай жұмбақ күш ұйқылы сәби жүрегіне хабар жеткізгені белгісіз, үш жасар Тоты таң атқанша үш рет түсінде жылады. Үш ретінде де даусын шығарған жоқ. Бірақ кәдімгідей өксіп-өксіп жылады...» [1,198]. Мұнда жазушы кішкентай Тотының

жетім деген аттың желімшедей жабысқанын, енді қашан да ең асыл сезімнен – аналық мейірімнен жетімдік көретінін кішкентай жүрегі сездіргендей етіп соншалықты сенімді әрі психологиялық тұрғыдан нанымды береді. Түс көру үрдісі кезінде бейвербалды ишараттардың ырықсыз түрде жүзеге асу – дененің дел-сал болуы, шошынуы, қара терге шылануы т.б. секілді сыртқы көріністер арқылы байқалады. Кейіпкердің аса бір ауыр психологиялық жағдайы мен ахуалын ажарлауда да бұл таптырмас көркемдік тәсіл болып табылады [1,145]. Бұл тәсілдің қаламгер шығармаларында ұтымды пайдалануы арқылы кейіпкердің жан дүниесін, ішкі сырын анық байқатады. Біздің көңіл бөліп отырған жәйт – психологиялық прозадағы кейіпкер характерін, жан жүйесін ашудағы көркемдік бейнелеу және баяндау тәсілдерінің бірі, психологизмнің динамикалық принципі болып табылатын бейвербалды ишараттардың, сыртқы қимыл көріністерінің атқарып отырған көркемдік қызметіне жан-жақты тоқталу. Көркем туындыда, оның ішінде психологиялық шығармада кейіпкердің табиғатын, кісілік – келбетін, рухани дүниесін ашатын көркемдік компоненттердің бірі – осы бейвербалды ишараттар. Негізгі ғылыми тілде (әсіресе, психологияда) адамды – сөз, вербалды (вербальный) арқылы тану бар да, бейвербалды (невербальный), яғни қимыл- қозғалыс (дене тілі) арқылы адамның жан дүниесіне барлау жасау деген екінші ұғым бар [1,184]. Бұл тәсілдер жазушының да

назарынан қалмағанын байқауға болады. Осындай әдіс-тәсілдер арқылы қаламгер өз кейіпкерлерінің психологиясын да ерекше сомдап шығады. Шынымен де адамды сөйлеу мәнерінен, стилінен, көзінің қарасынан, маңдайдағы әжімдердің қатпарынан, аяқ-қолының қимылынан, жүрісінен, тұрысынан, қол алысы қалай, бет терісі қалай, оның түсі, құлағы, танауы, еріні, иегі, қас-қабағы т.б. адам денесіндегі әрбір мүшенің қызметі мен орналасуы, қозғалысы арқылы адамның шын мәніндегі ішкі жан дүниесінен көп сырын ұғуға болады, яғни адамды толық тануға болады.

«Негізгі бейвербалды ишараттар /ым мен емеурін/ ең алғаш рет диалог, әңгіме, әзілдесу (анекдот) үстіндегі екі кісінің қарама-қарсы отырып алып бірінің сөзі біріне қалай әсер еткенін бақылаудан туған» [1,198]. Өзі ойнаған әр кейіпкерінің жан дүниесіне, образына еніп, тап сол секілді толғанып, сөйлейтін сахна саңлағы секілді әрбір жазушы да өз кейіпкерінің ішкі дүниесіне ене отырып, оның бүкіл сахнадағы, өміріндегі, тұрмысындағы, тіршілігіндегі әрбір сезімдік психологиялық процестерді бастан кешіре отырып, өмірге әкеледі. Жазушы өмірінің қиындығы да қызығы да осы тынымсыз ізденісінде жатыр. Әрине әр жазушының кейіпкерді іздеу, сомдау, сөйлету әдістері әр түрлі. Әрқайсысы әр қырынан келеді, өз әлінше қимыл жасайды және әдебиеттің жалғыз объектісі – адамды сол тұрғыдан таңдап, талдайды, таразылайды. Әйтсе де әр жазушының

өз кейіпкерінің ішкі дүниесін зерттеуі – өзінше бір әлем. Дүние жүзінде, жалпы әлемде елдің бәрінде түсінікті, әрі тұрақты түрде (еріксіз) қолданылып келе жатқан тіл – бейвербалды ишараттар. Ол – дене тілі, қимыл-қозғалыс тілі. Жан сарайындағы ішкі сыр-құпияны қапысыз әшкерелейтін, денедегі әрбір дірілдің, қалт еткен қимыл-қозғалыстың белгілі бір мағынасы, мазмұны бар. Халық арасында «емеуріні айтып тұр ғой» деген сөз бар. Бұл тап сол бейвербалды ишараттарды меңзеп тұр. Мұнда жалғандыққа жол берілмейді. Адам санасынан тыс болатын қозғалыстар ақыл-ойға ерік бермейді. Ішкі ойыңды қанша қымтап, құпиялаймын десең де, дене мүшелері оған дәрменсіз [1,198]. Кербаланың «кез келген пенде атаулысы нәсіп еткен ошақ жылуын да, әкелік бақытты да сыйлаған» Хадишаға деген махаббатын, мейірімділігін тұңғышы дүниеге келердегі сәттерде оның іс-әрекеттерінен де байқауға болады: «Ол, сол бетімен сүріне-қабына атқа жүгірді. Сасқалақтағанда үзеңгіге аяғы ілінбей әуреге түсті. Ер-тоқымға мінер-мінбестен мөстөріне қамшы басты...», «...Кербала қыстауға оралып, үйдің есігін ашып қалғанда толғақ қысып жатқан Хадишаны көріп, бір орнында қатты да қалды. Буын-буынына діріл жүріп өтті... Кербала абдырап, әйеліне шарасыз жанарын тастап, дегбірсізденіп қалды. Кенет Хадишаның самайынан тер моншақтап қоя берді. Қысыла қымтырылғанмен, қиналғанын жасыра алмады да, жастыққа шалқалай берді... Баланың шыр ете қалған даусын естігенде,

Кербаланың жүрегі дірілдеп, буын-буыны босады. Дегбірі қашып сипалақтап, Хадишаның бетіндегі терді сүртіп, айналсоқтай берді...» [11,177]. Жараста қарындасы Тотыны көргендегі сезімін жасыра алмай, сағынышын автор іс-әрекетімен жеткізеді: «... Біресе еңкейе түсіп, қазандықтың аузына еніп кететіндей сұғынған қаршадай сұлдерді көргенде қуанарымды да, жыларымды да білмедім. Өксік қысты ма, ыза буды ма, шүйкедей көлеңкенің бейшара күйі қинады ма, қайдам, үнім шықпай қалды... Қолымды соза ұмтылып, құшақтай алдым. Селк ете түсті де даусымнан танып, мойныма асыла бере жылап жіберді. Босағадағы сағдардың үстіне отыра кетіп, баурыма басып, құшырлана қыстым. Күл аңқыған бетінен сүйдім...Кірпігіме шық іркілсе де, шертіп жібердім. ...Тағдыр аязында үсіген туыстық сезімді оятқан сәбиді, іштегі реніш- уайымды да, ызамды да ұмытып еркелеткім, налады көкірегін сергіткім келді. Қас қағым сәтке болса да қуанышқа бөленсің, бейуаз жаны бақытты, шын сәбилік, бауырлық бақытты сезінсін. Мен араласқаныммен қолдағы шара не...Шашын саусағыммен салалай тарап, маңдайынан иіскеп ем, ол нәзік саусағымен сипады. Мұрнынан еппен шерттім...» [3, 78]. Міне, осындағы жас баланың көңіл-күйін әрбір ырғақты пластикалық қозғалыс, сәнді жүрісі – мимикалық деталь, балғын денесіндегі әрбір әдемі діріл, әрбір тамырының соғысына дейін психологиялық тұрғыдан суреттеу – өте сирек кездесетін құбылыс.

«Психофизиологиялық жағдай физиономиялық сезіну де қуаныштан қалықтаған баланың бүкіл жан дүниесін баурап алған асқақ сезімнің, шаттықтың шуағы, эмоциялық құбылыстар, осы сәттегі психологиялық мазмұнды құрайтын психологизмнің динамикалық принциптері – бейвербалды ишараттар асқан шеберлікпен көркем кестеленеді. Осы сыртқы фактор жазушының өзінің жаңа көркемдік жүйесіне психологиялық характеристика береді. Өз кейіпкерінің жан дүниесіне, ішкі өміріне логикалық талдау жасаудан гөрі сыртқы заттық, эмпирикалық, мимикалық тіршілік тынысы арқылы психологиялық талдауға бейім» [1,213]. Көркемдік детальдің кейіпкер психологиясын, ішкі құпия сырларын әшкерелеудегі көркемдік ролі орасан. «Адамның мінез-құлқын, кісілік келбетін, табиғи болмыс-бітімін, жан-жүйені сана түкпіріндегі ессіздік психикасымен тікелей байланыста қарайтын психологиялық талдау – психологиялық романның ең басты қолданатын көркемдік тәсілі» [1,6]. Осындай тәсілдерді қолдану арқылы психологиялық шығарма барысында кейіпкер психологиясына енеміз. Шығармаларында жазушы кейіпкер психологиясын жан-жақты ашып көрсетеді.

«Автор адамның жан дүниесіндегі күрмеуі қиын ішкі сезім мен сана сергелдеңдерін сыртқы психологиялық көріністер, яғни жанама (косвенный) көркемдік тәсілдермен ашуға тырысқан. Жазушының көркемдік назары көбіне

сыртқы көріністерге, заттық әлеміне, ішкі күрделі буырқаныстардан бұрқырап шығып бетке шауып, сыртқы симптомдарға себеп болған сезімдік, эмоционалдық, психологиялық түзілістерге көп бөлінген» [1,286]. Мысалы, қандай да қатыгездікке бекінген Тоқметтің қолына түскен Кербаланың психологиялық портретін автор былай береді: «Дертті жалынға оранып, жанталасқан Кербалаға осынау сұрқия көрініс сандырақпен араласқан елеске ұқсаған. Шыңғырған әйел даусы төбе күйқасын шымырлатып, жанын түршіктірген. Бірақ арашаға асқынған ауру дес бермеді. Қарманса-ақ болды, шыңырауға құлап бара жатады. Не топан суы қаптап қарашығы өңменіне қадалады. Жыландай ысылдаған даусы мен ыңкылдаған әйел ыңырсуы қоса араласып, есінен тандырды. Көз алдында бүкіл дүние тамырымен қопарылып, шексіз тұңғиыққа батқандай... ...Суық су күйып жібергендей тітіренген Кербала нарттай қызарып тұрып қалды. «Кімді кім өлтірген?... Не болып барады, дүние. Қайда, қашан... Бір түнде соншама бүліншілікке ұшырағаны ма. Мынау өзі кімді іздеп, қайсысын лағынеттеп тұр». Кеберсіген ерні әзер қимылдап, тілі аузына сыймай күбірледі - Ұлар... Есі бір кіріп, бір шығып, зың-зың етеді». [11, 93-95]. Немесе: «Денесі ысып, тұла бойы лаулай тұтанып, тынысы тарылып, өртеніп жатқан Кербаланың есі кіресілі-шығасылы. Көзі қанталап, шарасына үрей ұшқыны толған. Ерні кеберсіп, тамағы қаңсып, жұтына демігеді. Кірпігі айқасса-ақ көз алдына қызылды-

жасылды сәулелер айқыш-ұйқыш ойнақшып, дүние шыр айналып қоя береді. Жер төңкеріліп, жүрегі лобып, басы зеңіді. Құлап барады, шыңырауға құлдырай заулайды. Түпсіз тұңғиық... Өлді-ау, құтқарыңдар...- Құт – қа – рың – дар! Тұншыға шыққан даусы ыңырси естіліп, шошына айғайлады. Қылғынған мал сияқты қырылдай түсіп, сандырақтады. «Аш қалды, балалар, аш... Өгіз... Атан өгіз. Әкел, туды, әкел. Тоқта... тоқта! Түбі тұншықтырады, атады... Уһ! Мына Жартыбайды қара». Жерді кілем сияқты шеңгелдей ұстап, сілкіп-сілкіп жіберді. Тағы да құлдырап, түпсіз тұңғиыққа зымырады. Кенет алдынан үлкен толқын топан суы күннің көзін көлеңкелей қопарылып, қарсы ақты. Обырлана жұтады, қазір жұтады. Топан суы қаптапты дүниені. Енді қылғыта салады. Тұншықтырады. Малтыса да құтқармас. Кетті...» [11,91]. «Қар астындағы көбелек» романының басты кейіпкері Жарас та осындай халді басынан аз кешпеді. Содан бір үзіндіге назар аударсақ: «Қараңғы түнде, оқшау күркеде ыстық буып, өзімнің аз ғана күн жарық көрген кішкентай ғұмырыммен жанталасып жатқанда осы сөздерді шынымен естідім бе, жоқ, сандырақтап жатқандағы елес пе, анық білмеймін. Әйтеуір, осы уақытқа дейін салқын ғана мәнермен, байыппен ашына сөйлеген Торғынның сол үні көкейімнен кетпейді. Үнемі құлақ түбімде сыбырлап, жан уайымын төге мұңын шаққандай сезінемін. Қызылды-жасылды сәулелер жанарымда ұшқындап, біресе құздан құлаған

аюдың барқыраған ащы айғайы елестеп, біресе әсем айдарлы балықтардың арасында жүзіп, біресе шегірткелерге таланып жатып, шешем емірене келіп маңдайымды ұстағанда бар айтқаным:

- Анда баршы... Торғынға баршы, тәте, ол жылап жатыр, - деппін.

- Ол бәрін біледі, әкесін естіді» [3,51].

Кейіпкерлердің әділетсіздікке қарсы тұрудағы жан күйзелісін автор психологиялық ортаны құрайтын әрбір психологиялық деталь кейіпкердің көңіл-күйіне әсер етпей қоймайтынына көз жеткізеді. Кейіпкердің осындай өліара шақтардағы ауыспалы көңіл-күйлер, дүдәмалды дүниетанымдар, күдікті сезім арпалыстары, сана мен іс-әрекеттердегі қақтығыстар, т.б. секілді қоғамдық өмір мен жеке адам өміріндегі түбегейлі өзгерістер романдағы кейіпкерлердің бәріне өз әсерін тигізбей қоймайды. Осындағы үздіксіз жүріп жатқан психологиялық үдіріс, санадағы тоқтаусыз ой қозғалысы мен іс-әрекет қайшылығы баланың сол сәттегі психологиялық жағдайын да жан-жақты бейнелеп береді. Жазушының бейвербалды ишараттарды эстетикалық, көркемдік құндылық дәрежесіне жеткізе білуі көңіл қуантады. «Ішкі дауыс, ішкі монолог құрылысына қарай түрлі көркемдік қызмет атқарады. Адамның ішкі ойын автордың баяндап беруінен мүлдем басқа реңге түсіретін көркемдік тәсіл – кейіпкердің өзіне ғана тән ішкі ойлау мәнері, сөйлеу қабілеті, ішкі дербес әлемі» [1,264-265]. Экзистенционалдық мәселелерді,

рухани құндылықтарды шешу барысында оның кейіпкерлері азапты да күрделі философиялық, психологиялық құбылыстарды бастан кешеді. «Психологиялық бейнелеу тәсілінің бірі – елестету, еске алу, еске түсіру (вспоминание). Адамның көңіліне келіп, жүрегін жаншып ауыртатын бір ауыз сөздің қайта-қайта еске түсуі қаншама ой арпалыстарына, сана қақтығыстарына, азапты да күрделі психологиялық ахуалға жол береді. Сананы сарсытып, сан алуан көңіл-күй кештіреді. Бұл кейіпкердің жан әлеміндегі күйзелісті күшейтуге, психологиялық ала бүлікті тереңдетіп, талдауға және оны жан-жақты ашуға, суреттеуге сеп болады» [1,266]. Мысалы, «Жер-бесік» романында Кербаланың елестетуін: «Ақ қармен қымталған үйдің төбесіндегі тақтай он тоғыз, бөрене үшеу... Онда күн шуағы жерге тік түсетін, дүние жасарып, құлпырған шақ-тын. Он тоғыз тақтай, үш бөрене... Тобылғылар бүр жарып, ақ шешектенген. Түу... тағы да елестеді ме? Он тоғыз тақтай, үш бөрене... Қараспан аспанның бояуы көгілдір бояудан аумайтын... Қап, қалай құтылады, мынау елестен, Бір, екі... бес... он алты... он тоғыз тақтай, үш бөрене. Сонда Кербаланың жанарынан мөп-мөлдір моншақтар ақ көйлегінің өңірін жуған...», - деп көрсетеді [11,120]. Жарастың іштей анасымен қоштасуын сәтті бейнелеген: «Сол сәтте ол көк кептердің сорпасынан ем қонбасын, анасының өзімен қоштасып, бақылдасып жатқанын сезгендей болды. Буын-буынына діріл жүрді. Шешесінің

ертегідегі мыстан кемпірдің үрейлі үңгірі сияқты суық дүниге аттанып, содан қайта оралмайтындай, құбыжықтар анасын байлап-матап жібермейтін сияқты. Ол сыртқа жүгіріп шықты да, қорадағы шөптің үстіне жатып, ұзақ жылады. Өксіп жылады. Бір бақытсыздықтың тап боларын жан дүниесімен түсінді» [11,197]. Мұнда Кербала мен Жарастың ішкі дүниесін ашуда еске алу мен елестету тәсілдерін қаламгер шебер қолдана білген. Осы тәсіл шығарма бойында бір емес, бірнеше рет кездеседі де, кейіпкер психологиясын ашуда үлкен қызмет атқарары да анық байқалады. Әр адамның сыртқы келбеті оның ішкі жан дүниесінің айнасы іспетті. Сондықтан да әрбір суреткер немесе суретші туындысындағы кейіпкер келбеті, толық адам бейнесі автордың өзіндік дара қолтаңбасын танытады. «Адамға тіршілік беріп тұратын қасиет те осы бейвербалды ишараттарда жатыр. Адамның ақыл-ойы толық болғанымен денесінде тіршілік нышаны білінбесе, ол тірі адам секілді өзін сезіне алмасы хақ. Олай болса, кейіпкердің толыққанды адами болмыс-бітімін, табиғи жаратылысын таныту үшін міндетті түрде оған қимыл-қозғалыс қажет. Ол – көркем әдебиеттегі бейвербалды ишараттардың, сыртқы қимыл-қозғалыстардың атқарар төл міндеті» [1,267]. Бейвербалды ишараттарды да жазушы аса бір шеберлікпен қолдана білген. Шығармадағы кейіпкерлердің сыртқы қимыл-қозғалыстары нанымды әрі шынайы берілгендіктен де, әрбір қозғалысы арқылы біз кейіпкердің жаңа

бір қырынан танып талдай аламыз. Бір сөзбен айтқанда, Тұрсын Жұртбай өзінің шығармашылық табиғатына сай, психологиялық бейнелеу тәсілінің тура, яғни кейіпкердің жан дүниесін, ішкі рухани әлемін көркемдік таным – ішкі монолог, еске алу, елестету, сана ағымы, ой қақтығысы т.б. секілді аналитикалық психологизмнен гөрі, психиканы, кейіпкердің күрделі сезімдік құбылыстарын сыртқы психологиялық белгілер – ым, ымдау, ишара, емеурін т.б. бір сөзбен айтқанда бейвербалды ишараттар арқылы айшықтап, ажарлауды басты назарда ұстайтын секілді.

«Психологизмнің динамикалық принципіне, яғни жанама тәсілге – төгілген тіл, терең ой, құнарлы сөз байлығы болмаса, кейіпкердің жан дүниесін жарқыратып көрсету мүмкін емес» [1, 221]. Бұл да қаламгердің шығармашылық ерекшелігін айқындай түседі. Суреткер кейіпкер психикасына тереңдеп енуде бейвербалды ишараттардың алуан түрлі детальдарын сәтімен пайдалана біледі. «Тағы бір ерекше бейвербалды ишараттардың бірі – типтік, бүтіндей бір халыққа, ұлтқа тән табиғи мінез-болмысты, характерді сомдау әдісі. Мұнда да емеуріннің алар көркемдік қызметі орасан. Айталық, қазақтарды орыс басқыншыларының көзімен «жасыл шапан, ақ қалпақ» т.б. деп атымен емес символдық белгісімен ұлттық киім үлгісімен мысқылдай мүсіндейді. Сондай-ақ өзге халық түсінігіндегі қазақтардың ұлттық болмысын, табиғатын, осындай типтік мінездеме арқылы

ашады» [1,248]. Мұндай әдісті қаламгер өзінің «Жер-бесік» атты романында Қамшы деген кейіпкерінің қимылы мен аузына салып көрсетеді: «...Қорлыққа қашанғы көнеміз. Дененді шекпен, аяғыңды етік қажап, ит тірлікпен соғыста өлдің не, намысыңды қорғап туған далаңда өлдің не, бәрібір. Неғып бұғып қалдыңдар? Кеше ғана кеуделеріңе нан пісіп отыр еді ғой. Ал шешіңдер. Не істейік? Не?-деп босағаға қамшысын лақтырып жіберді» [11,28]. Бұл мысалдан біз Қамшының босағаға қамшысын лақтырып жіберуі арқылы ата заманнан келе жатқан белгі, ишара екенін түсінеміз және бұл іс-әрекет тек қазақ халқына ғана тән құбылыс. Тұрсын Жұртбай көркем текстегі кейіпкерлерінің әрбір қимыл-қозғалысын, денедегі әрбір динамикалық әрекеттің әдемі поэтикасын, өзіндік дене образын, дененің ішкі және сыртқы құпия-сырын, жалпы дененің пластикалық бояуының көркемдік кеңістікпен көркемдік әлемдегі көрінісін, философиялық, эстетикалық құндылығын асқан шеберлікпен ашып, өз оқырмандарына жеткізе біледі. «Көркем текстегі кейіпкер туралы алғашқы мағлұматтың өзі осылай іс-әрекет әлемінде, сыртқы психологиялық қимыл көріністері, портреттегі жекелеген динамикалық белгілер, көркемдік, заттық, тұрмыстық детальдар арқылы айшықталып, өзіндік өрнекпен өріледі. Бұл – жазушының көркемдік жүйесіне еніп, бір жола орнығып алған психологизмнің нағыз нәр алып, тереңнен сусындар саласы. Дененің мимикалық қозғалысы – кейіпкердің тұлғасын жан-жақты

ашудың көркемдік өлшемі әрі ол ішкі сезімнің де тілі. Ішкі серпілістен (реакция) туған тұла бойдағы сезімдік, эмоционалдык, биологиялық, физиологиялық құбылыстар кейіпкердің ішкі жан әлеміндегі бүкіл қалтарыстарын құпияда сыртқа сездіріп қояды» [1,232]. Мұндай әдіс-тәсілдер арқылы кейіпкердің де жан-жақты қырлары ашыла түспек. Жазушының шеберлік даралығын айқындайтын қасиет шығармадағы көркемдік ойлау жүйесінің дұрыс жолға қойылуы мен кейіпкердің рухани жан дүниесін ашудағы көркемдік тәсілдерді орнын тауып қолдана білуі болса керек-ті. Міне, осындай қайғы-қасірет, қаншама санада да денеде де үзіліссіз жүріп жатқан психологиялық түзілістер бар. Ең бастысы, мұнда жан дүниедегі психикалық процесс, кейіпкердің эмоциясын сыртқы сипат (облик) арқылы бере білу басты назарға алынған. Кейіпкердің сезімдері мен іс-әрекеттерінің құпия әуендеріне бара білу Тұрсын Жұртбайдың терең меңгерген саласы секілді. Ойлар да мұнда үзік-үзік, пауза да көп. Үнсіздік үстемдік алған. Бірақ бәрі ояу. Бір-бірін тек қимылдарымен, қабақ астымен бағып, бақылап отыр. «Психологизмнің салмағын ауырлатып, күрделі психологиялық атмосфера құрайтын бейнелеу тәсілдерінің бірі – пауза, үнсіздік» [1,236]. Мысалы, Кербаланың Жамалдың өлімінен кейінгі халін жазушы осы әдіс арқылы былай жеткізеді: «Өңі қуқыл тартқан Кербала елегізіп біраз тұрды. Шыдамы да таусылды. Өлі тыныштық еңсесін езіп, тұмшалай түсті.

Босағадағы беті ақ бөкебаймен жабулы жатқан Жамалға көзі түскенде иіні үзіліп, бүгіліп қалды. Омырауындағы жарасынан аққан қан камзолына қатып, ұйып барады. Ол ауыр күрсініп, беліндегі кісесін шешті...» [11,19]. Ал Жарастың «сәби жүрегіңе алғаш із салған» көк дөненнен айрылған сәтіндегі бейнесін: «...көк дөненнен айрылғанымды білдім. Менің әдеткі тентектігіне басып, топыраққа бажылдап аунай кетуімді күтті. Дәл бұл жолы олай істей алмадым. Белгісіз ыстық ауа кеудемді қыздырғандай күйге түсіп, үнсіз булығып кетіп, жол шетіндегі шөптің тасасына барып ұзақ отырдым. Әншейіндегі төгіле салатын жас та, ызақор ашу да жоқ. Бажылдап-шыжылдамай дыбыссыз, үнсіз де жылауға болатынын сонда тұңғыш сезіндім», - деп көрсетеді [3,14]. Немесе осы сияқты мысалдарды тізіп айта беруге болады. Тағы бір мысал: «...жанарына жалынның сәулесі болып, қызарған көзі... Қамшы да отыра кетті. Үнсіздік. Ешкім де тіс жармады. Тағы да өлі тыныштық. Қашан айығар мынау тылсым бұлт, мылқау тыныштық мақтамен бауыздағандай алқымынан қысты-ау. Өлімді күткендей... Кім кінәлі? Кім?» [11,44]. Қамшының бұл ауыр үнсіздігі ортада отырған Кербала мен Раздыққа да ауыр тиетінін көруге болады. Сонымен қатар Кербаланың Жарасты оятып алып, анасы Хадиша өлімін естіртуде де осы әдіс арқылы жан күйзелістерін бейнелейді: «Шыдай алмай Кербала ұлын бас салып, үнсіз көрісті. Екеуі де өкси жылап, құшақтары жазылмастан,

көңілдері босап, көздерінен жас моншақтап аға берді» [11,199]. «Мұнда кейіпкердің бастан кешкен психологиялық хал-ахуалын, осынау күрделі психологиялық түзіліске тереңдей еніп, жан-жақты талдауға суреткердің қаламгерлік қуаты да, кәсіби шеберлігі де, творчестволық мүмкіндігі де молынан жетер еді. Алайда, жазушы оларды ең ауыр үкім – үнсіздік, пауза арқылы бейнелеуді қалайды. Өйткені осы ұзақ созылған үнсіздікте кейіпкерлердің ой мен санасындағы, ішкі әлеміндегі алай-дүлей сезім сергелдендері салмақтана түспесе жеңілдей қойған жоқ. Үнсіздік кейіпкердің сол сәтте бастан кешкен жан азаптарын толық бейнелеп тұр» [1,236]. Бейвербалды ишараттар Тұрсын Жұртбайдың кезкелген шығармасында ең мағыналы көркемдік элемент ретінде қарастырылады. Олар ерекше, ешкімге ұқсамайды. Және оларды бір-бірімен еш шатастыруға да болмайды. Әркімнің тек өзіне ғана тән бет-пішіні, характері, емеуріні, ишарасы бар. Сондай-ақ, олар роман аяқталғанша мың сан қайталанса да бір-біріне мүлдем ұқсамайды, олардың орнын да ауыстырып қолдануға болмайды. Кейде ішкі ойы мен ишарасы бір-біріне үйлеспей тұрса да олардан бір сезімдік, ішкі бір үндестік, үйлесімділік байқалып тұрады. Олар және өз-өзін көркемдік қызметі жағынан да ақтап тұрады. Әдебиетте, әсіресе кейіпкердің жан дүниесінің ашылуы, оның бет-жүзі мен денесіндегі, даусындағы әрбір діріл, қимыл-қозғалыстың шоғырланған шағы да диалог кезінде

жүзеге асады. Әдебиеттану терминдер сөздігінде диалогқа берілген анықтамада былай деп жазылған: «...Диалог арқылы кейіпкерлердің ішкі сыры аңғарылады. Яғни әр кейіпкердің сөз саптауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан дүниесі айқын елес береді. Жазушының шеберлігі де әр кейіпкерді мінез-бітіміне, ой-өрісіне орай сөйлетуінен көрінеді» [22, 206]. Кербала мен Зарқұм арасындағы диалогтан Кербала образы одан әрі ашыла түседі: «...- Бекер қол тигізгенсің, шырағым. Менің де түбіме сол қызбалық жеткен. Жұдырығың жұмылғанда, ақылыңа жүгін. Жазықсызға жала жүрмейді.

- Төзуге болмайтын жала ғой... Қорлауы ма, мазағы ма?

- Өмір – сол арпалысымен өмір. Өзіңе сен. Не дейін саған. Ақыры өз әкең өзіңе өре салды ма. Қайтейін сені өксітер ойым жоқ еді. Айыбымаңғал арпалысым. Айып етпе, әкеңнің тағдыры тістескен тамыр сияқты. - Ренжімеші, маған. Көңіліңе алып қалдың ба? Әркім өз қалауынша өмір сүреді. Рас, сенің қателігің болсын- ақ. Оны өзің де мойындайсың. Ал менің ше... Солармен бірге оқып, бірге мектеп бітірдім. Қит етсе, бөледі де тастайды. Сыртқа тебеді. Іштей қорланасың. Әттең... Кім ойлаған, өз досың... Тіпті, сенің жазығың жоқ қой...- Е-е, нағыз тіршілік үшін күресің алда. Шындық – теңіз түбіндегі маржан. Терең сұңгуге шыдам қажет, жаман жолдаспен жолға шықсаң, астыңдағы атыңның зәр сындырғанына да қарамайды.

- Қашанғы шыдаймын, нені күтем?

- Келешегіңді күт, болашағыңа сен» [11, 139].

Осы бір диалог арқылы біз Кербаланы басқа қырынан, яғни біз таныған батыр, қайратты, әділ кейіпкер ғана емес, сонымен қатар мейірімді әке, ақылшы дос ретінде танимыз.

«Көркем әдебиеттегі диалог – кейіпкердің табиғатын, мінез-болмысын, сөйлеу мәнерін, әшкерелер өте жауапты да күрделі психологиялық мезет. Ол бірден бірнеше міндеттерді қатар атқарады. Диалогқа адамның қатысы әр сөздің адамға қалай әсер еткені арқылы байқалады. Адамға қаратылып айтылған сөзге тек жауапсөз қайтарылмайды. Сонымен бірге бет құбылысы, дене ишараты, өзге де еріксіз әрекет, әр қилы қимыл-қозғалыстар жүзеге асуы әбден мүмкін» [1,253]. Мысалы бұл өмірдің ащы- тұщысына татып, көпті көрген Кебаланың реалистік көзқарасына қайшы Жарастың сөзі әкесіне әлі де бір үміттің барын айтқысы келетіндей, соған лайық өз арманы басым баланың қуанышы байқалады. Мұнда тек кейіпкердің күрмеуі қиын күрделі ішкі табиғатын, психологиялық процесін, құпия арман-ойларын, сөзі, ісі, сезімі мол диалогтан байқауға болады: «Кенет жемқора жақтан Жарастың жарқын даусы шықты. Іле жолындағыны сатыр-сұтыр құлатып, дегбірі қашқан күйде жүгіріп келді. Жанарында нұр тұнған, қуаныш нұры...

- Ала-қай... Тәтем жазылады енді, алақай!

Шарбақтан секіріп түсті де, Кербалаға қарсы

жүгірді.

- Алақай! Тұзаққа көк кептер түсіпті. Тірі, тез жүрші... Көк кептер қанатын сабалап жатыр, әке... Болсаңшы, арам өледі ғой. Тезірек жүрсейші. Дәрігер айтты емес пе... Кептердің сорпасын ішсе жазылады деп... Тез...

- Солайы солай ғой, жазылады, әрине... Шын ба өзі...

- Рас. Тура мойнынан ілініпті...» [11, 196].

Бұл диалогтан Жарастың анасы Хадишаны аман қалып, құтқарудың жолы деп сенген осындағы жас баланың көңіл-күйін әрбір ырғақты пластикалық қозғалысы, жүгірісі, жүрісі – мимикалық деталь, балғын денесіндегі әрбір әдемі діріл, әрбір тамырының соғысына дейін психологиялық тұрғыдан суреттеу – өте сирек кездесетін құбылыс. Негізгі диалог кейіпкердің табиғатын, мінез-болмысын, сөйлеу мәнерін, өмірде ұстаған мақсат-мүддесін, сөзді қалай қабылдау қасиетін, өзінің сөйлеу мәнерін, сол сәттегі бүкіл психологиясын, ішкі жан сырын, құпия ойларын - қапыда сыр алдырып қоятын өте жауапты да күрделі психологиялық түзілісті қамтиды. Сол сияқты кейіпкерлердің ішкі монологы арқылы ішкі жан сырын, ойын автор тікелей беру арқылы өз қаһарманына философиялық толғаныстарға итермелей отырып, оларды жаңа бір қырынан танытады. Мысалы, Кербаланың болашағына деген үмітін: «Қолдай көр, Қараспан. Ең болмаса, осы жолы бақытымды ашып, ретін келтіргей. Өзегім

үзілердегі жүрегімді жалғар қызығымнан айыра көрме. Ұзағынан сүйіндіретін жөнің бар ғой. Тым құрғанда осы жолы пейілің түсіп, құтты жолға ұластыршы. Апырмай, қиян-құздың арасындағы жалғыз қыстауда не күйге ұшырар екен. Бұл қайтып оралғанша олай-пұлай бола қалса... Әлде, кері қайта ма екен. Жоқ, аз қалды. Месторы, шашыңа шаң ілінбегір, жылдамырақ жеткізші. Ұшшы, жануар. Хадишаның да, менің де тағдырым сенің тұяғыңда тұр...», - деп жеткізеді. [11, 174]. Ал «Қар астындағы көбелек» романында автор тікелей араласып, өз монологы арқылы үлкен философиялық ойларды қозғайды. Мысалы: «...Бастаудың көзінен шымырлай шыққан толқын мөлдірей тұнып, баяу жылжып, бұлақ арнасымен құлдырай ағады. Ол енді кемерге бұрылмайды, мәңгілік қозғалысқа сапар шегеді. Ал менің өмірім ше? Қайда құяды, қандай мағынамен өлшенеді, ағысым тұнық па, жаным таза ма. Жауабын мен қайыра алмаймын. Маған адам өмірі де осы мөлдір тұма сияқты. Бастау - өмір бастауы тұнып ағады. Уақыт көшімен белгісіз көгілдір жиекке - кеңістікке ұшталасың. Жағалауда – ғұмырыңның елесіндей боп сан қилы құбылыстар, алқызыл гүлдер мен сарғайған жапырақтар сырғып қалып жатады...» [3,53]. Мұндай монологтар арқылы автор өз шығармасында терең жатқан философиялық мәселелерді қозғайды, шығармасына өзі тікелей араласып, жеке көзқарасын білдіреді. Романдағы «ішкі дауыс», «ішкі эзәзіл» секілді авторлық психологиялық баяндау тәсілі кейіпкерді

әңгімеге, өткен шаққа шақырып, оқиғаның дамуына дәнекер болады. Автор ішкі диалогтың, ішкі сана айтысының табиғи жаратылысын, көркемдік концепциясын жақсы таниды. Осы ішкі диалогты, ой мен сана қайшылығын сан құбылта қолдануын автордың психологиялық талдауды жете білетіндігін көрсетеді. Кербаланың ішкі монологынан әділет пен әділетсіздік, мықты мен әлсіз арасындағы тартысты айқын аңғарамыз: «Не боп кетті, бұл жалған. Шынымен, жалған-ау мынау дүние. Тоқмет кімді сабады. Хадишаның даусы ма ыңырсыған. Неге, неге мұңлы әйел жазықсыз жаза шегеді. Бұны бір рет ажал бұғауынан арашалады ғой. Апырмай, жанына батты-ау сорлының... Ойпырмай, адам баласына аяушылығы жоқ неткен қатыгез еді, Тоқмет. Қиналды- ау, бейшара әйел... Тоқта!» [11, 93]. Осынау психологиялық орта, кейіпкерді белгілі бір іс-әрекетке психологиялық тұрғыдан дайындап алып келетін көңіл-күй көріністері шығарманың сюжеттік желісін жандандырып, өмір шындығын көркемдік шындыққа шебер ұштастырары хақ. Кейіпкер психологиясын ашуда көркемдік әдістердің бірі психологиялық параллелизмді пайдаланғанын байқауға болады. Көркем шығармаларында табиғат пен адам психологиясын тұтастырып, бірін-бірі толықтырып суреттеу әдісі де кең қолданыс тапқан. «Қараспанның құзар шыңынан шаңқылдаған қыран құстың даусы естілді. Сарқырай ағатын тасты өзеннің сарыны да семген. Байғұздың зарлы үні жаңғырықты. Екеуінің

жетімсіреген жан дүниесі мынау тылсым түннен де тұңғиық тәрізді. Бұлт қоюланып, құралайдың қары қанаты суланған көбелектей жалпылдап қонып жатыр. Ертеңінде жүздесуге ынтық болған екі адам қарама-қарсы сапарға шықты. Тағдыр олардың жолын тағы да тоғыстырмады», - деп Ұлардың трагедиясын алдын ала болжағандай [11,65]. Кейіпкердің толық психологиялық портретін жасағанда жаңа теңеу, эпитеттерді байқамау мүмкін емес. Мысалы, Кербала мен Рысқанның алғаш бетпе бет келуі «ұшқын атқан қаршығаның отты көзі мен үріккен құралайдың қарақаттай мөлдір жанары бір-біріне тура қарады» деп бейнелеп, кестелеп суреттейді. Немесе жетім қалған Жарас пен көбелекті салыстыра бейнелегенде: «Қолым сырқаса да алақанымдағы көбелекті жылытып, бейне өзімнің жанымды аяғандай әспеттедім». «Аяздан бүріскен көбелек сол мезет өзімнің тағдырыма, жоқ, өзіме ұқсап, қатты аяп кеттім».

«Бақытты кім қалай бағалар, білмеймін, өзге-өзге, ал мен нағыз бақыттың дәмін білетінмін. Ол – қар астындағы көбелектің және көбелек-тіршіліктің амандығы еді».

«Жетімдіктің қамыты қара түннің көлеңкесімен бірге мойныма ілінгені еді ол».

«Ертегілердегі адамның мойнына мініп алып, түспей қоятын жезтырнақтай көрінген бір арқа курай сол сәтте менің еңсемді басқан тағдырдың салмағы тәрізді еді».

«Сол сәтте, сырттан қараған адамға екеуміз

де аққауданға оранған қар астындағы көбелекке ұқсаған едік», - дегендей теңеулерді ұтымды пайдаланып, психологиялық параллелизмнің әсерін әсірелей түсіп, шығарманың негізгі идеясын аша түскен. Жарастың образын жасағанда: «Кешегі еркін балалық, риясыз күлкі, уайымсыз тәтті қиялдар, ақбозатты аңсайтын күндер қайда, бәрі де көрген түс сияқты. Шешемнің тағаны қисайған етігін қызықтап, мазақтайтын, аузымды қисандатып, қаймақсыз нан жемейтін, алдап-сулаумен әрең тамақ ішетін күндердің кесірі тиді ме? Қайдам?.. Оның барлығын қазір тілемсек ниет, жалтақ көз жасықтық билеген. Шөгір тілім-тілім жыртқан шалбардан тізем жылтың-жылтың қағады, шапанымның етегі жырым-жырым, етігімнің қисық өкшесін қойшы, тобығым қызарып ісініп тұрады», - деп [3,56], қыстың аязында жалғыз қалған Жарас пен қар астындағы көбелектің тағдырларын салыстырып, ұштастыра алып келеді де, соңында: «- Сен де тірі екенсің ғой, қар астындағы көбелек. Міне, мен де аманмын. Енді уайымдама, жылы ұяңды табарсың, үлбіреген жібектей қанатыңды байқашы, сындырып алма. Екеуміз де тағдырдың суық үскірігінен құтылдық. Көбелек-ғұмырымсың ғой, үш, жанымның жарқын тіршілігінің белгісі. «Үш», - дедім жанарыма жас тұнып: - Қытымыр аязда сені шөпке орап, қар астына көмгенде, тіршілігіме балап ем ғой. Менің өмірім саған байланысты еді. Сен жеңдің, жарық сәуле, көгілдір кеңістік, жылылық сыйладың.

Рахмет, саған. Мен алысқа сапар шектім. Енді мәңгі кездеспейтін шығармыз, ұмытылармын да, ешкім де есінде сақтамас. Бірақ, қар астындағы көбелегім-ау, сен ғайып боларсың. Алайда, туған жердегі секпіл қанат рухымды сақтап ұшып жүргейсің. Біздің мейірімсіз, қамқорлығымыз жер бетінің есінде қалады, жан жылуымыз, нәзік махаббатымыз көктемгі көбелектермен, мөлдір шықтармен, бозторғайдың сайрауымен оянып, ұлы махаббаттың бастауына құяды. Жер бауыры содан жылып, дүние шешек атады. Ал, әзірше, ұш, биікке ұш, көбелек- тіршілігім!- дедім алақанымды жазып», - деп шығарманы аяқтайды [3,97]. Тегінде, адамның рухани әлемін, ішкі әлемін талдауды талап ететін психологиялық прозаға тән ең басты қасиет – оның шыншылдығында, тау суындай саф тазалығында жатса керек. Адам мен суреткерді әдетте белгілі бір қоғамдық орта, уақыт пен кеңістік, оқиға мен табиғат т.б. толып жатқан заттар әлемі қоршап тұратыны белгілі. Сондықтан да адамзат өзін қоршаған ортадан, қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Адам өзінің жеке басының эстетикалық талғамына, дүниетану дәрежесіне, мінез-кұлқына қарай адам таниды, қоршаған ортаға, табиғатқа, заттарға деген көзқарасы, сүйіспеншілігі оянады. Міне, осының бәрі жазушының суреткерлік талғам-таразысынан өтіп, көркемдік жүйесінде талданады. Көркем шығармадағы өмір шындығы жазушы жанан әбден толқытып, тебіrentкен, күйзелткен күйініш-сүйініші, бір сөзбен айтқанда, автордың

шығармашылық тұғырнамасы, қоршаған ортаның жанды және жансыз заттардан тұратыны әуелден белгілі.

«Сөз өнеріндегі заттық әлемнің көркемдік қызметі: Шығармадағы өмір шындықтарын бейнелей отырып, көркемдік кеңістік пен уақыт аясында көрініс табады. Көркем шығарманың барлық түрінде кездесетін заттық әлем тарихи кезеңді, әлеуметтік ортаны, мезгіл-мекенді бедерлейді. Заттық әлем – кейіпкерді қоршаған психологиялық ортаны, табиғатты, интерьерді дәл және нанымды береді. Заттық әлем – ең бастысы кейіпкердің табиғатын, талғамын, тұрмыс- тіршілігін, мінезін суреттеуде көптеген көркемдік, психологиялық қызметтер атқарады. Шығарма поэтикасын құрайтын пейзаж кез-келген көркем шығарманың көркі десе болғандай, адам мен табиғат қандай тығыз байланыста өмір сүрсе, адамзаттың көңіл-күйі де сол табиғат құбылысымен бірге өзгеріп отыратыны да табиғи нәрсе» [1,270]. Сондықтан да болар заттық әлем кейіпкер психологиясымен тығыз байланыста қарастырылады. Ең бастысы, көркем әдебиеттегі пейзаж міндетті түрде кейіпкердің жан толқынысымен бірге өріліп, көркемдік жүйенің біртұтас, ажырамас бөлігі болатыны белгілі. Мысалы, «Түн. Қап-қара түнде емшегі иіген ананың ақ сүті қара жерге саулай ақты. Түн. Қап-қара түнде мүбәрек бүлдіршін таңдайы уыз сүтті аңсап, моншақтап көз жасын төкті. Қос мұңлықтың

арасы екі-ақ адым жер. Оларды жүзі кара қатыгездік бөліп тұрды. Қос мұңлықтың ортасында улы кәрі жылан жатты» [11,60]. Жоғарыда сөз болғандай пейзажды жазушы психологиялық параллелизмді көрсетуде шебер қолданғанына тағы көз жеткіземіз. Көркемдік деталь тұрмыстық, заттық, этнографиялық, портреттік, пейзаждық деталь арқылы кейіпкердің рухани әлеміне тереңдей үңіліп, адам психологиясын ашады.

«Ал осы көркемдік детальды құрайтын заттық әлем (предметный мир) әдетте интерьердің кеңістігін ұйымдастырады. Кейіпкер өмір сүрген орта, үй-іші, тұрмысы, ұстанған заттары т.б. бәрі оның өмірінен, мінез-құлқынан мысқылдап болса да мінездеме береді. Осынау заттық әлемді зерттей келе оның характері, сол тарихи кезеңнің өзіндік болмысы бейнеленеді» [1,272]. Қаламгер Тұрсын Жұртбай заттық әлемді өзінің стилінде ерекше бір мәнермен қолданып, өз кейіпкерлерінің жан дүниесін, ішкі сырын нақтылай түскен. Психологиялық проза жазушылар адамзаттың рухани өмірінің өзі көп қырлы, көп қабатты, сан сапалы психологиялық құбылыстардан тұратынын жақсы түсініп, соны тереңдей талдап, танытуға тырысады. Әдебиеттегі интерьерді құрайтын заттар мен оның бөлшектері сан алуан. Олардың көлемі де, түрлері де, түстері де, тіпті олардың әлеуметтік, кезеңдік, географиялық т.б. анықтаулары да сансыз және олардың көркем шығармада суреттелуі жазушының көркемдік, стильдік ерекшеліктерін танытады. Әдетте,

интерьер тұтастай бейнелену арқылы кейіпкер характеріндегі әр түрлі деңгейдегі эмоционалдык бояуды, типтік бағытты, кеңістік пен заттақ дәлдікті толық береді.

«Бір сөзбен айтар болсақ, «адам мен зат» бір-бірінен ажырағысыз біртұтас ұғым, олар әдебиетте бейнелену барысында көптеген тәжірибе жинақтап, жылдан-жылға олардың көркемдік қызметі мен міндеті де күрделеніп келеді» [1, 273]. Кейіпкерді қоршаған ортасы, оның портреті, өмір сүріп отырған заманы, сол кезеңге сай қоғамы кейіпкерге әсер етпей болмайтыны анық. Сондықтан да қаламгер заттық әлемді қаншалықты толық ашып көрсетсе, кейіпкер психологиясы да соншалықты ашыла түседі.»Автор адамның жан дүниесіндегі күрмеуі қиын ішкі сезім мен сана сергелдендерін сыртқы психологиялық көріністер, яғни жанама (косвенный) көркемдік тәсілдермен ашуға тырысқан. Жазушының көркемдік назары көбіне сыртқы көріністерге, заттық әлеміне, ішкі күрделі буырқаныстардан бұрқырап шығып бетке шауып, сыртқы симптомдарға себеп болған сезімдік, эмоционалдык, психологиялық түзілістерге көп бөлінген» [1,286].

Сол себептен де заттық әлемді кейіпкер сезімімен, эмоциясымен, жалпы психологиясымен байланыста қарастырғанымыз да жөн болар. Заттық әлемді құру барысында автор қарапайым символизммен және образдардың заттық көрнекіліктерімен шектелуі мүмкін немесе белгілі

бір затқа, яғни детальға бар назарын аударып, көркем текстте оның мән-мағынасын аша түсіп, көңіл аударуы да мүмкін. Қазақ әдебиетіндегі заттық әлемді қарастырғанда бір байқағанымыз интерьерге, затқа деген қызығушылық Тұрсын Жұртбай шығармаларында көп шоғырланған секілді. Олардың заттары иесінен ажырағысыз. Олар оқиға барысында белгілі бір психологиялық атмосфераны құруға қызмет етеді. Мысалы, «.... Мынау соның сақинасы. Адал серттің белгісі. Қанға боялыпты ғой. Мейлі, сертімді өлім айырсын. Саған аманатым – сол сақина. Сірә, тірлікпен қоштасар шақ алыс емес шығар. Неге осынша қысқа болды, ғұмырым! Тағдыр тірісінде айырса да, өлген соң қабір қайта қосты. Жарық дүниедегі татқан ырыздығы, кешкен дәурен басқа болса да, бір қабір бұйырды. Кербала Жамал берген сақинаны солармен қоса көмді», - деген үзіндіден сақинаны деталь ретінде екі ғашықтың махаббатының, қыздың адалдығының символы ретінде пайдаланған [11, 18,21].

«Көркем әдебиеттегі заттар әлемі – ескерткіштің куәгері, сезім кілті. Мысалы, бала кезіндегі бір зат (мейлі ол сурет болсын, мейлі ол киім болсын, мейлі ол зат болсын т.б.) сізді еріксіз терең ойларға, еске алуға, өткенге ой жіберуге мәжбүр етеді. Ол заттың тарихы, сіздің өмірдегі мәні т.б. бәрі еске түсіп, балалық, жастық шаққа саяхат шектіруі, психологиялық белгілерді – көз жасына ерік беру, сағыныш, еске алу, елестету т.б. секілді неше

түрлі сезімдік күйді бастан кешуіңіз әбден мүмкін. Олай болса, заттық әлемде әдебиетте көркемдік психологиялық бейнелеу тәсілін құрайды» [1, 306].

«Бір уыс жусан» элегиялық шығармасында: «Тек, қабірдің үстінде жұлынған бір уыс жусан ғана жатыр», «Бір уыс жусынды қыса ұстап, бетіме бастым», «Бөлменің ішінен боз жусанның иісі аңқыды...», - деп бір уыс жусанның Жарас үшін қандай қымбат елестерге апарып, оның өткеніне көз жүгіртеді [11, 364,365,380]. Сондай-ақ Төлеудің күнделік дәптері мен сурет-елесі де шығарма идеясын ашуда шығарманың өн бойында үлкен қызмет атқарады. Мысалы, «Оның сол күнгі көңіл-күйін жастығының астынан кішкентай блокнотын алғанда бір-ақ түсіндім», «Түннің бір уағы болыпты. Өмірден қыршын кеткен қарындасымның күнделік дәптерлері алдымда ашылған күйі жатыр», «Осы сәтте көзіме жас іркіліп, сурет-елеске қарадым. Ол менің күнделігімді дауыстап оқып отырғандай болды», «Елес-бейне бірте-бірте жанымнан алыстай берді де қабырғадағы суретке айналды» [11, 369, 378, 371, 366].

Сөйтіп, кейіпкерін толғанысқа, күйзеліске түсіріп, сан алуан психологиялық ауыр процестерді бастан кешіруге әкеп тірейді. Өткен өкінішті өмірді еске түсіруімен қоймай, оны жаңаша жаңғыртуға да тура келтіреді бұл заттар. Мұнда киім үлгісі үлкен мағыналық мәнге ие болып, көркем әдебиетте философиялық, психологиялық, әлеуметтік қызмет атқарып тұр. Бір сөзбен айтар болсақ, заттық

әлем – кейіпкерді толыққанды етіп бейнелеу үшін таптырмас көркемдік кілт. Және ол кезең мен уақытты, кейіпкер өмір сүрген психологиялық ортаны терең тану үшін де, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне еніп, психологиясын жан-жақты ашу үшін де қызмет атқарады. Қазіргі рухани әлемде заттық әлем, әрине жаңа эмоционалдық бояу алды. Оның айтар ойы, берер емеуріні, көркемдік қызметі жаңартылды, мағыналық мәні артты. Өйткені кейіпкерді қоршаған материалдық, заттық әлем адам жанына, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей енетін бірден-бір көркемдік кілт, психологиялық элемент. Қорыта айтқанда, санаға түскен сәуленің әсерінен қозғалыс тудыратын денедегі сыртқы іс-әрекеттер, қимыл-қозғалыстар, бейвербалды ишараттар кейіпкердің сол сәттегі көңіл-күйінен, психологиялық жағдайынан сыр береді. Ішкі әлемді әшкерелеудің ең тиімді тәсілі де осы – бейвербалды ишараттар. Ұлттық сөз өнеріндегі портрет, ым, беттің ымы, ымдау, ишара мен емеурін, бүкіл денедегі психологиялық қимыл көріністері т.б. секілді көркемдік компоненттер, психологиялық детальдар турасында т.б. әдебиет туралы әңгіме болған жерде міндетті түрде азды-көпті сөз болатыны белгілі. Көркем шығармадағы кез-келген қимыл көрініс оқырман ойында қалып, зерттеуші назарын аударары да анық. Дегенмен, бейвербалды ишарат көркем шығарманың әлеуметтік-философиялық концепциясын, сюжеттік-композициялық желісін, рухани-эстетикалық

құндылығын арттырып, кейіпкердің ішкі сезім құбылыстарын, кісілік табиғатын бейнелеудегі психологиялық қызметі ғылыми айналымға түсіп, көркем шығармаларда кеңінен қолданылуда. Бұл әдіс-тәсілдер арқылы біздің ұлттық әдебиетіміз де жаңа белестерден көрініп, көркемдік, эстетикалық даму жолындағы үлкен жетістіктердің бірі болып табылмақшы.

1.4 Антропология және образ сомдау

Шығарманың көркемдік идеясына, мазмұны мен түріне характер сомдаудың ерекше қатысы болатыны белгілі. Кейіпкерлерінің мінезін сомдап, әр жағдайға байланысты құбылуы арқылы, жан-жақты талдау әдісі арқылы шығарма психологиясын тереңдете түседі. Кейіпкер бар жерде оның толық портреті де болуы тиіс. Шығарма бойында портреті тек нақты бір сипаттау арқылы берілмесе де, алайда оның қимылы, іс-әрекеті арқылы немесе шығармадағы орны арқылы да тануға болады. Бірақ әрбір шығармадағы оқиғаға байланысты кейіпкерлердің көңіл-күйлерінің өзгеруін, сол мезеттегі көзқарастарын, ойларын тек бетіндегі мимикасы арқылы немесе қимыл-қозғалысы арқылы да беруге болады. Көркемдік антропология саласы осындай мәселелерді қарастырып, жалпы кейіпкердің бет-пішініндегі өзгерістердің берілуін, олардың оқиғаға қатысын, кейіпкер психологиясын ашудағы роліне назар аударады.

«Көркем мәтіннің поэтикасында, көркемдік антропология саласында көрінгеніндей әрбір емеурін – эмоционалдық сезімнің айнасы» [1, 230]. Демек, шығармадағы кейіпкерлер психологиясы, басқа сөзбен айтқанда эмоциясы, ішкі сыры, жан дүниесі оның әрбір мимикасымен, әрбір емеуріні мен қимылымен көрініс табады, тығыз байланыста болады. «Художественный текст и художественный мир» атты еңбегінде В.В.Савельева: «... эмоционалдық күй-жағдайларды заттық, көзге көрінетін құбылыстар арқылы алмастырып жеткізу - әдебиетте дәстүрлі жолдың көрінісі, дегенмен, лингвистердің айтуынша, эмоционалдық күйді дене бітімі немесе көзге байқалатын құбылыстар арқылы жеткізу – тілге тән құбылыс. Мысалы, адамның қорқыныш, үрей сезімі оның денесінің суыққа жауап беретін реакцияларымен сәйкес келеді (денесін суық қарып бара жатуы, төбе шашы тік тұруы, мұз жүрек болуы), ал қуану әрқашан ойнау, қызықтыру, ұшқындау, жарқырау, нұрлану сияқты сезімдермен беріледі», - дейді [23, 67]. Демек, кейіпкердің ішкі жан дүниесін, жан сырын антропологиялық келбеті арқылы да жеткізуге болады. Ал бұл әдістің кейіпкерлер психологиясын тереңнен зерттеу үшін маңызы өте зор. Кейіпкерінің өзіне ғана тән дара қасиеттерінің көркем шығармаларда дұрыс берілуі, жеткізілуі жазушы үшін маңызды және өз кейіпкерінің объективті әлемге деген көзқарасы арқылы біз жазушының көркемдік әлеміне бойлап, көп сырын аңғарамыз. Әдетте

көркем шығармаларда жазушы кейіпкерлері туралы мәліметті оның сыртқы портретінен бастайды. Кейін шығармада кейіпкерінің іс-әрекеттері, аузына салған сөздері, түрлі оқиғалары барысында біз кейіпкер туралы толық мәлімет жинап, оның толық антропологиялық және психологиялық портретін жасауға мүмкіндік аламыз. Кейіпкер портретін берудің де түрлі жолдары бар. Жалпы кейіпкерді толық суреттеп, оны жан-жақты жеткізу үшін әрбір жазушы түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады және бұл әдіс-тәсілдер сол кейіпкерді ерекше, басқа образдарға ұқсамайтындай сомдап шығуға да өз әсерін тигізбек. В.Е.Хализевтің «Теория литературы» атты еңбегінде кейіпкер портретіне мынандай анықтама береді: «Кейіпкер портреті – оның сыртқы келбетінің бейнеленуі, суреттелуі: дене бітіміндегі, табиғи және жас ерекшеліктері (беттің пішіні және тұлғасы, шаштың түсі), сонымен қатар қоршаған ортамен, дәстүрімен, ерекшеліктерімен (киімі мен әшекейлері, шашы т.б.) бірге бейнелеу болып табылады. Портрет сонымен қоса кейіпкерге тән дене қозғалыстары мен қалпын, әрекеті (жест) мен мимикасын, беттің келбеті мен көздерін де қамтиды. Осының барлығын жинақтап ол тұрақты әрі бірқалыпты «іштегі адамның», яғни кейіпкердің жинақты белгілерін, ерекшеліктерін жасап шығарады» [24,218]. Яғни, кейіпкер дегенде біз тек оның шығармадағы ролін немесе ішкі жан дүниесін ғана қарастырмаймыз, сонымен қатар оның толық портретін, бет пішінін,

келбетін де талқылап қарастырғанымыз дұрыс болар. Себебі, осы бет-әлпетіндегі әрбір әжімі, қимылы, яғни мимикасы кейіпкердің сол мезеттегі көңіл-күйінен, ішкі толғаныс, сырынан хабар беріп, кейіпкер образын шығармада толық ашады. Ал В.В.Савельева «Художественный текст и художественный мир» атты еңбегінде образдар туралы мынандай пікір айтады: «Образдар – көркемдік шындықтың тұрғындары. Олар әр түрлі қырынан байқалады. Өнертанушылар образдарды реалистік (жизнеподобные), шарттылы, абстрактылы, арманшыл және т. б. образдар деп шектейді...Әрбір автор оларға өзінің үлкен міндетін жүктейді, Г.Д.Гачеваның пікірінше, образ жасауда « субъект (автор) өзін объекті ретінде жаратады» [23, 58]. Сонымен қатар осы еңбегінде көркем образдарды былай деп жіктейді: «Образ - персонаж, заттық әлем, ойшыл образ (образы – мысли) және образ – әсерлеуші (образы – переживания), дыбыстық образдар (звуковые образы), көрермендік образ (зрительные образы), образ – иістер (образы – запахи), сезу (дене мүшелерінің сезімталдығы) образдары (осязательные (тактильные) образы)». Шығармаға арқау болған, барлық жүкті көтеріп тұрған кейіпкер арқылы біз сол бейненің образын да жасап шығарамыз. Яғни бұл жіктеу принципін жинақтап келсек, кейіпкердің толық антропологиялық, психологиялық портретін алып шығуға болады. «Шынында да адамды сөйлеу мәнерінен, көзінің қарасынан, маңдайдағы

әжімдердің қатпарынан, аяқ-қолын қалай алып жүреді, қалай тұрады, қол алысы қалай, бет терісі қалай, оның түсі қандай, құлағы, танауы, еріні, иегі т.б. адам денесіндегі әрбір мүшенің қызметі мен орналасуы, қозғалысы арқылы адамның шын мәніндегі ішкі жан дүниесіне көз жіберуге болады, яғни адамды толық тануға болады» [1,189]. Бұл әдісті қаламгер Тұрсын Жұртбай шығармаларында көп қолданыс тапқанын байқауға болады. Тек адам бетіндегі мимикасы арқылы жазушы сол оқиғаға қатысушы кейіпкерінің толық бейнесін жасай алған. Қаламгердің шығармаларынан тек көз арқылы жасалған психологиялық портреттер ұтымды шыққанына көз жеткізуге болады. «Психологиялық бейнелеудің бір түрі – көзқарас /взгляд/. Бұл психологиялық ауажайды баяндағанда соншалықты ауыр, оқырманның назарын бірден кейіпкердің ішкі әлеміне аударады» [1,263]. Кез келген суреткер секілді сұлулықты, ынтықтықты Тұрсын Жұртбай «жалтылдаған көз жанары» арқылы береді. Сондай-ақ көздің түр-түрін сипаттап, оның кейіпкердің көңіл-күйіне сәйкестендіреді. Осы әдіс арқылы жазушы өз қаһарманының толық психологиялық портретін жасауда үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Мысалы, «Қамшының көзі қанталап кетті», «...Қамшының желкесіне отты көзін қадап», «Қара көзі шатынап, ұсақ-ұсақ қызыл сызықтар тарамданып тұр», «...әйелі Рысқанды көргенде, жүрегі мұздап, қылтасы дірілдеп, көзі бұлдырап кетті», «Қорлауын-ай, шегір көздің», «Келіншегі

кірпігін көтерді де, күйеуін көріп, жанарынан жас парлап аға бастады», «Көз алды қабарып, ылғи ісініп тұрады», «...жанарына үнемі мұң ұялап, жасқана қимылдайды», «Жылы нұрға толы қара көз жан дүниесін баурап алғаны қалай», «... Кербалаға шарасыз жанарымен қарап қалыпты», «...тура қаракұсынан қадалған суық көз өңменінен өтердей шаншылады», - деген сияқты суреттеулер мол ұшырасады [11, 31,34,42,44,51,52,97]. Жалғыз көз жанары арқылы кейіпкердің ішкі дүниесіне де үңілуге мүмкіндік жасайды. Кербала мен Қамшының алғаш кездесуіндегі Қамшының бейнесін жазушы былай суреттейді: «Қабағы қайқы қылыштай иіліп, жанары ызалы ұшқынға толы. Қара көзі шатынап, ұсақ-ұсақ қызыл сызықтар тарамданып тұр. Қарулы саусақтарымен Кербаланың иығын қысқанда, сүйегін уатып жібере жаздады» [11, 37]. «Қара көзі шатынап, ұсақ-ұсақ қызыл сызықтар тарамданып тұр» деп қара көзін суреттеуден Қамшының ызаға толы жан дүниесін анық байқаймыз. Тіпті қаламгер көз ішіндегі ұсақ тамырларының қанталап, қызыл сызықтарының тарамдалуын байқатып, нанымды әрі әсерлі етіп суреттей білген. Мұндай суреттеу Тұрсын Жұртбайдың кез-келген шығармасында ең мағыналы көркемдік элемент ретінде қарастырылады. Олар ерекше, ешкімге ұқсамайды. Және оларды бір-бірімен еш шатастыруға да болмайды. Әркімнің тек өзіне ғана тән бет-пішіні, характері, емеуріні, ишарасы бар. Сондай-ақ, олар

роман аяқталғанша мың сан қайталанса да бір-біріне мүлдем ұқсамайды, олардың орнын да ауыстырып қолдануға болмайды. Кейде ішкі ойы мен ишарасы бір-біріне үйлеспей тұрса да, олардан бір сезімдік, ішкі бір үндестік, үйлесімділіктің болуын байқауға болады. Олар шығармада өз-өзін көркемдік қызметі жағынан да ақтап тұрады. Кейіпкерлерінің портретін беру жолында қаламгер оның көңіл-күйін қоса береді. Мысалы, «Осынау аяулы шақта Кербаланың өңінен де толқу мен діріл аңғарылды. Өткір жанары да от шашып тұрды. Ару шолпылы, қос өрімді қолаң шашын нәзік саусақтарымен сипап ұзақ отырды. Ұзын кірпігі жерге қадалып қалды. Жанарын жоғары көтермей, қинала, сабырлы болмыспен:

- Не дейін, құтты қонысын таппай, адасқан бақытыма налимын да, қайтемін», - деген үзіндіден де Кербала мен сұлу қыз Жамалдың ішкі толғаныстарын, мұңдарын «өңінің толқуы мен дірілі» арқылы, өткір жанары арқылы, тіпті кірпіктерінің қимылы арқылы ұтымды бейнелеген және олардың сол мезеттегі жан толғанысын нақты байқатады. Бұлардың бәрі – тұспалсөз, айтпаған емеурінмен, ишарамен бере білудің үздік үлгілері. Мұндай ишара, белгілер халқымыздың бірнеше ғасырлардан бері жиналған, қалыптасқан бай тәжірибелерінен туындап, санада сақталған. Психологиялық бейнелеудің тағы бір түрі ерін арқылы жүзеге асады. Оны Кербала образын ашу үшін жазушы былай қолданады: «Ерні кеберсіп, есі

кіресілі-шығасылы су сұраған. Тот басқан қылыштай жүзі қатулы мұртты адам қасындағыға қасын қағуы мұң екен, анау елпең қағып аттың қанжығасынан торсықты алып келді. Ашыған бидай көже. Құныға, ашқарақтана жұтты. Маңдайынан тер тамшылары моншақтай жөнелген» [11, 23]. Су сұраған Кербаланы шөлін ернінің кеберсуімен, шөлінің қанғанын маңдай терісінің моншақтай төгілуімен суреттеген қаламгер өз кейіпкерінің сол мезеттегі күйін шынайы бейнелеген. Осындай ерін арқылы суреттеулер шығарма бойында көп кездеседі. Мысалы: Кербаланың ашу, ызасын: «Кербаланың жұдырығы түйіліп, тамырлары бадырая білеуленіп, ернін тістелей берді», - деп суреттесе, Рысқанның қиналуын: «Ернін тістелеп тастапты, толғағы қатты болған ғой. Дыбыс шығармас үшін тістеген-ау, шамасы...», - деп бейнелейді, сондай-ақ Кербаланың шөлдеуін: «Ерні кеберсіп, тамағы қаңсып, жұтына демігеді», - деп көрсетсе, Жартыбайдың портретін «Ақсифан орсақ тісі мен бір ашылып, бір жабылған аузын көргені болмаса, Жартыбайдың сөзін Кербала естімеді», - деп сипаттайды. Міне, осылардың бәрі ерінді айшықты образға айналдырып, кейіпкердің жан дүниесіндегі психологиялық беймазаны бейнелеуде қаншама жүк атқарып тұр десеңізші. Бір ғана ерін – психологиялық портреттің бір ғана қыры, бір ғана түрі – мимикалық қозғалыстың қандай күрделі ойға тірелген озық үлгісін көрсетіп отыр. Бір ғана мимикалық қозғалыс – ерін қозғалыстары қаншама

сыр ұқтырады, қаншама мағына береді. Тіпті өзінің күлкісімен танылған еріннің табиғи қызметі де өзгеріп кеткендей ме, қалай? Тіпті көңіл аударар қоймайтын мұрт, сақалдың өзін жазушы көркем шығармаларында орынды әрі ұтымды қолданады. Мысалы: «Тот басқан қылыштай жүзі қатулы мұртты адам...», - деп «қатулы мұрт» арқылы мінезінің қаттылығын суреттесе, Кәрібоз абыздың портретін: «Қасын ақ бурыл шалып, күмістей сақалы кеудесін тұтас жапқан Кәрібоз абыз күрсініп қойып, күңірене сөйледі», - деп күмістей сақалы арқылы Кәрібоз абыздың жасын, ел арасындағы беделін бейнелейді [11, 28]. Сондай-ақ: «Түсі суық, қалың мұртты Ұлар...», «қатулы мұртты адам...», «Ақ күмістей сақалы желге таралып...», - деп, мұрт пен сақалды көркем деталь ретінде шығармасында көркем ойнатады [11, 63,34]. Өз шығармаларында қаламгер образдарын ашуда кейіпкерлерінің көңіл-күйін, ішкі сыры мен мұңын, жан әлемін кірпіктері мен қасы, қабағы арқылы да бере білген. Жазушының шеберлігі – оның ой-қиялының тереңдігінде. Кейіпкерінің психологиясын, ішкі әлемін көз-жанары арқылы бере білген жазушы онымен шектелмей, бет-әлпеттегі басқа да компоненттерін қосып суреттеуге барады. Мысалы, Қамшының ашуын, ызаға толы жанары мен ішкі қайшылықтарын қаламгер қасы мен қабағы арқылы былай деп жеткізеді: «Қалың қасы қиылып, қабағы түйілген Қамшы...», «Қабағы қайқы қылыштай иіліп, жанары ызалы ұшқынға толы», «Қарыс

түйілген қабағы түнеріп қасы жиырылып, сырын сыртына шығар-май, толғанысты қалпынан айнымайды» [11, 26,37,43]. Қамшы қанша «сырын сыртына шығармай» отырса да, оның түйілген қабағы мен жиырылған қасынан бәрін де ұғуға боларлықтай. Немесе Кәрібоз абыздың портретін толықтыра түсу мақсатымен, оның күмістей сақалын бейнелі ойната түсу үшін: «Кәрібоз ұзақ қарап тұрды да, бурыл қасын қақты», - деп қасының ақ бурыл шалғанын тағы еске түсіре кеткендей [11, 35]. Әдетте кейіпкерлердің антропологиялық келбеті сөз болған жағдайда негізгі сөз болатын детальдің бірі – шаш. Шашы арқылы да кейіпкерінің мінезін шебер суреттей білген қаламгер Тұрсын Жұртбай өз шығармаларында бұл көркем детальді ұтымды пайдалана білген. Мысалы Саржан ақынның портретін берерде: «Қызыл шырайлы жүзі сезім толқынымен сан құбылып, аялы жанарына бірде тұтанып кетердей отты нұр ұялап, бірде шарасыз мұң тұнып, толқынды қара шашы артына қайырылған, келбетінен зиялылықтың, табы білінетін Саржан ақын да Қамшының сөзіне егіліп кетті», - деп жан-жақты қарастырып, ішкі сезімін сыртқы белгілерімен, яғни жүзі, жанары, шашы арқылы бере білген нағыз психологиялық портрет деп айта аламыз [11,29]. Мұнда артына қайырылған толқынды қара шашы арқылы қаламгер Саржанның ақындығы, заман үлгісімен жүретін жас, қайратты жастардың бірі, зиялылықтың белгісі білініп тұрған ақын екендігін айтқысы келіп тұрғандай. Сондай-ақ:

«Бұйра шашы дудырап, өңі өрттей қызарған Саржан жасақтан жырыла бөлінген екі топтың ортасын жарып өтті де, күбірлей сөйлеп бара жатты», - деп ыза, ашуға толы Саржанды дудыраған бұйра шашы арқылы біз басқа қырынан танып отырмыз. Сонымен қатар өз кейіпкерінің жас ерекшелігін, ел арасындағы беделі мен орнын байқату үшін де жазушы шаш арқылы суреттеуді қолданған: «...Ал мен ақ шашты басымды иіп, кешу сұраймын. Адам ғой, қан төкпес. Төксе теппес, үлкенді. Елім, мен сен жақтамын!» - деп ақ күмістей сақалы бар Кәрібоз абызды енді көз алдымызға «ақ шашты басын иіп», еліне деген патриоттық сезімге толы сипатта қайта алып келеді [11, 34]. Немесе толық антропологиялық портретті жасауда қаламгер: «Төртбақ денелі, қайратты қара шашты, бұжыр бет Ұлар саяси хабары мол, көп тауқыметті басынан өткерген болатын», - деп қара шашының қайраттылығы арқылы мінезінің де салмақты, жігерлі, қайратты екендігін байқатады [11, 31]. «Қар астындағы көбелек» романында Жарас қарындасы Тотыны көргендегі сезімін жасыра алмай, сағынышын автор іс-әрекеті мен жылылық, бауырмалық сезімдерін былай жеткізеді: «... Шашын саусағыммен салалай тарап, маңдайынан иіскеп ем, ол нәзік саусағымен сипады. Мұрнынан еппен шерттім.» [3, 78]. «Шашын сипау, маңдайдан иіскеу, нәзік саусағымен сипау, мұрнынан еппен шерту» сияқты тіркестер арқылы қаламгер Тұрсын Жұртбай ағасы мен қарындасы арасындағы ыстық

туыстық сезімдерін, сағыныш сезімдерін шебер суреттеп көрсетеді. Сонымен қатар, осындағы жас баланың көңіл-күйін әрбір ырғақты пластикалық қозғалысын, нәзік іс-қимылдары – мимикалық деталь, балғын денесіндегі әрбір әдемі діріл, әрбір тамырының соғысына дейін психологиялық тұрғыдан суреттеу – өте сирек кездесетін құбылыс. Бет-әлпеттегі әрбір сызық, әрбір әжім сол тұлға – дене иесінің көңіл-күйінің көрінісін берері анық. Сөз болып отырған кейіпкер портреті де психологиялық талдаудың көркемдік құралдарының бірі болып табылады. Бүгінгі көркемдік прозада сапалық жағынан өзгерген кейіпкер портреті барлық болмысымен, мазмұнымен, мол мүмкіндігімен, қайталанбас құнарлы бояуымен көптеген жаңа түрге, стильдік, көркемдік ізденістерге жол ашты. Қаламгер шығармаларында ұзақ портреттерді кездестіру қиын, бірақ кейіпкерінің бейнесін жеткізу үшін жазушы қысқа әрі нақты штрихтерді қолданған. Мысалы үшін, көп жылдардан кейін Кербала Хадишаны көргенде оның портретін: «Ақша жүзін ұсақ әжім торлағанмен де жас күніндегі ажары солмапты»- деп көрсетеді [11,155]. Негізгі кейіпкер келбетіндегі әрбір әжім-сызықтан сыздықтатып сыр ашу, әрбір қимыл-қозғалыстан астары қалың қатпар-қатпар ой тарқату – шын шеберліктің шыңы деп білеміз. «Бір уыс жусан» элегиясында Төлеу портретін: «Қабағы кіртиген, өңі бозарыңқы. Жүдепті», - деп бейнелейді [11,367]. Немесе Саржан ақынды: «Қызыл шырайлы жүзі

сезім толқынымен сан құбылып, аялы жанарына бірде тұтанып кетердей отты нұр ұялап, бірде шарасыз мұң тұнып, толқынды қара шашы артына қайырылған, келбетінен зиялылықтың, табы білінетін Саржан ақын да Қамшының сөзіне егіліп кетті», «Жанарынан от шашқан, дөңгелек жүзді, қара торы Саржан ақын іштей күңіреніп, жан зарын тіл ұшынан төгіп, өзін-өзі жегідей жеуде», - деп суреттейді. Сыртқы келбеті ішкі эмоциясын сыртқа сездіріп, кейіпкерінің психологиясын толық ашып көрсетеді. Тоқметтің портретін беруде қаламгер бойындағы бар ашуды, ызаны былай көрсетеді: «Қалың қасы түксиген, көзі шүңірейген, айбарланып алған Тоқмет тұр. Өңменінен өткен көзі мұны жұтып қоятындай...» [11, 95]. Осындағы Тоқметтің ашуланған сәтіндегі бет-жүзіндегі физиономиялық өзгерістерді, сыртқы психологиялық детальдарды ұлттық тұрмысқа тән сипаттармен орайластыра бейнелейді. Міне, осындай қайғы-қасірет, қаншама санада да, денеде де үзіліссіз жүріп жатқан психологиялық түзілістер бар. Ең бастысы, мұнда жан дүниедегі психикалық процесс, кейіпкердің эмоциясын сыртқы сипаты, келбеті арқылы бере білу басты назарға алынған. Кейіпкердің сезімдері мен іс-әрекеттерінің құпия әуендеріне бара білу Тұрсын Жұртбайдың терең меңгерген саласы секілді. Тұрсын Жұртбай көркем текстегі кейіпкерлерінің әрбір қимыл-қозғалысын, денедегі әрбір динамикалық әрекеттің әдемі поэтикасын, өзіндік дене образын, дененің ішкі және сыртқы

күпия-сырын, жалпы дененің пластикалық бояуының көркемдік кеңістік пен көркемдік әлемдегі көрінісін, философиялық, эстетикалық құндылығын асқан шеберлікпен ашып, өз оқырмандарына жеткізе біледі. Көркем шығармаларда кейіпкерді жан-жақты дамытып, оны іс-әрекеті арқылы, сыртқы психологиялық ишараттары арқылы, жекелеген портреттері, көркемдік, заттық, тұрмыстық детальдары арқылы, ішкі дүниесі мен дүниетанымы, көзқарасы арқылы дамытып, психологиялық портретін толық жасап шығарады. Кейіпкерлерінің ішкі сезімін, жан дүниесін антропологиялық келбеті, ерекшеліктері арқылы жеткізе білген Тұрсын Жұртбай өз шығармаларында психологиялық портреттер жасауда, сол арқылы өз образдарының мінезін, жалпы психологиясын толық жеткізуде өзінің жазушылық шеберлігін танытады. Кейіпкердің әрбір мимикалық қозғалысы арқылы тұлғаның әр қырынан танытып, оның ішкі әлемінен, ой-сезімінен хабар беріп тұрады. Мұндай әдіс кейіпкердің ішкі жан әлеміндегі сезімдік, эмоционалдық, биологиялық, физиологиялық құбылыстарды жеткізе білудің шебер үлгісі. Сонымен қатар, жазушының күрделі салаға бара білген, психологиялық прозаны жете меңгергендігінің де көрсеткіші болып табылады.

«Міне, осынау психологиялық талдаулар, кейіпкерді белгілі бір іс-әрекетке психологиялық тұрғыдан дайындап алып келетін көңіл-күй

көріністері шығарманың сюжеттік желісін жандандырып, өмір шындығын көркемдік шындыққа шебер ұштастырары хақ» [1, 276]. Демек, жазушы Тұрсын Жұтбай көркем текстегі кейіпкерлерінің әрбір қимыл-қозғалысын, денедегі әрбір динамикалық әрекеттің әдемі поэтикасын, өзіндік дене образын, дененің ішкі және сыртқы құпия-сырын, жалпы дененің пластикалық бояуының көркемдік кеңістік пен көркемдік әлемдегі көрінісін, философиялық, көркемдік антропологиясын, эстетикалық құндылығын асқан шеберлікпен ашып, өз оқырмандарына жеткізе білген.


II ТАРАУ


**ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
АЛАШТАНУ
ТАҚЫРЫБЫ**

2.1 «Керегем-ағаш, Ұраным-Алаш!»

Қазақтың алғашқы саяси партиясы «Алаш» пен Алаш орда үкіметінің пайда болуы кездейсоқ құбылыс болған жоқ. Бұл қазақ халқының тәуелсіздігі үшін көп ғасырлық күресінің заңды кезеңі болды. «Алаштың» бұрынғы қайраткерлері және ғылыми және шығармалық интеллигенциясы қазақтың басқарушы таңдаулы тобының өкілдері қазақ мемлекеттілігінің іргетасын қалады. Олар шекараларды анықтау және қазақ жерлерін қосу процесіне белсенді араласты. Өткен ғасыр басындағы аласапыран кезеңде ғұмыр кешіп, тар жол, тайғақ кешулерде ұлт болашағы үшін күресе жүріп, ұлттық ғылымның жаңа заманға сай негізін қалап кеткен асылдарымыздың есімі бүгінде жалпы жұртқа біршама таныс. Бір қарағанда бұлай болуы заңды да сияқты, себебі атын атауға тыйым салынған сүреңсіз заманнан алыстаған сайын жаңа бағыттағы зерттеулер тереңдей түсті, тың көзқарастар қалыптасып, ол өз жемісін бере бастады. Алайда, ізденістер тереңдеген сайын, алдымыздан жаңа талаптар туындап отыр. Бұл талап қолымыз жеткен табыстарға тамсанып отыра беруді көтермейді, яғни «Алаш зиялыларының еңбектерін

жарыққа шығардық, зерттеулерді де бастап кеттік, алайда олардың азаматтық тұлғаларына қалай баға береміз, артында қалған мұраларын бүгінгі күннің игілігіне қалай жаратамыз?» деген мәселе төңірегінде ойлануымыз керек. Алаш зиялыларының еңбектері бойынша жүргізілген зерттеулер қазірдің өзінде бұл сұрақтың жауабын беріп үлгерген сияқты, бірақ сол зерттеулерден кейін де туындап жататын жаңа сұрақтар «Алаштанудың» баянды тақырып екенін көрсетіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда «Алаш зиялылары бізге білімінің тереңдігімен қызық, білігі мен отаншылдығының тереңдігімен қымбат» деп қазірге жалпы жауап бере тұруымызға тура келеді. «Алаш Туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз!» деп жырлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді қазақ зиялылары елдік мұраттың жойылмауын көздеді. А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Ермеков, М.Тынышпаев, С.Мендешев, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов және т.б. қазақ аумағының тұтастығын қамтамасыз ету үшін барлық күштерін салды. «Жыл өткен сайын алаш қозғалысының дәуірі алыстап, аңсары бәсең тартқандай көрінгенімен де, қазақ елі үшін «мәңгілік ел» идеясы ешқашанда өлмек емес. Қайта даму тарихымыздың тұрлаулы-тұрлаусыз, тағдырлы-тағдырсыз, дәуренді-тоқырау тұстарында тағы да сараланып, елдіміздің рухани нысанасын анықтауға тұтқа болып табылатыны анық. Ол – күмәнсіз шындық. Сондықтан да Біртұтас алаш идеясын

тұжырымдай тәпсірлеуге арналған «Ұраным – Алаш!..» деген жалпылама атқа біріктірілген бұл әфсананың «Жегі» атты бірінші бөлімі мен «Қайрақ», «Талқы» атты екінші-үшінші бөлімінің басылым көруі арасында аз үзіліс болғандықтан да қысқаша түсінік беруге тура келіп тұр. Өйткені жиырма жылдан астам уақытты қамтитын зерттеу аясындағы жинақталған деректердегі пікірлерді жүйелеу, салыстыру, түйіндеу, қорытындылау барысы автордың еркінен тыс біртұтас алаш идеясының тұжырымдамасын жасауға алып келді. Бұл әфсананың ту бастағы ойластырылған құрылымына ішкі түзілім тұрғысынан өзгерістер енгізуге, талдаулардың аясын кеңейтуге, дәлелдерді жана айғаққа байланысты қайталай дәйектеуге мәжбүр етті. Шығармашылықтың өзіндік ішкі қатал заңдылықтарына орай: жанама деректер алға шығып – бастауыштың, басты деректер кейінге ысырылып – баяндауыштың міндетін атқарып кеткен тұстар да кездесті. Ал онсыз «Ұраным – Алаш!..» сияқты көлемді дүниеге оқырманның ықыласын үзбей аударып отырып оқыту да мүмкін емес. Мысалы, жылнамалық жүйе бойынша Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаев, Ә.Байділдин т.б. туралы тараулар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Ғаббасов қатарлы 41 алаш қайтарткерінің тергеуі қамтылған «Жегі» бөлімінде, не М.Тынышбаев, Х.және Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков сынды 30 тұлғаның тағдыры сараланатын «Қайрақ» бөлімінің басында тұруы тиіс болатын. Аса ауқымды 14

томдық тергеу ісін жинақтай жүйелегенде бұл тәсіл мазмұндық тұрғыдан бірегей қайталауларға ұрындыратыны байқалды. Сондықтан да тарихи айғақтарды алдыға шығарып, «мәдениет майданына» қатысты айыптауларды шегере бердік. Соның өзінде, өзіміздің шығармашылық басты нысанамыз – рухани тәуелсіздік мәселесі жеріне жете жетеленбегендей көрінгендіктен де, Мұхтар Әуезовтің тергеу ісін жеке бөліп ап, сол арқылы 1917-1991 жылдар арасындағы кеңес өкіметінің зиялы қауымды ұлттық-идеологиялық қысымда ұстап, тұлғаларды үрейден айырмаған арандату саясатын талқыға салғымыз келді. Сонымен қатар бұған: қашан тәуелсіздік алғанша зиялылардың жан аңсарына айналған алаш идеясы 1937 жылдан кейін өшті – деген саңлаусыз пікірдің үстемдік алып бара жатқаны да қамшы салды. Сөйтіп, Біртұтас алаш идеясы мен қозғалысын тұжырымдайтын түйінді құжаттарды тұтастай ұсынуға ықпал етті.

Саналы түрде қырық жыл бойы зерттеген тақырыптың әлі де қамтылмаған бөген-айы мен әттеген-айына қарамастан, оны бұдан әрі тартпада сақтауды қажет деп таппадық. Тек, бұл әфсананың жинақтау, салыстыру, саралау, ой қорытып, пікір тұжырымдау мақсатында жазылғанын есте ұстауды өтінеміз. Алаш идеясы өмірлік аңсарына айналған, сонымен өмір сүрген «жоғалған ұрпақтардың» толқынына жататын тағы бір жалаңтөс көмпістің мұншама құжаттар мен деректерді жинақтап, ту күйінде ұлтына ұсына қоюы екіталай, білтенің

бітер ұшында маздаған өмір мүмкіндік те бере қоймас. Қайыр»- деп Тұрсын Құдакелдіұлы өзінің «Ұраным Алаш!» атты түрме әфсанасының кіріспе бөлімін де осылай жазып, жазылған еңбегіне баға берген [16,5].Тарихи құжаттардан белгілі, 1917 жылдың 13 желтоқсаны – екінші жалпықазақ съезінің аяқталған, қазақ даласының түкпір-түкпірінен келген съезд делегаттарының тарқаған күні. Ал, Алаш қайраткерлерінің жекелеген естеліктері мен құжаттары Алашорда үкіметінің құрылған күні деп желтоқсанның он екісін көрсетеді. Ал, съезд делегаты, математик Әлімхан Ермековтің мақаласы үкіметтің жасақталған уақыты мен автономия туралы қуанышты хабардың қай сағаттарда айтылғанын нақтылай түседі: «Декабрьдің 12-күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты Алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді... Жасасын Алаш автономиясы!» [2]. Сол себепті, Алаш күні деп 12 желтоқсанды атау – анағұрлым дәлірек сықылды.Алайда, қателеспесек, 1918 жылдың ақпан айынан бастап Лениннің декретімен Ресей григориан күнтізбесіне көшіп, 13 күн алға бір-ақ секірді. 31 қаңтардан кейінгі күн 14 ақпан болып белгіленді. Соған орай, Ә.Ермеков жазып отырған 12 желтоқсан – бүгінгі 25 (12 желтоқсан + 13 күн) желтоқсанға сәйкес келмей ме деген сауал туындайды. Ендеше, Алаш күнін белгілейтіндей күн туса, тарихшылар осы күннің есебін күнтізбелік

ерекшеліктерге орай дәл есептеп шығарғаны дұрыс сияқты. Алаш туралы сөз қозғалғанда, тарихшылар, жазушылар, журналистер, қоғам қайраткерлері Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда үкіметі және Алаш автономиясы сияқты үлкен ұғымдарды орынсыз, ретті-ретсіз қолданады. Тіпті, ғылым докторлары мен мүйізі қарағайдай жазушылардың өзі осы ұғымдардың мән-мағынасын айырмайтындығы еңбектерінен көрініп тұрады. «Алаш» партиясы 1917 жылдың жазында, тарихи деректерге қарағанда, I жалпықазақ съезінен бастап құрыла бастады. Өйткені, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ мүддесін қорғауға жеке партия қажет еді. Бірақ, Уақытша үкімет Құрылтайды бірнеше рет сырғытып, ақырында Ленин оны тарқатып жіберуге нұсқау берген соң, «Алаш» партиясының жұмысын жалғастыруға дәл сол мезеттерде аса қажеттілік болмай қалды. Ал, біздің жазарман қауым «Алаш» партиясын 1937 жылға шейін бір-ақ әкеледі. Алашорда үкіметі Алаш автономиясының ісін жүргізетін бірден-бір саяси құрылым болды. Рас, 12 (25) желтоқсанда Алаш автономиясы де-юре жария етілген жоқ. Оны жариялау мәселесі кейінге қалдырылды. Бірақ, 1918 жылғы жаздағы Ә.Бөкейхан қол қойған жарлықтар автономияның нақтылы іске кіріскенін көрсетеді. Әсіресе, «Алашорда үкіметі Алаш автономиясы территориясындағы билікті өз қолына алады» деген мазмұндағы құжаттар автономияның де-факто құрыла бастағанын білдіреді. Осы

кұжаттармен бірге Алаш әскері, сот, білім-ғылым, Совет өкіметіне көзқарас туралы бірнеше жарлық шыққан болатын. Біздің тарихшылардың осындай маңызды тарихи деректерге аса зер салмай отырғандығы бізді әлі де таңдандырады. Біздіңше, бұл нағыз конъюнктуралық, ғылымнан гөрі саясиландырылған баға. Неге? Жауабы – айқын: Алаш – тәуелсіздік мұратына жете алмады, біз – жеттік! Бұл мәселеде Алашты 1905 жылғы Қарқаралы петициясынан бастап, 1937 жылдар аралығындағы локальды, бөлек құбылыс ретінде қарастыратын тарихшылардың да ұстанымы айрықша рөл атқарып тұр. Алаш автономиясы (1918-20 жылдар шамасында автономияның іс жүзінде іргетас қалай бастағанын ескеру қажет) арыны айтпағанда, бергі Керей-Жәнібектен Кенесарыға дейін жеткен Қазақ Ордасының тарихи мұрагері. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысы болсын, Қазақ ордасының мемлекеттілігін қалпына келтіру жолында күрескенін айтып та, жазып та жүрген. Ә.Бөкейханның Кенесары туралы екі ауыз орысша өлең жазуының сыры да терең. Бұған қоса, Алаш автономиясы енді ғана қалыптаса бастаған мемлекеттілік, саяси институттарымен, соттарымен, әскерімен, газетімен, тіпті саяси элитасымен Кеңестік Қазақ автономиясының іргетасын қалауға атсалысты деп, тарихи сабақтастықты ғылыми тұрғыда жазған тарихшыны кездестіре алмайсыз. Қазақ тарихының ғасырлық, дәуірлік ағыстарында Алаш тарихы қашанда «менмұндалап» жеке

жүргені... Біздіңше, Алаш тарихы 37-мен аяқталған емес, 37-ден соң да жалғасқан тарих. Біздіңше, Алаш – жеңілген емес, жеңген ұрпақ, белгілі дәрежеде өз мақсат-мұраттарына жеткен ұрпақ. «1937 жылы Алаш қайраткерлері атылмағанда...» деген көзқарас – Алаштың шекара мәселесіндегі жеңістерімен, ғылым-білім, өнеркәсіп, театр мен тарихты зерделеу, баспасөздегі қыруар-қыруар жеңістерімен, Кенесары мен Кеңес одағының арасындағы тарихи ролімен ауыстырылуы керек сияқты. Әйтпесе, Алаш туралы сөз басталғанда олар ештеңе жасай алмай кеткендей, үлгере алмай кеткендей әсерде қаламыз.

«Бостандық! Теңдік! Туысқандық!» Бірінші Француз республикасының ұраны болған, әлі күнге Франция Конституциясының Преамбуласында тұрған бұл категорияларды 1917 жылы Ә.Бөкейхан бірнеше мақаласында тектен-тек атамайды. Сол себепті Ә.Бөкейхан құрғысы келген автономияны Бірінші Қазақ Республикасына ұқсатуға болар еді. Әрі Әлихан Бөкейхан Алашорда үкіметіне жалпыхалық ұсынған делегаттардың дауыс беруі арқылы сайланды. Яғни, съездегі сайлауда ол 82 дауыстың 40-ына ие болды. Бұл қазақ тарихындағы тұңғыш республикалық негіздегі жалпыхалықтық әділ сайлау. Жиырмамыншы жылдардың аяғында басталған репрессия алпыс жылдай Алаш қайраткерлерінің атын атасаң – аузынды қарыды, жазсаң – қолынды шапты. Орыс отаршылары, коммунистік идеология қанша

қылышында қан тамғанымен, қазақ санасына Алаш идеясын сөндіре алған жоқ.

2.2 Алаш арыстарының мұралары және «ақтандақтар»

1985 жылдың сәуір айынан басталған КСРО-дағы қайта құру жариялылық пен демократияға кеңінен жол ашты. Осы тұрғыдағы нақты жаңғыру қайта құрудың «екінші кезеңінде», атап айтқанда, 1988 жылдан бастап, толығымен өз күшіне ене бастады. 1980 жылдардың аяғында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен ұлттық тәуелсіздік мәселелері алдыңғы қатарға шыға бастады. Қоғамдағы түрлі қайшылықтар мен жалпы даму үдерісінің күрделене түсуіне қарамастан, халық шын мәніндегі рухани және саяси еркіндікке ұмтылды. Қазақ ұлтының мәдени-рухани құндылықтары тоталитарлық қоғамда қатты жапа шеккеніне тарихымыз куә. Евроцентристік зымиян көзқарастан нәр алған орыс отаршылдығы өзіне қараған жұрттың интеллектілік қуатын жаншып отырғаны да өзімізге белгілі. Әсіресе ұлт пайдасына айтылған жанды сөзді тұншықтырып отырды. Кеңестік дәуірде сталиндік үлкен террордың қаралы жалыны шарпымаған ешкім қалмаған еді. Сондықтан да болар, сол 1980-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында бұл жолы тек таза ұлттық негіздерді тіреу еткен өзіндік бір қазақи «ренессансымыздың» яки қайта түлетудің

айтарлықтай тұғырлы болғандығы. Әсіресе, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуына орай. Жаңа жағдайда отаршылдық саясаттың нәтижесінде бұрмаланып келген ұлттық тарихтың беттерін қайтадан қарап, бұрын зерделеуге тиым салынып келген мәселелерге жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік туған кезең келді. Жариялылық саясаты шеңберінде көптеген цензуралық тыйымдар жойылды, жаңа газеттер мен журналдар шығарыла бастады, статистикалық ақпараттың бұрын жариялануға жатпайтын тізбесі қайта-қайта қаралды. Бұрын жабық болып келген мұрағаттық және кітапханалық қорларға қол жете бастады. Әуелі бүкілодақтық журналдар мен газеттердің беттерінде «Огонек», «Московские новости», «Родина» т.б. сонан соң қазақстандық мерзімді басылымдардың да («Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Ленинская смена», «Простор», «Горизонт», «Арай-Зерде») беттерінде КСРО-дағы 1930 жылдардағы қуғын-сүргін, басқаша ойлайтындар мен саяси оппозицияны басып-жаншу, ұлтаралық мәселелер сияқты сын мен талдау үшін бұрын мүлде жабық болған көптеген тақырыптар жарияланып, талқылауға түсті [26]. КСРО тарихының Кеңес заманындағы талай «ақтандақтары» ашылып, мұның өзі кеңес қоғамындағы революциялық өзгерістерге негіз болды. Қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуы республикада 1988

жылдың басынан бастап өз күшіне ене бастады. 1988 жылдың басында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанында сталиндік репрессиялардың құрбаны болған халқымыздың ардақты ұлдары мен қыздарының саяси және шығармашылық-мәдени қызметтеріне оң баға беру туралы арнайы Комиссия құрылып, ол өз жұмысын бастады. Аталмыш Комиссияның шешімдері бойынша 1950-ші жылдардың соңында ақталған, алайда қайсыбір «объективтік» себептерге байланысты 60-80-ші жылдары кеңінен насихатталуға бәлендей құлық көрсетіле қоймаған қазақ зиялыларымен қатар (мәселен, С.Қожанов, Н.Төрекұлов және т.б.), бұған дейін есімдерін атауға да тиым салынған ғасыр басындағы ұлт зиялылары, олардың қоғамдық-саяси, тарихи-әдеби және мәдени-шығармашылық мұралары халқымен қайта қауыша бастады [27,17]. Осылайша, саяси қудалау кезіндегі, яғни, отыз жеті-отыз сегізінші, қырық алты-елу үшінші жылдардағы жарияланымға тиым салынған шығармалар мен жекелеген авторлық құқықтар қалпына келтіріліп, «тәжірибе» жинақталған соң, ұлт көсемдерін ақтауға ұмтылыс басталды. Қоғамдағы өзгерістермен бірге тарих ғылымында да маңызды өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасының Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес қабылдаған «Қазақстан Республикасының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасында» атап өтілгеніндей, «өткенді және қазіргіні ой елегінен

өткізу қажеттігі Қазақстанның, оның халқының тарихи тағдырына талдау жасауды жандандырып, терендете түсуді мейлінше талап етеді [28,9]. Кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихты сын көзбен қайта ой елегінен өткізу демократиялық үдерістің дамуындағы маңызды белес болды. «Басқаша болуы мүмкін емес», «Тарихшылар дауласады», «Бұл жайында айтылмады», «Қазақстан тарихы: актандақтар» атты жарияланымдарда, мақалалар жинақтарында - Қазан революциясына, Азамат соғысы мен Отан соғысына, большевиктер жетекшілерінің - В. Лениннің, И.Сталиннің, Ф.И.Голощекиннің т.б. қайраткерлігіне жаңаша берілген бағалар пайда болды. Қазақстан қоғамы ешқандай кінәсы жоқ жүздеген мың адамдарды қырып-жоюдың қитұрқы әдістері, бөгде ойлыларды қуғындаудың жымысқы жүйесі т.б. туралы шындықты біле бастады. 1997 жыл – «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы ретінде жарияланып, 31 мамыр – саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Осыған орай көптеген құпия мұрағатық құжаттардың сыры ашылды. Мәскеу мұрағатынан «Әділет» қоғамы жетекшілерінің өтініші бойынша 1938 жылы атылған адамдардың тізімі алынды. Тізімдегі 631 адамның басым көпшілігі қазақтың маңдай алды азаматтары. Осы жерде негізгі мақсат-қазақтың бетке ұстар азаматтының көзін жойып, бүтіндей бір халықты бассыз қалдыру болғаны

айқын байқалады. Тізімнен қай арыстың қай күні зұлымдықтың құрбаны болғанын көруге болады. (25ақпан күні Санжар Асфандияров, Құдайберген Жұбанов, Сейтқали Мендешов, Измұқан Құрамысов, Сәкен Сейфуллин, 27 ақпанда Бейімбет Майлин, Ілияс Қабылов, 28 ақпанда-Ораз Жандосов). Мәскеуден жеткен тізімдегі 631 атылған адамдардың 80 пайызы-қазақтың белгілі адамдары болған. Олардың көбі алаштың арыстары. Тарихи деректерде, 1927-1953 жылдары 40 миллион адам, оның ішінде Қазақстан бойынша 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. 1929-1933 тек Қазақ АССР-ы ОГПУ саяси өкілінің үштігі 9805 іс қарап 22 933 адам жөнінде шешім қабылдаған, соның ішінде 3386 адамға ең жоғары жаза – ату жөнінде үкім шығарған. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысы бойынша 1937 ж. 853 адам қуғынға ұшырап, оның 335-і атылған, қалғандары әр түрлі мерзімдерге еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген. 1938 ж. 936 адам тұтқындалып, 690-ы атылған, 246-сы сотталған [29,45-46]. Жазушы, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың Алаш зиялыларының үстінен жүргізілген тергеу материалдарының негізінде жазылған «Ұраным- Алаш!» атты көп жылғы зерттеу еңбегінде төмендегідей деректер келтірілген: «1988 жылы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтің сұрау салуы бойынша Қазақ ССР-нің Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов «Алашорда» қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің



заңсыз жүргізілгеніне наразылық білдіріп, Қазақ КСР Жоғарғы сотына ұсыныс жасады. 1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралды. Оған Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы Т.К.Аймұхамбетов, Жоғарғы соттың мүшелері К.Т.Кенжебаев, Е.Л.Грабарник және Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов қатысты. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің егжей-тегжейін зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Сонымен қатар, сол кездегі Құқықтық комиссияның төрағасы, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің меңгерушісі, жазушы Т.Жұртбайдың Жоғарғы соттың мүшесі К. Кенжебаевқа берген әдеби сараптамалық қорытындысы бойынша «Алашорда» қайраткерлерінің шығармалары мен ғылыми еңбектерінде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізілмегені расталды. Соның нәтижесінде Қазақ КСР-нің Қылмыстық және праволық Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Жоғарғы сот: «Шешім: СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің ІҮ коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы

Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім т.б жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын. Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын. Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты - Т.К.Аймұхамбетов. Коллегия мүшелері - Е.Л.Грбарник, Қ.Т.Кенжебаев», - деген шешім шығарды. Көп ұзамай, Қазақстан Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө.Жәнібековтің араласуымен Ғылым академиясында арнайы комиссия құрылды, сол комиссияның шешімі бойынша Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық тұрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты [30]. Осылайша, қоғамда қордаланған мәселелермен табандылықпен күрес нәтижесінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М. Шоқай, М.Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев т.б. көптеген Алаш қайраткерлері мен ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері саяси, кейінірек азаматтық тұрғыда ақталды. Олардың мұраларын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берілді.1980-ші жылдардың

соңында басталған қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларын жаппай түрде ақтау үрдістері Қазақстандық қоғамда аса зор рухани өрлеуге жол ашты. Бұған дейін тиым салынған, беймәлім мәселелердің беті ашылып, халықтың еншісіне тие бастады. Осы әзірде қазақ зиялы қауымының ғасыр басындағы шығармашылық-мәдени мұралары негізінен Алаш идеясының төңірегінде топтастырылды деуге де қақымыз бар сияқты. 90-шы жылдары аталмыш салада толымды ғылыми зерттеулерімен әйгілі отандық тарихшы ғалымдарымыздың бірі, «Алаш һәм Алашорда» атты еңбегінің авторы академик К.Нүрпейісов: «Алаштану саласында зиялы қауым бірлесіп зерттейтін ғылыми шешімін күтіп отырған мәселелер жетерлік. Олардың ішіндегі кейбір маңыздылары, меніңше, мыналар, - дей отырып, - Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы мен Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіретінің» де аталмыш мәселеге жататындығына үлкен мән береді [16]. Алаш қозғалысының, жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлттың рухани-мәдени деңгейін көтеруге сіңірген еңбегі өте зор. Мәселен, Қазақстандық тарихшылар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың ойларына, Алашорда басшылары, сайып келгенде, екі негізгі мақсатты басты назарда ұстаған. Олар: біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, ал екіншіден, қазақ халқы мен дәстүрлік қоғамын ортағасырлық мешеуліктен

өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу. Бәлкім, сондықтан да болар, аталмыш ғалымдар алаштық зиялы қауымды «ұлттық-демократиялық зиялы қауым (интеллигенция)» деп, ал Алаш партиясын «ұлттық-демократиялық партия» деп атағанды жөн көреді [31,5].


ІІІ ТАРАУ


**ТҰРСЫН
ЖҰРТБАЙДЫҢ
ТОЛҒАУ-ЭССЕ
ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ**

3.1 Мұхтар Әуезов және тарих талқысы

Тұрсын Жұртбай өзінің «Талқы» атты еңбегінде қазақ ұлтының тағдыр тәлкегі, қазақ тілінің құлдырауы мен дамуын, қазақ зиялыларының сынға түсіп, ондағы олардың баз кешкен өмірін тағдыр мен тарих талқысына салып талқылайды. Бұл еңбек бес бөлімнен құралған. Олар: 1.Тарих талқысы; 2.Ел талқысы; 3.Жер талқысы; 4.Талант талқысы; 5. Заман талқысы. Негізінен, бұл еңбекте Мұхтар Әуезовтің шығармашылық зертханасы кеңінен ашылған. Тұрсын Жұртбай бұл еңбекте әр тарау тоқталып өзінше ерекше талқыға салу арқылы Мұхтар Әуезовтың бейнесін, ғұмырын адамзатқа тың жақтан көрсетеді. Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білгеқаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлері түркі халқына тән негізгі ырымдар. Халқымыздың бойындағы отансүйгіштік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарауға болады. Бұған дәлел көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: «Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді» – деген көне жазу қазақ

халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден-ақ туындап, дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетеді. «Әркімді заман сүйреме, заманға жаман күйлемек замана оны илемек», - деп Абай атамыз айтқандай, әрбір ұлттан шыққан тұлғалар бар. Олар ұлтытілі, жері үшін жандарын қиюға әзір жандар. Қазақ халқы әрдайым өзінің ақындарын, жазушыларын, ел ардақтыларын көзден таса қылмай, оларды тарих сахнасынан түсірмеген. Себебі, халқымыз отар елдің қатарында болып, тәуелсіз ел болмағанымен, ешқашан рухани тәуелсіздікті жоғалтпаған, азат болуды мұрат еткен қайсар қайтпас халықпыз. Сол заманда «Алаш Орда» үкіметін құрған Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұхамеджан, Халел, Жаһанша сияқты тұлғалардың арқасында қазақ халқы тәуелсіз елдің дәрежесінде екі жылдай өмір сүрді. Қазақ елінің рухын тәуелсіз ұлт жеткізу жолына бүкіл арман-мұратын, қайратын, талантын тағдыр жолына салған бұл тұлғалар сол кездегі бастарынан кешіп жатқан қиыншылыққа қарамастан, сол заманның бостандық бейнелеріне айналған. Кешегі ешкімге бағынбай, елді хан билеп, көсем би билеген заман - киіз туырлықты қазақтың тарихында әркімге белгілі бір дәуір. Ол заман өтті. Одан бергі біздің хал бұлқынбай жатқа бағынудың жолында болды. Кең қазақ даласын әлденеше указ шайқалтып шықты. Көп өзгеріс, жаңалықтар болды. Әуелгі қазақтың халықтық қалпы неше толып, неше кішірейіп шым-шытырық түрлерге түсті. Әр түрлі

указдардан шыққан өзгеріс халық бақытын мысқалдап, жылжытып, құлдық құшағына тастағалы әкелді. Неше рет қазақ халқы зынданның ернеуіне келіп қайтты. Бұл уақытта заман ол тұманды сейілтті. Енді қандай өзгерістер болса да, халық жоғалмайды, бақыт қайта оралып күліп қарайды, деген үміт Алаш жүрегін қуантып тұр. Бір жұрттың басынан кешкен әртүрлі дәуір, сол халықтың қалпына әртүрлі із қалдырып отыратыны тарих жүзінен белгілі. Бастан кешкен шабыншылық, бұзақы тентектік, батырлар, хандар заманы қазаққа өзге бір мінез беріп, халықтық қалпын басқа бір түрге түсірген. Заман талқысы: шабыншылық, бассыздық еріксіз сондай қылып отырса, кешегі өткен ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін әділетшіл билердің заманы, жұрт мінезінде о да өзінше бір із қалдырды. Одан бергі, арты бүгінге дейін сейілмей отырған, ел қамқоры басшыдан, берекеден, тәртіптен, намыс-қайраттан айырылып, құлдық пен зорлық арқанында матаулы болған заман, тағы да басқа түрлі із тастап, келешектегі жұртшылыққа өзгеше бір рухты бұл да беріп кетіп отыр. Сол кезеннің ұлттық азаттық аңсап жүрген, азулы да арқалы, оқығандардың ішіндегі «үмітісінің бірі» жиырма бір жастағы Мұхтардың мынадай сөздері бар: «Әр адамның туып өскен елі, жасынан жаттап өскен ғадеті, нанымы, тұрмыс қалпы – сол адамның, ақыл, мінезіне із қалдырмай тұрмайды. Бұл қалдырған із – көңілге кіріп, ерікті билеп, әр адамға өзінің елін сүйгізіп, елдігін іздетеді. Елдікке келген

қауіпке – оқыған, оқымаған бірде күйініп, қарасысына бірдей шығады. Елдігі аман қалуы үшін екінің бірі бейнетке, өлімге, иә басқа түрлі жазаға шыдап кететінін тарих жүзінен көріп отырмыз. Ерте заманнан бері болып келе жатқан бес-он, жиырма-отыз жылдық соғыстардың бәрінде болатын екі-ақ түрлі мақсат бар. Бір мақсат – бір жұртты жем қылу; екіншісі – елдіктен айырылмау, өзгеге жем болмау. Жеңіп алған жұртына жеңген ел не істейді? Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-әдетін араластырады, артынан аламыштап жүріп тілін жоғалтып, елдің белгісін күңгірттендіріп, ақырында бір ұлтты жұтып кете барады. Әрине, бұл айтылғандай болып жұтылып кететін қандай ел: мәдениеті төмен болған ғана ел. Бұлай болғанда мәдениет жүзінде төмен болған елдің дүние жүзінен жоғалатын зор себебінің бірі – осы. Бұдан басқа, жолына жалпақ ел болып жанды қиып отырған сонша қымбатты елдіктің жоғалуына тағы бір үлкен қауіп бар. Ол – елдің өсімі азайып, өлімі көбейіп, ақырында өліп таусылуы... Міне, осы аянышты халдың барлық белгісі қазіргі уақытта қазақ ішінде де білініп келеді» [32,77]. Ұлт мәртебесін дүние жүзіне танытқан тұлғанын бұл сөзі ішкі дүние тербелісінен шыққанын және елінің тағдыры үшін алаңдаулы екенін байқауға болады. Бірақ халық арасынан Мұхтар Әуезов сияқты тұлғаларға қарсы шығып айып таққандар да бар, себебі халықта Сталиннің жеке басына табынушылық және оқыған

азаматтарды жау санады. Оларды мазақ қылып, дәрежесін түсірумен болды. Өкінішке орай, ұлтының мүддесінен, жеке басының намысынан, ұрпақ алдындағы парызынан лауазым мен марапатты жоғары қойған мөжантопай, қолтоқпақ, исалмастардың желіктіруінің кесірінен «қуажақтың» жағы сембеді, керісінше, тісін – тісіне басып, үш жылдың ішінде - қазақ ұлтының мәйегін ірігіп тынды. Шын мағнасындағы ұлт көсемдері – «Алашорда» қайраткерлерінің бірі қалмай қамауға алынды. Қазақтың көшпелі экономикалық қарым - қатынасы бұзылып, шаруашылығының шаңырағы ортасына түсті. Халық қамын ойлайтын қайраткерлер кудаланды. Ұлттық мәдениеттің тамырына балта шабылды. Ұлттық демейін, кәдімгі мемлекеттік мүдденің өзі аяқ астына тапталып, халықтың ортақ қазынасы «жалаң айғайдың» құрбандығына шалынып, талан – таражға түсті. Ақырында қазақ елін орыны толмас қасіретке душар етті [32,84]. Ұлтты ішінен аздыру, олардың халыққа беделі бар тұлғаларын бір – біріне өшіктіру, біріне – бірін аңдытып, бірін-біріне жазалату, сол арқылы ұлттың бірлігін ыдырату – әлмисақтан келе жатқан жаһангерлік саясаттың сынақтан өткен ең «жемісті» әрі қауіпті тәсілі. Қазақтың қара жеріне кіндік қандары тамған қас батырларымыз Б.Момышұлы: «Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм - бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті,»- деп Отанға деген сүйіспеншілік оның әрбір азаматының жүрегінен туындауы керек деп

жеткізсе, Ұлы Отан Соғысының шегіне жете беріп, қаһармандықпен қаза тапқан Б.Бұлқышев: «Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу - қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махабатты бізде өлшеуге болмайды», деп жүректің пәктілігі ғана Отанды анасындай қастерлеуге тәрбиелейтінін айтады. Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен емес, іспен дәлелдей білген «өз заманының батырлары» да арамызда жүр. Ең қасиетті де киелі күрес – рухани бостандық пен рухани тәуелсіздік жолындағы жан қасымы, ең жауыз және ең қастаншықпағыр саясат – бір ұлтты екінші ұлттың рухани тәуелді етуіне бағытталған саясат. Саяси, экономикалық, шекаралық тәуелділікке ұшыраған ұлт – құрып кетудің қаупі төнген ұлт. Ал, осыған қоса рухани тәуелділікке ұшыраған ұлт – құрып кетуге бет алған ұлт. Саяси, экономикалық, шекаралық тәуелсіздігі бар, бірақ та рухани тәуелді ұлт – құрыған ұлт. Өйткені, оның санасы тәуелсіз ұлттың санасы емес, Абай айтқан, түйсігінен ұйыған «көп айтса көндіге» көндіккен «баспақтың» көндімі. Туған халқын көксеген азаттығына жеткізген ұлы күрескерлер де басыбайлылық пен бостандықтың психологиясынан құтыла алмаған. Бұған Мұхтар Әуезовтің Дж. Нерудің «Индияны тану» атты кітабындағы: «Индияның бүкіл болмысы менің қанымда қайнап тұр, оның бойындағы құбылыстардың барлығы менің жан дүниемді қатты тебірентеді. Сонда да, мен өз еліме, оның бүгiнiне, өзiм байқаған өткеннiң

сарқыншақтарына жаттың көзімен, және сондай жеккөрінішпен қарадым. Мен өз елімді батыстың көзқарасы арқылы таныдым және кәдімгі достық пейілдегі еуропалық оған қалай қараса – мен де солай қарадым... Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жасалған тарих еді»,–деген тұсына көк бояулы қарындашпен: «Менің халқымның да тарихы солай жазылды»,– деп белгі қойғаны дәлел [32;5]. Ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін ұлттық құндылығымыздың маңызы ерекше. Ұлттық құндылыққа – ұлтымыздың мәдениеті, әдебиеті, өнері, музыкасы, спорты, салт-дәстүрі жатады десек, қазақта «ата-қоныс» деген ұғым бар. Яғни, «ата-қоныс» қазақ үшін киелі жер болып саналады және осы көшіп-қонып жүрген жерлерінің тауы мен даласы, өзен мен көлдері, орманы мен құмы қазақ халқының аңыз-әңгімелеріне, өлең-жырларына, шығармашылығына арқау болған. Соның негізінде қазақ халқы өз алдына, тәуелсіз мемлекет болып өмір сүргенде оның тілі, мәдениетімен қатар әдебиеті де қалыптасып дамыған. Біздің ұлттық мұрамызда халықтың ғасырлар бойы басынан өткерген тарихи тағдыры, арман-мұраты, мұң-мүддесі жатыр. Ұлт пен тіл ешуақытта ажырамайтын, бірімен-бірі кірігіп, бөліп алуға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті – қабілетінде, ал қабілет ойлаумен байланысты, өз кезегінде ойлау деген нәрсені құрайтын – тіл. Осыдан тиісті қорытындылар жасауға болады. Ұлттың рухы тілдің мазмұнын

рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл – тіл емес. Мысалы, дүние жүзінде жасанды тілдер бар. М. Әуезов «Отан – анам. Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», - дейді. Ал, В.А.Сухомлинский: «Отан – өз бесігің, өз үйің, өз бесігіңді ұмытпа», - дейді. К.Г. Паустовский: «Адам жүрексіз өмір сүре алмайтын болса, Отансыз да өмір сүре алмайды.», - дейді. И.С.Тургенев: «Отансыз бақыт жоқ, кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы - туған жер», - дейді. Ал, Ж.Ж.Руссо: «Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған», - дейді. Ф.М.Достоевский: «Өз Отаныңның мүддесін қорғап, өміріңді құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ», - дейді. Л.Н. Толстой: «Отан халықтың өткені мен бүгіні және келешегі», - дейді. Осындай небір ұлағатты, қасиетті сөздер көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа рух берері сөзсіз. Ұлттық рухтың ең бір абыройлы қызметі – тілді рухтандырады. Тілдің рухты бойына сіңіріп алып, ұлттық дүниетанымдық, психологиялық, басқа да толып жатқан ұрпақтан- ұрпаққа беріліп жататын қажетті қасиеттерін бойына жинаушы, кезең-кезеңімен кейінгі ұрпаққа жеткізуші құралға айналатын себебі де сондықтан. Ұлт пен тілді ажырату мүмкін емес. Осы пікірмен сабақтас классик жазушы Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады, себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса, рухани ой-тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады. Тегінде, қай

мамандық саласында жүрген адам болса да, шын интеллигент дәрежесіне жету үш әдебиетті білу жалпылығы ортақ шарт. Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел «азған» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормандай ел бұрынғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер аз емес», – дейді. Азаматтың, ұлттың, тұлғаның, таланттың, әр пенденің рухынан қасиетті және мәңгілік күш жоқ. Дүниенің тұтқасы да сол рух. Рух өлген тұстан, рухани тәуекелдікке телінген сәттен бастап адамзат – ақыл парасаттың дербес шешімінен, ұлт – тәуелсіздігінен, тұлға – дара ойлау жүйесінен, талант – танымнан, адам – ар-ождан бостандығынан айырылады. Алланың қолындағы аманатқа берген жаныңнаң өзі кеудеңе қонақ таппайды, күштінің шеңгеліне ілінеді. Ал рух еркіндігінің көрінісі – рухани мәдениет, өнер, әдебиет болатын. Әдебиетті адамдар ұмыта бастады. Ұлт зиялыларының кітаптарын ашық алаңда өртей бастады. «Дүние астан – кестен болды». Өмір де, өнер де тығырыққа тірелді. Не істеу керек? Ұлттың рухын өлтірмей, жанын қалай таза ұстау керек? Бұл қатты ойландты. Соның нәтижесінде «Алқа» атты әдеби үйірме құрудың қажеттігі туралы. Сондықтан да ұлт ақыны Жүсіпектің айтқаны осы еді: «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұрды. Артында бір жол, алдында мың жол. Мың жолдың ішінде өзен

өрлегені де, шөліркегені де, барса – келері де, барса – келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың тарауына алып келіп, аңыртып тұрған – тұрмыс. Аңырып тұрған тұрмыс - қазақ тұрмысы орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығуы; қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінің екпініне, орыс әдебиеті арқылы Еуропа әдебиетінің екпініне кез келуі - «тас пен жапалақтың» кез келуі. Жапалақ өлмек. Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ әдебиеті өртелмек. Бірақ, бізге молда болатын Еуропа әдебиетінің өзі де бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау Еуропаны қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалық. Осы күнде пролетариат төңкерісі дәуірінде кеңес өкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы - қызыл, ұраны – төңкеріс, алды – ортақшылдық сықылды... Алайда, искусство, ән – оның бір саласы. Әдебиет туралы түрлі бағыттың (өзінше – Т. Ж.) бір ұғымы бар. Искусство бар, ән болмақ деген бағыттан бастап, искусство жоқ, ән болмақ емес, бұрын болса да бұдан былай болмақ емес, болуға тиісті емес деген бағыт шейін бар. Оның ішінде, біз дүние астан–кестен болған заманның адамымыз. Жұмыр жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, өртең шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз. Әйеліміз де, еріміз де саясатшылмыз, шаруашылмыз, әдебиетшілміз, тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс ісі осыны тілейді.

Тұрмысыда осыны тілейді...» [32,229-230]. Олардың мансап жолында – тағдырдың тәлкегіне ұшыраған жазықсыз жандардың көз жасы мен қасірет уайымы, аштан қырылғандардың қураған сүйегі, атылып – асылған, қудаланған ұлт қайраткерлерінің өзекті арманы мен өкініші өксіп жатты. Мансұр Ғатауллиннің: «Мен халықтың жауының жауымын!» - дегендегі емеуірін танытқан пенделері солар еді. Алаштың азаматтары елі мен жерінің мүддесі үшін түрмеге түсіп, азап тартып, қалайда халқына төніп келе жатқан апаттан құтқару үшін жанталасып жатқанда олар: «Жасасындатып!» жатты. Бұл ұлтты, ұлттық тұлғаны жаныштау майданының басы ғана болатын. Ол майданда олардың өздері де тағдырдың диірменіне түсіп, «ұлы құрбандыққа» шалынды. Сол үшін бұларды аяудың да, қорғаудың да қажеті жоқ. Себебі, ұлты үшін басын өлімге тіккен Әлиханнан, Ахметтен, Міржақыптан, Мұхамеджаннан, Халел Досмұхамедовтен, Халел Ғаббасовтан, Телжаннан, Мағжаннан, Жүсіпбектен, Жаһаншадан, лауазымы мен жасы өздерімен қатарлас Смағұлдан, Әлімханнан, Елдестен, Ыдырыстан, Даниалдан, Кәрімнен, Жалаудан, Сұлтанбектен, Тұрардан, Мансұрдан, Ғабиттен ешқандай артып тұрған қасиеті мен қадірі жоқ еді. Қарғауға болмайтыны – олар өз заманының жалдамалы құлы болды. Саясатқа азаматтық көзқарасын қорғау үшін араласқан жоқ, тек қана керек кезінде ұрымтал тұстан табылып, жазалау машинасының дөңгелегіне

ілініп кеткен қатардағы пенделер ғана. Биік ақыл – парасат, үлкен мінез, ірі қимылдың адамдары емес, жай ғана реттеушілер болатын. Тек, басты назарда ұстайтын мәселе – олардың іс-әрекетін ашық та батыл талдап, тарихи сабақ ретінде ұрпақтың назарына ұсыну парыз. Тарих өткелі - қатерлі өткел. Ал ұлттың басын қатерге тігіп, қайта-қайта тағдырдың талқысынан өткізуге ешкімнің де қақысы жоқ. Қазақ ұлты өзінің қадым заманнан бергі тарихы арқылы тәуелсіз ұлт ретінде өмір сүруге толық қабілетті ел екендігін дәлелдеді. Өзегін өртеген рухани басыбайлылыққа да басын имеді. Отарлаушы патшалық және коммунистік жаһангерлер ұлттың жүрек отын өшіруге өршелене тырысса да, рухани бостандығын сақтап қалды. Әр ұлт, мейлі ол үлкен болсын, кіші болсын, мәңгілі болуды қалайды. Және бұл – оның табиғи құқығы. Ал, бұл үшін сол халықтың тілі өз топырағында тамыр бойлап, өмір сүруге тиіс, ол оның қасында өзге тілдер де онымен қатар көркейіп гүлдене беруі керек. Тіл болмаса, халық өзінің ойын, сезімінің бүкіл дүниеге деген көзқарасын жеткізуге дәрменсіз. Тілміздің мемлекеттік дәреже алуына байланысты қазіргі кезде практикалық жағынан да, теориялық жағынан да көптеген нәтижелерге жетіп жатырмыз. Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамып келеді. Себебі, әр ұлттың тілі – оның бақыты, тірегі. Кез келген ұлтты қалыптастыратын орта – оның ұлттық мектебі. Сондықтан қазақ мектебінің тағдыры – ел тағдыры. Ұлтымыздың болашағын ойлаған

алаштың ардықтылары мұны әрқашан ескертіп отырған. Қазақ халқының ұлы перзенті Мұстафа Шоқай: «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рух пен тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жақтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деп, ұлт болашағын ұлттық мектепке, ұлттық рухта тәрбиелеу керектігін көрсеткен. «Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ ардың Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың. Алтын күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!» - деп жырлаған қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаев жырлап өткен. Осы бір өлең жолдарын оқи отырып, шынында да ұлттық тіліміз – қазақ тілінің үлкен тарихы бар екеніне көзіміз жетеді. Бабаларымыздан асыл мұра болып қалған ана тіліміздің сақталып, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалу үшін қаншама тер төгіліп, қаншама еңбек етілді десеңші!

3.2 Жазушы және қоғам: тағдыр талқысы

Тағдыр деген не? Көптеген адамдар тағдыр деп адамға алдын ала жазылған өмір деп ойлайды. Адам өмірге келгенде маңдайына тағдыр жазылады. Адамның өміріндегі барлық болатын оқиғалар алдын ала белгіленіп қойылған, тек уақытын ғана күту қажет, сондықтан да қарапайым адам өз еркімен мұны өзгерте алмайды. Егерде кейбір адамдардың сөзіне сенсек, тағдырға сенудің

қажеті жоқ, біз тарихқа сенуіміз қажет екен. Бірақта дүниеге шыр етіп келгеннен бастап біздің тағдырымыз жазылады, ал тарих адам болмысының өткеннен кейін немесе оқиға аяқталғаннан кейін жазылады. Тарихты біз өзгерте аламыз және қайтадан жаза аламыз, ал тағдырды біз өзгерте де, жаза да алмаймыз. Тарих деген не? Тарих біздің ата-бабамыздың, ұлтымыздың тіпті мемлекетіміздің хронологиялық шеңберіндегі өмір сүрген уақыты, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдағы орнын жазады. Тарих кейде шындыққа үйлеспейді де, себебі оны айқындайтын дәлелде болмайды. Өйткені ол өткен оқиға және оның болған болмағанын тек жазған адам ғана біледі. Өмірдегі ең қиын нәрсе ол - тарих талқысы. Себебі тарих-әділетсіз. Адамзат тарихында қаншама оқиғаны бастан кешіп, елеулі із қалдырған қолбасшылар болды. Олардың барлығы өз замандарында қоғамдық құрылысты өзгертті. Бірақта солардың кейбіреулерін біз қарғыс айтып, жек көрсек, кейбіреулерін даңқын көтеріп ұлықтаймыз. Тарихқа үңілсек олардың барлығы да өз дегендеріне жету үшін қаншама қан төгіп, бүкіл дүние жүзін басып алу мұраттары болды, бірақ олардың кімнің қаншама қан төгіп, ұлыстарды жойғаны тарихқа беймәлім нәрсе. Тарихқа үңілсек тіпті қазақ халқының ұлттық намысына тиетін бұралқы деректерде бар. Кейінгі ғасырларда отарлаудың кесірінен қаншама ұлт өз тарихын, ата-салтын ұмытып, өзге ұлтқа еліктегені де бізге тарихтан анық. Бұл дегеніміз отарлаушыларға деген

бағынушылықтың пайда болғанын айтпай ма? Сонда бөрінің ұрпағы, түркілерден тараған қазақ ұлтының қайсарлығы, бостандықта, еркіндікте өмір сүрген тектілігі сонда қайда қалды?! Тарих талқысына түскен Шыңғысханның Шағатайынан тараған – Чаадаев, Жошының жалғасы – Кенесары да, тіпті империялық көзқарасқа қарсы шыққан Бекмаханов пен Әуезов те тағдырға да бас иеген, тарихи теріс көзқарасты да мойындамаған. Бірақта ата-бабамыздың ерліктері, жасаған үлкен істерінің өзі бізге тек қана аңыз-әңгіме, жыр ретінде жетіп отыр. Бұл жайлы М.Әуезовтың мынадай сөзінен байқауға болады : «Бұл дәуірдің, сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұраған құздан, алдында тұрған қайғылы күнінен қорқып, қобалжып тұрып

Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң – артқы бостандық, бірлік күніне қоштасқан мезгілінің» - әдебиеті ғана жетті» - деген [32,9]. Әрине, тағдыр тарихқа үкімін жүргізе алмайды. Бірақ сол тарихты жасайтын тағдыр болып табылады. Тарихи талқы тарихи көзқарастан пайда болады. Тарихи көзқарас қана – тұлғаның бейнесін тағдырдан арашалап, дұрыс баға беруі арқылы ғана шындыққа ұласады. Тарихи тұлға деген көзқарас – тарихқа деген көзқарас болып табылады. Өз тарихына өзі баға бере алмаған ұлттың саяси, әлеуметтік, рухани өмірінің толыққанды толысуы не ғайбыл. Әсіресе ұлт тарихына қатысты танымдық «ақ таңдақ» өте

шетін мәселе. Өзге елдің құрамында болған қазақ халқы мойынұсынуға мәжбүр болғанымен өз тарихын ұмытпады да, сонын ішіндеде тағылық қасиетті сақтап қалған азаматтарымыз бостандықты аңсады, соған қол жеткізуге күресті және қол жеткізді. Мысалға: «Алаш Орда» қайраткерлері қазіргі Қазақ мемлекетінің қалыптасуына ықпал етті десек қателеспейміз. Себебі олар болмаса әлі күнге дейін жер, экономика, тіл туралы ұйытқы таба алмас едік. Сол кездегі Ресейдің заңсыз әрекеттерін ешкім әшкерелей алмағанын және ол туралы тек азулы азаматтар ғана турасын айтып, ашық хаттар жолдаған болатын. Келісімге келгендерімен Ресей үкіметі әрдайым өз келісімін бұзып, сөздерінен тайқып отырған болатын. 1837-1847 жылдардағы көтеріліс Кенесары мен Ақ патшаның келісімінің бұзылуынан болғандығын тарихи деректер дәлелдейді. Қазақ хандарының тұстарында келесім жүргізіліп, азаматтық мойынұсынбаушылық, Ұлттық Тұтастық болған, бұны зерделей алмаған ғалымдардың сөздерін растап, дәлелдеген Мұхтар Әуезов болатын. Ең алғашқы осы мәселені көтеріп, көркем шығармасы арқылы ұран көтерген осы тұлға еді. Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де бағалы жетістігі екені тарихи шындық. Кейіннен бұны заң жүзінде дәлелдеген Ә.Бөкейханов болған. Ұлтымыздың жаңашырларының тағдыр тәлкегіне түсуі бекер емес. Олар бостандықты, ұлт азаттығын

аңсағандары үшін тарих талқысына түсіп, тұлғалардың тұншықтыруына тап болды. Үкіметке қарсы шыққандар түрмеге қамалды, итжеккенге айдалып, өлім жазасына да кесіліп жатты. Әуезов дегенде ең алғаш ойымызға оралатын, санамызға сәуле беретін не нәрсе? Сергей Есенин өзінің бір сөзінде: «Енді қалған өмір тарихым – менің өлеңдерімде», - дейді сол сияқты Мұхтар Әуезов өз шығармаларында өзінің өмір тарихың, адамдық табиғатын, халықтық қасиетін өзінің кейіпкерлері арқылы шындап жеткізе білген. Әуезовтың тағдыры, Әуезов заманы оның шығармаларында көрініс тапқан. Мұхтар Әуезовтің заманын білгіміз келсе, Әуезовті таңығымыз келсе, оның шығармаларын өзімізге серік қылу қажет. Оның тума талант иесі екенің жиырма жасында жазған «Адамдық негізі - әйел» деп аталатын публицистикалық мақаласында елдік, мемлекет, халық туралы орнықты ойлар мен пікірлер білдірген. «Ел боламын десең- бесігінді түзе!» деген сөзі әлі күнге дейін мәнін жойған емес. Қаламгер жазушы - халықтың ортақ ұлы, суреткер ұлт тілін түгел тексеріп, жіті екшелейді. Өзге адам байқамаған, байыптамаған қазынаны аршып, қалың көпшіліктің кәдесіне асырады. Жансызға жан, топасқа түйсік бітіреді. Сансыз ғасырдың шыңдығын шежіредей паш етіп, ұрпақты ұрпаққа жалғастыратын – тіл. Заманның тамыр соғысын тап суреттеген Мұхтар Әуезов повестерінде әлеуметтік салмағы зор. Алаштық рухты танитын елдік сөзді Мұхтар Әуезов дербес үнімен

повестерінде тереңнен қозғаған. Жазушы «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек» повестерінде саяси әлеуметтік жағдайларға лайықты баға беріп, оқырман санасын қайсарлана жігерлейді. Елдік өрлеу идеясы-бұл шығармалардың түп қазығы. Әр адамның өзіндік тағдыры болатыны сияқты, әр кітаптың өзіндік тағдыры болады. «М.Әуезов зор тарихи-әлеуметтік оқиға өткен жердің табиғи әсемдігіне тамсану арқылы соншама байлықпен ырысқа ие болған халық өміріндегі ілкі дәуірге сабақтас ерлік пен күрес нәтижелерін алдағы қатыгез әрекет пен салыстыру тәрізді апперцепциялық үрдістердің сілемінен де хабардар береді»[33,13]. Табиғаттың тауқыметін ерте тартқан қуатты емендер қашанда шыдамды, дауылға қарсы қасарысып тұрып алады. Сол сияқты Мұхтар да сан шайқалып барып қайта қалпына келді. Бірақ жапырағын желге тонатқан жапандағы жалғыз түп ағаштай айналасы үңірейіп бос қалды. Қатарлас құрбы-құрдастарының сиреп қалғанына өкінген Виктор Гюго: «Мен қазір өзімді-өзім бірнеше рет қатарынан оталған ормандағы аман қалған ағаш сияқты сезінем», - деген екен. Бұл сөзді Мұхтардың да өзіне қарата айтуына болатын. Ешқандай әсірелеусіз айтылған шындық ретінде қабылданар еді. Сондықтан да шығар, көпке дейін көңіл сарайы құлазып, қоңылтақсып жүріпті. Ол да бір өткен өмірдің татқызған кермек дәмі. Мұхтар Әуезов өзінің «Хан Кене» пьесасы үшін ұлтшылдық деген айыппен 30 жылдай сергелдеңге түскен болатын.

Мұхтар Әуезов қалың қауымға «Алаштың» тірі көзі, ұлттық рухтың бейнесінде жүрген тұлғаның өзі тұлғалық сынға түсіп, айыпталды [32, 71]. Өкінішке орай, заман мен тағдыр талқысы мұнымен аяқталмады. Мұхтар Әуезовтің «қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық астыртын ұйымына» қатысқандығын дәлелдей алмаған «идеологтар» 1943 жылы Мұхтар Әуезовті ресми түрде ақтауға келісімін берді. Бірақта араға төрт жыл салып бұл «сыбағаны» Әуезовке тағы да тартты. «Демек, біздің бас бостандығымыздың өлшемі - тікелей түрмеге түспегенімізбен ғана өлшенеді: соның өзі өзімізді толық азат адамбыз, не істесек те өз еркімізбен істедік, не ойласақ та ерік өзімізде деп алдарқатуға жетіп жатыр... Бірақ та, менің бас бостандығы туралы түсінігім бұған керісінше аса қуатты, тегеурінді де төзуге болмайтын ызалы идеямен тікелей байланысты, менің бас бостандығымды қылмысты әрекеттерді жүзеге асыру үшін пайдаланып отыр және ол тек қана өшпенділікті өршітуге қызмет етуде, бұған мен де сондай сезіммен жауап беруге мәжбүрмін», - деп П.Я. Чаадаев айтқандай, Әуезов те рухани тәуелсіздіктен құтылу үшін өзінше ақыл-ой қайратымен қарсы тұрды. Бұл оның тағдырлы ғұмырындағы ең ауыр талқы еді. Мұхтар Әуезов сыни тұрғыда өз шығармаларын ақтап, дәлелдік сөздер пайдаланып өз пікірінде көркем шығармаларды жазды. Ол басынан қаншама сын өткеріп жүрседе, рухани күресін тоқтатқан

емес. Ұлттық тілді, ұлтты сақтап қалу Мұхтар Әуезовтың басты ойы болған,оны біз оның нақыл сөздерінен біле аламыз. Мысалға: «Шешендік нақылдар мен толғаулар - ата-бабамыздың қалдырған сөз сарайы, тіл маржаны, ақыл-ойдың дариясы, келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлық өсиеті» М.Әуезов [27,309]. «Мұхтар Әуезов – сарқылмайтын, бітпейтін, жасарып, жаңғыратын,өмірдің өзіндей, жапырағы мәңгі жап-жасыл, жалғаса беретін құбылыс», - деп Рымғали Нұрғалиев айтқан [34.43]. Сондықтан да, уақыт өткен сайын қаламгердің ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түсейік. Халқымыз таланты, болмысы бөлек дарындыларға қашан да кенде емес. Әр заманда да ел көшін алға сүйреген әр тұлғалы азаматтар болған. Сондай ерен тұлғаның бірі – есімін ерекше ілтипатпен айтуға болатын белгілі жазушы – Мұхтар Әуезов. Бір сөзбен айтқанда, оның шығармашылық қызметінің барлық қырлары туралы егжей-тегжейлі айту қиын. Мұхтар Әуезов – қайта жаңару мен өрлеу ауқымындағы тұлға. Мұндай алып тұлғалар қоғамның рухани өмірінің көптеген салаларында жарқыраған жұлдыз кейпінде көрінеді. Мұхтар Әуезовтың қазақтың дүниетанымы мен рухани дүниесін дамытудағы орны ерекше. Жазушының шығармашылығы – қазақ өнерінің кемелденуінің айғағы. Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі – Әуезов.Егемен ел жағдайында ұлы

жазушы мұрасына деген ілтипатымыз да осындай бір ұмтылыстың көрінісі болмақ [35.49].

3.3 Жүйке септігінің психологиялық жіктелуі

Әдебиет – ар айнасы һәм әдемі әлем, әсемдік пен сұлулықтың символы, шындықтың шырағы, сәулесі. Әдеби туынды табиғатынан қоғам- кезең көріністері ғана емес, өмір – уақыттың шындық пен сырлары, адам әлемінің мың сан иірімдері, ең негізгісі – жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың бейнет – зейнеті, осы бағыттағы ізденіс арналары, зерттеу мен зерделеудің сыры мен сымбаты, көркемдік танымның тамыр-тынысы да танылады. Арыдағы – «Авеста» әлемінде, кешегі – Күлтегін, Тонькөк туралы туындылардың алтын арқауында – дәуір дидарымен бірге өмір шындықтары, болмыс-құбыластарының мың сан арналы ирім-сырлары арқау етілген. Қорқыт мұралары – қоғам-кезеңнің, халық тағдырының көрініс суреттерің мұң-шерменде, жыр- сырменде, күй-әуенмен де табиғи жеткізеді. Бұл арна – Әл-Фарабиден – Абайға, Әуезов әлеміне еркін еніп, кеше мен бүгін ара қатынасын, дәстүр жалғасын, ондағы ұлттық сипатты кең көлемде көрсетті. Мұның бәрінен: ұлт мұраты, тарих тағылымы, өткен кезең – уақыттың үні мен сыры, жылнама – шежіресі кеңінен көрініс тапты. Бұл көрініс жайттары руханият әлемінен, әсіресе ақын-жазушылар мұра-мирастарынан,

ондағы шығармашылық жұмыс табиғатынан кең орын алды. Жазушы еңбегіндегі бейнет пен зейнет туралы қаламгерлер қауымы әркез жазып келгенді. Осы орайда, Сақұлақ би айтқан: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі - талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық» екенін ескерсек, әдеби процесс табиғатының, жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың маңызы мен мәні еселеп артары анық. Қандай да болмасын ірі дарын иесінің шығармашылық әлемін тануда шығармашылық зертхана мәселесі ерекше орын алды. Сөз өнерінде ерекше орыналатын суреткер туындысының жазылу тарихымен қатар сол жазу үдерісінің шығармашылық шеберлігі. Сыншы мен ақынның өнер табиғатын байыптаудағы эстетикалық таным–білігі үнемі үйлесімде және де пенделік сыйластығы да қашанда жарасым биігінде бола бермейтіні жасырын емес. Ұлы Абайдың өзі жас ұрпаққа: «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» деп өсиет қалдырғаны белгілі. Әрине, бұл жерде өз атына лайық, ізгі, мейірімді, өзгелерді қадірлейтін, өзі үшін де, өзгелер үшін де еңбек ете білетін, өмірден кеткен соң артына жақсы сөзі мен ісін қалдыратын адам туралы әңгіме болып отырғаны анық. Дегенмен бұдан туындап жататын сұрақтар да аз емес. Сонда қалай, кез келген адам бұл дүниеге келгеннен кейін бар өмірін артына жақсы із қалдыруға арнауға міндетті болғаны ма? Адамдардың бәрі ұлы тұлғалардай еңбек етіп,

артына игілікті мұра қалдыра ала ма? Ондайға тырысу қатардағы адамдар үшін қиял, орындалмайтын арман, бос әурешілік емес пе? «Менің өмірлік тұрғым басқа, - дейді біреулер, - өмір адамға екі рет келмейді ғой. Айналадағы жақындарының пікірінің өзі екіге бөлінген. Біреулері барына қанағат қыла біл, табысына шүкіршілік ет, шыдамды, сабырлы, айналана мейірімді бола біл десе, енді біреулері мынау көк аспан мен жарық күннің астында сайран салып қалу керек. Аузың барда асап қал. Ішіп-же. Киін. Сауық құр. Нәпсіңді қандыр. Ләззат ал». Қайсысы дұрыс? Мұндай сұраққа сылдырата жауап бере салу қиын емес. Адам өмірінің мәніне қатысты мәселе - ол әр адамның өзінің жеке мәселесі. Мұндайда дайын рецепт беруден онды нәтиже шыға қояр ма екен? Дүние жүзінде қанша адам болса, сонша өмірлік ұстаным бар. Ал талқының, пікір алмасудың ешқашан артықшылығы болмайтыны анық болса да одан кейбір жандар оң кеңес ала бермейді. Өткен ғасырларда өмір сүрген ғұламалар бұқаралық санадағы түсініктерге талдау жасай отырып, адамның болмысының абстрактілі және өзгермейтінін негізге ала отырып, адамның өмірінің мәні оның іс-әрекеттерінің негізгі мақсаты мен мұратынан тұрады деген қағидаға ден қойып келгені мәлім. Бұдан дүниені рухани құралдармен өзгерту мүмкіндігі туралы ой туады. Көптеген философтар өмірдің мәнін жеке адамның дүниетанымдық жүйесінің көрсеткіші, моральдық нормаларды

бейнелейтін реттеуші ұғым ретінде қабылдайды. Бұл жерде адам өмірінің мәнін белгілі қағидалармен өмір сүретіні де негізсіз емес екендігін айта кету керек. Адам - белсенді әрекет иесі. Тарихтың түрлі кезеңдерінде өзгеріп отыратын адам өмірінің мәнін, құндылығын айқындаушы - сол адамның өзі. Және ол жеке адамнан, қоғамнан тыс ұғым емес, адамның мақсаттары мен қоғамды диалектикалық тұрғыдан біріктіретін ұғым. «Бақыт» түсінігі. Өмірдің мәні туралы айтқанда, біз оралмай кете алмайтын бір ұғым бар. Ол - бақыт туралы ұғым. «Өмірдің мәні оны бақытты етіп өткізуде» деген тұжырымның кез келген адамға түсінікті әрі жылы естілетіні содан болса керек. Әрбір пенде бұл дүниеге келгенде өзіндік орны бар екені аян. Және де адамзат баласының тұлға болып қалыптасуы оның мінез-құлқына байланысты. «Өмірде көп қателікті адам баласы, өз қолынан жасайды дейді, кейбіреулер қатал тағдыр кінәлі дейді! Кейбіреулер сол қателікті мінезінен табады.. Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер» (Ыбырай Алтынсарин). «Әрқандай бейне, мейлі ірі, мейлі кіші болсын, нақты қалыпқа келіп, орнықты шындыққа айналудан алдын ойда түзілген жаңа байланыстар мен қатынастар негізінде жасалған қиял түрінде іске асады» (Рибо). Алайда, қиял қандай түрде көрініс бермесін, өздік ерекшелігін жоймайды әрі тек өзіне тән ерекше мазмұнға ие. Қиял бейнелерінің естегі суреттемелерден негізгі айырмашылығы-олардың нақты болмысқа бай-

ланысты қатынасынан туындайды. Ес бейнелері өткен тәжірибенің қайта жанғыруы, сондықтан да естің негізгі қызметі өткен тәжірибе нәтижелерін мүмкіндігінше өзгермеген формада сақтау, ал қиял процесінде қай бейне болмасын, өзгеріске түседі, осынысымен де қиял әрқайдай шығармашылық ұмтылыстың міндетті шартын құрайды. Сонымен бірге, қиял арқасында адам өз ісін бастамай тұрып-ақ, болашақ еңбегінің нәтижесін күні бұрын болжастыра алады. «Еңбек процесінің аяғында алынатын нәтиже осы процесс бастауында адам ойымен идеалды түрде жасалады» (К. Маркс). Қиял жәрдемімен болашақ нәтижені күтудің өзі адам еңбегінің жануарлар тума қылығынан түпкілікті өзгешелігін танытады. Қиялдың алдағы іс-әрекет өнімін болжастыруға мүмкіндік ашуы адамның еңбекке деген құлшынысына, мақсатқа жетудегі ынта-жігеріне қосымша қуат қосады. Әр адамның қиялы әр түрлі болады, бірінің қиялы біріне ұқсамайды. Бір адамдардың қиялы бай, шындықпен орайласып жататын болса, екінші біреулердің қиялы жөнді жетілмеген, пәрменсіз, тар көлемді болады. Шындыққа сай, дәл, дұрыс образдар жасай ал түрлі салаларынан алынған білім қоры, тәжірибесі, белгілі көзқарасы, соның негізінде қалыптасқан айқын сенімі болады. Американың аса көрнекті ғалымы Эдисон қиялы аса күшті дамыған адам болған. Бір машинаны үш түрлі жолмен ғана жасап шығаруға болады деген ұйғарымға келіспей, Эдисон машинаны 48 түрлі етіп жасауды ұсынған. Бұған

керісінше жаңа, соны нәрселерді іздеу, белгісіз нәрсені ашу, ұмтылу орнына шындықтағы нәрселердің өзінің өңін айналдырып, босқа лағып отыратын адамдар да болады. Осындай адамдардың бейнесін Н. В. Гоголь «Ескілікті помещиктер» дейтін повесінде өте жақсы көрсеткен. «Кейде егер күн ашық болып, бөлмелердің іші жылы болса, Афанасий Иванович көңілденіп, Пульхерия Ивановнаға әзілдеп, онымен басқа бір нәрсе туралы сөйлескенді тәуір көретін. Адамдар бір-бірінен қиялының пәрменділігімен де ажыратылады. Мәселен, біреулер мәселені шешуге кіріскенде соның төңірегіне бар ақыл-ойын жұмылдырады, әр сөзін ой таразысына салып, терең ойға шомады. Ол адамдар мәселенің түп қазығын, тарихын іздестіреді, сол мәселе жөнінде басқалармен кеңеседі, тәжірибе жасайды, материал жинастырады, осындай адам бір шығарма жазатын болса, өз кейіпкерлерімен іштей араласып кете алады, олар қуанса қуанады, қайғырса бірге қайғыр атын адамдардың қиялы мазмұнды келеді. Осы айтылғанға қарама-қарсы қиялы өте әлсіз адамдар да болады. Қиялы әлсіз адамның көркем әдебиет кітаптарын оқуы да бір түрлі. Ол мұндағы әдеби теңеулерге, суреттемелерге мән бермейді, әдеби суреттемелерді тастап кетіп, кітаптың тек өр жерінен «қызық» іздеп, тұтас оқып шығуға шыдамы жетпейді. Өйткені қиялы шабан адамға көркем суреттемелер әсер етпейді, оны тез жалықтырып жібереді. Қиялдың маңыздылығы оның шындықпен

байланыстылығында. Шын мәнісіндегі қиял ғана мазмұнды, пәрменді де болып, адамды іс-әрекетке жетектейді, оның рухани өсуі үшін ерекше маңызды болады. Табиғат зерттеушісі Бюффонның: «Талант дегеніміз – төзім» дегенін ойға алсақ, жазушы еңбегі мен шығармашылық процестің өзіндік белгілі қасиеттері барын, оның өзі ақын – жазушылар өмірінде әр түрлі із бедері, бастау – арнасы, көркемдік құпиясы, шежіре–сыры болатындығын ақын аңғартады. Ал талантты жазушы Думан Рамазанның талант туралы өз тұжырымы бар: Талант дегенді көзбен көріп, қолмен ұстаған ешкім жоқ! Талант деген не нәрсе өзі?! Оны мен тап басып айтып, дәл түсіндіріп бере алмаймын. Бірақ өзімше шамалайтыным рас. Кез келген адамның бір нәрсеге бейімі, ерекше қабілеті болады. Мүмкін, талант дегеннің өзі сол шығар. Сол бейімді жетілдіре берсе, Құдай берген сол қабілет – қарымын шыңдай түссе, кез келген шығармашылық адамы бір нәтежиеге жетеді ғой деп ойлаймын». Әдебиет - өнердің, бір түрі, сөз өнері дедік. Ал өнер жайлы сөз қозғай, сол өнерді жасаушы шебер жөнінде үндемей өтуге болмайды. Әрине, бұл - тым күрделі мәселе. Мұны жай-жақты сөз ету творчествоның психологиясын байыптау болып табылады. Демек, әдебиеттің, теориясы мен шығармашылықтың психологиясын шатастырмау керек. Дегенмен суреткер кім, оның қоғамдық тұрпаты, тұлғасы қандай? Талант табиғаты деген не? Мұны жауапсыз қалдыру жәнсіз. Талант атаулы қашаннан халық құрметі мен

сүйіспеншілігіне бөленген. Айталық, қазақ халқы атам заманнан бері қарай ел ішінде ақыны мен әншісін айрықша қадірлеген. Өнер иесін қасиет тұтып, киелі санаған жұрттар да бар. Айта берсек, сонау көне дүниенің аңғырт ұрымы суреткер талантын кейбір таңдаулыларға тартқан кұдайдың сыйы деп білген. «Кұдай сыйы» хақындағы ұғым бағзы заман ғана емес, кейінгі дәуірлерде де көп айтылған: біреулер идеалистік астармен көрер көзге өтірік айтса, біреулер әшейін айшықты сөз ретінде лепіріп айтқан. Әйтпесе, талант тасасында тұрған мұншалық құпия сыр да, сипат та жоқ екені ешқандай дәлел қажет етпейді. Сөйте тұра, суреткер болу үшін адамға тума қабілет, табиғи дарын қажет екенін кім-кім де мойындауға тиіс. Әңгіме сол қабілет пен дарынның қалай тәрбиеленуінде, қалыпт асуында және дамуында жатар болар.«.....шабыт дегеніміздің өзі – түсініксіз тылсым ұғымның бірі. Оны «бар» деп те, «жоқ» деп те үзілді-кесілді кесіп айтуға келмейді. Абай да оны «оянып ой өлкесі», «жарасып өңкей келісім» деп дәріштеп, «ақылдың гүлденуіне» теңеген. Егерде тұла бойың иіп, «ой сәулесі ашылып», көңілдің «көк ала бұлты сөгілмесе», ойдың жинақталуы да, дамуы да, қорытылуы да мүмкін емес. Сондықтан «шабытсыз» жазылған шығарма – көңілсіз махаббаттан туған бала сияқты. Бейне бір әкеліктен бас тарта алмағанымен де ет жүрегінді елжіретпейтін, көңілің түспеген нәресте іспетті өгейсіп тұрады. Шабытсыз туған шығармаға

автордың өзі де исіне бермейді. Ал «шабытты» күтіп отыра берсе, төрт кітаптан тұратын Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі», Ромен Ролланның «Жан Кристофы», Томас Маннның «Буденброкки», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» аяқталмай қалар еді. Демек, «шабыт» дегеніңіз «кінәмшіл келіншек» сияқты шығармашылық иесінің сенімсіздеу серігі. Ал әдемі келіншектің бапшыл келетіні белгілі. Сондықтан да, «Бап шаба ма, бақ шаба ма» деген сұраққа өнер иелерінің өздері де әр қилы жауап береді. Оның үстіне «шабыт» деген сиқырлы сылқым келіншектің құшағына бір ілінсеңіз, елітіп, адастырып әкететіні тағы бар. Мысалы... Шиллер шабытты «Неожиданности души» – «көңілдің күтпеген сыйы» деп бағалапты.» [36.5]. Әдеби – шығармашылық еңбектің түпкі мақсат – мұраты да осыған табан тірері анық. Біздіңше, бұл бағыт – арна жазушы еңбегінің қыр – сырын ашып, шығармашылық жұмыстың мән – маңызын айқындауды мұрат етсе: Талант табиғаты, Қолтаңба мәнері, Шабыт шалқары, ең негізгісі – ақын – қаламгердің бейнеті мен зейнеті жаңа қырынан, соны сипатымен қалың көптің рухани талап – тілектеріне жауап берері хақ. Шығармашылық зертхана шабыт ұғымына қатысты пайымымызды кеңейте түседі. Шабыт туралы әркім әртүрлі әңгіме айтады. Шабыт деген не өзі? Мәселен, М.Мағауин: «Менің ойымша, мына ақындар кешіре жатар, шабыт дейтін жоқ нәрсе. Шабыт деген жоқ...

Шабыт деген, егер бар болатын болса, ол шағын ғана ұшқын болуы керек», – дейді [37.102]. Айталық, «Бальзак пен Достоевский түнде жазса, Пушкин мен Паустовский – күз айларын, Шиллер көктемді ұнатады екен. Сол секілді К.Паустовский тек көлемі үлкен параққа жазып, таза киініп, жинақы отырған. Вольтер жамбастап, я болмаса креслода шіреніп отырған жазған». Шабыт құшағында отырғанда үйін біреу астаң-кестеңін шығара төңкеріп, тонап, көшіріп әкетсе де, байқамай, жайбарақат отыра беруі мүмкін. Бұл олардың кінәсі емес. Шабыт үстінде үй түгілі өздерінің бар-жоғын ұмытып, өзге әлемге шарқ ұрады. Адамның шығармашылық іс-әрекетінің аса табысты болуына себепші рухи көтеріңкілік пен ерекше күш-қуат туындайтын кезеңдер болады. Бұл жағдайдағы адамды жаңа идеяларға жетектеп, оларды іске асыруға ынталандыратын психологиялық қалып - шабыт деп аталады. Шабыт шығармашыл тұлғаның жоғары белсенділігінен, оның іс-әрекетінің жемістілігінен, жасампаздық ептілігінен, жаңалық ойлап табу қызметіне толық берілуінен көрінеді. Шабыт пен еңбек - екеуі егіз, бір-бірінен асамайды. Осыдан, шабыт - қажырлы еңбек пен орасан бай білім қоры негізінде туындайтын мүмкіндік. «Шабыт - еріншектерден қашатын, шақырғанға баратын қонақ» (П.И.Чайковский). Сана айқындығы, ой мен бейнелер кернеуі; ес, зейін өткірлігі, мақсатқа бағыттайтын арнасына симаған ерік күші -

шабыттанудың алғы шарттары. Әдебиеттің күдірет күші – адам жанының тереңіне еніп, сезім пернелерін шертуінде, адамға рухани азық болуында. Ежелден «асыл сөздің» қасиетіне жетіп, оны бағалай білген халқымыздың әдеби дамуы тұтас әдеби кезеңдер мен құбылыстарды қамтиды. Ауыз әдебиетінен бастау алып, ғасырлар бедерінде үнемі дамып, жаңарып, өсіп отырған әдебиетіміздің өзіндік ұзақ тарихы бар. Осы тарихи кезең әдебиет әлеміне құнды көркем туындыларды әкелді. Әдеби дәстүр әдеби процесс өзегінде жалғасын тауып, дамып, үнемі жаңарып, жаңғырып отырды. «Көркем творчество үнемі қозғалыс, даму үстіндегі күрделі әрі жанды процесс. Бұл процесте әр шынайы жаңашылдық өзінің сонылық қасиетін берік сақтай отырып, кейінгі дамуға да үлкен ықпалын тигізеді. Бұл ретте белгілі творчестволық озық жетістіктердің жаңашылдық өмірі мен дәстүрлік қызметі қатар басталады деуге болады. Нағыз дәстүрлік сипат алған көркемдік құбылыс әдеби дамуда бүтіндей жаңа серпіліс, жаңа белес дайындайды» [38, 5 б].

«Мәтібі: қиялдан туған көркем шындықтың шылауын кәдімгі етекбасты өмірдің батпағына батырып алып, содан кейін тіршіліктің шылапшынына шылап, кірін езіп-тазарту, яғни, «өтірік шындықты» өмірлік шындықтың өзіндей шынайы көрсету. Сыншылар «жасанды кейіпкер», «жасанды оқиға», «оқиға сендірмейді», «өмірге жанасымы аз» деп сын таққанда, олар бүкіл шығарманың «жасанды шындықтан» тұратынын

білмейді емес, біледі. Бірақ, көркемдік шындықтың, яғни, жасанды шындықтың бойынан өмірлік шындық үйлесімін тауып тұр ма, жоқ па, соны айтады. Өтірік екенін біліп тұрып – сенгің келетін, шындық екенін біліп тұрып – сенгің келмейтін шындық болады. Көркем шығарма да сондай әсер тудырады. Мысалы, В.Ключевский: «Разница между Толстым и Мопассаном: второй потерял ум, не подзревая его в себе: первый вечно искал своего ума и не мог найти его» – «Толстой мен Мопассанның арасындағы айырмашылық мынау: екіншісі (Мопассан– Т.Ж.) – өзінің ақылының бар екеніне еш күмәнданбастан есінен адасты, ал біріншісі (Толстой – Т.Ж.) үнемі өзінің миындағы ақылын іздеумен өтті, бірақ таба алмады» – дегенде екі дегдардың жеке басын айтып отырған жоқ, олардың шығармаларының табиғатын айтып отыр. Толстойдың барлық кейіпкерлері (Анна, Нина, Наташа, Безухов, Болконский, Қажымұрат) үнемі ақыл мен ойданның азабын тартып, әлдебір мәңгілік мағынаны іздеумен жанталасып жүреді. Ал Мопассанның кейіпкерлері еш алаңсыз шешім қабылдап, іс-қимылға араласа береді. Мысалы, тұңғыш әңгімесінің кейіпкері Томпыш «қажет» деп санағандықтан да көп қиналмастан неміс офицерінің көңілін табады. Қайсысының таңдауы дұрыс? Екеуінікі де. Өйткені екеуінің суреттеп отырған өмір шындығы сондай мінезді қажет етті. Екеуінен де бұрын туған Гете мен Шиллердің кейінгі қаламдастарына: ««Представляй себе их такими,

какими они должны быть, если ты желаешь на них влиять, но представляй себе их такими, какие они есть, если тебе придется действовать за них» – «Егер сен оларға (кейіпкерлерге – Т.Ж.) ықпалыңды жүргізгің келсе, онда олар қандай болуды қаласа, сен де өзінді солардың бірімін деп есепте, ал егерде олар үшін сенің әрекеттенуіңе (шешім қабылдауыңа – Т.Ж.) тура келсе, онда сен өзін олардың қалай істегенін қаласаң, тура сондай етіп суретте» – деп кеңес беріп кетуі де сондықтан. Сонда «Евгений Онегин» мен «Соғыс және бейбітшіліктің» жазылуына себепкер «кім», немесе «не» болды өзі? Өмірден махаббат қызығын дәмектен, тазалығын бойында сақтаған бейкүнә сұлулар ма, жоқ, олардың тағдырын көрген бетте шешіп қойған суреткерлер ме? Абайдың да сол сұлудың біріне сүйінгені сондай, ол да күйіп-жанып, Тәтіштің тағдырына араша іздеп, қыз мұңын жеткізіп қана қоймай, Пушкиннің шешімімен келіспей, Онегин екеуін үйлендіріп тынуға бекініп, романды өзінше аяқтауға ұмтылыпты. «Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем» – деген ән шығарып, бүкіл сақараны күңгіртті. Сонда Абайдың ән шығаруына кім, не себепкер болды? Бұл аздай, Мұхтар Әуезов өзінің роман-эпопеясының бір тарауын «Татьянаның қырдағы әніне» арнады. Қысқы би кешіне келген, аузынан емшек сүті кеппеген уыздай қыздың әлегінен бүкіл әлемнің жүрегі жараланды. Ол үшін жазғыруға бола ма? Жазғыруға да, жазалауға да болады екен. Наташаның Пьер Безуховқа күйеуге

тигенінен, ақыры оның да «кәдімгі қатын» («обыкновенная баба») болып шыққандығына «көңілі қалған» Толстой «әйелдерді» жазаламақ болады (жүйкесіне өзінің әйелі Софьяның да қыжыры тисе керек). Содан тура жаңағыдай бір би кешінде «сылаң қағып сылқылдап, бұраң қағып былқылдап» жүрген, махаббаттың тоятын ашық тілеген келіншекті көріп, әйел махаббатының тұрақсыздығын әшкерелеу үшін «Сылаң сылқым» атты роман жазуға кірісіп те кетеді. Күзгі бақта серуендеп жүргенде иесіз саяжайдағы ағаш шапқан балтаның дауысын естігенде ойына «Бақытты жанұялардың тағдыры бір-біріне ұқсас, ал әр бақытсыз жанұяның бақытсыз тағдыры бір-біріне еш ұқсамайды» – деген сөйлем оралып, асыға романды бастап кеткен. Алайда көркем шындықтың ырқы еркіне бағынбай, Аннаны әшкерелеудің орнына, ақтап шыққан. Бұл реттен алғанда, «Анна Каренинадағы» Анна мен «Абай жолындағы» Әйгерім тағдырлас кейіпкерлер. Мұхтар Әуезовтің әуелде бейнелегісі келген Әйгерімнің кескіні – кейінгі Әйгерімнің бейнесі емес еді. Сонда, «кілтипан», «ілік», «түрткі», яғни, көркем ойдың құпиясын ашатын кілттің кімде болғаны?» [36.45]. Көлемді көркем туындыларда бірнеше адамның бейнесі мүсінделеді. Мәселен, Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігі» шығармасында бірнеше кейіпкер бар. Бұл шығармадан қайсысы басты кейіпкер екендігін айту қиын. Әдебиет пен көркем өнерде кейіпкердің тұлғасын, мінезін суреттеу өзгешелігі

қолданылатын әдіске сәйкес болады. Мәселен, реалистік (оның ішінде сыншыл реализм) әдебиеттегі кейіпкерлерді бейнелеу әдісі мен романтизм әдісі қолданылған шығармадағы кейіпкерлерді суреттеу екі түрлі сипатта. Бүгінгі әдебиет пен көркем өнерде кейіпкерлердің тұлғасын, мінез-әрекетін мейлінше шынайы суреттеуге бейім. Персонсофераның ең бір ұтымды тұсы – адам мінезін, тұлға, бейнесін өзгеріс, даму үстінде алып, өмірлік күрес-тартыспен ұштастырып көрсету. Персонсфера – белгілі бір заманда, қоғамдық ортада қалыптасқан тұлға. Сонымен қатар, жалпы адамзатқа тән сипат-қасиеттер де айқын танылатын, типтік персонсфера дәрежесіне көтерілген әдеби бейнелер баршылық. Персонсфералық дәрежеге көтерілген бейнелер гуманизм мен әділетсіздік, махаббат, зұлымдық, қызғаныш секілді жағымды және жағымсыз мінез, іс-әрекеттер арасындағы қайшылықты, тартысты көрсетеді. Қаншама уақыт өтсе де, ғасырдан ғасыр ауысып, заман өзгерсе де, бұл персонсфералар өз мәнін жоғалтпайды. Кейіпкердің өмір болмысы, адам тағдыры, дүние, жаратушы туралы белгілі бір шешімнің, нақтылы түйіннің аясына сыймайтынын байқаймыз. Көркем шығармаға көп үнділік, яғни, полифониялық қасиет дарытатын сан алуан толғаныстарынан жеке адамның ой-санасы, ішкі сезімі бүкіл әлем мен, бүгінгі ғана емес, өткен өмірмен де, болашақпен де жалғасып жатқанын аңғарамыз. Кейіпкерді персонсфералау – заман



талабы. Қазақ әдебиетінде сом да алып образға қарап, сол кезеңнің бейнесін көреміз. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Зере, Ұлжан бейнелері – нағыз персонификация. Ұлжанды айтқанда, көз алдымызға отбасының жүрек жауһарларын сақтайтын Темірқазығы мүбәрак әйел келеді. Аналық сүйіспеншілігімен қатар, тілегін де, үмітін де ақтаған Абайдай перзентіне шарапаты өз алдына жеке әңгіме. Құнанбай Меккеге қажылыққа аттанып бара жатқанда, зайыбына талай зәбір көрсеткеніне қапаланып, ғафу өтінеді. Сондағы жауаптасуда Ұлжанның «жаратылыстың арғы жағынан» біткен мейірімділігі мен кешірімділігін ұлы жазушы М.Әуезов асқан шеберлікпен жеткізеді. «Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал, егде тартып, зауал шағыңа бейімделген сайын кеңейе береді екен... Ұзақ дәурен кешіп келіп бүгін ырзалық айтып аттансаң болады. Мен сенімен енді көп кінәласам ба, мырза!» - деген сөздері арқылы Мұхтар Әуезов Ұлжандай кейіпкерінің мұсылмандық ақ жүрегін ардақ тұтып суреттеген. Ал, Зере – аналық, әжелік мейірбандыққа қосымша, әлеуметтік сана, ел татулығын ойлайтын қоғамдық зерде өрнектелген кейіпкер тұлғасы. Шығармада бұл бейне Құнанбай тұлғасында жинақталған қаталдық, кешірімсіздік секілді мінездерге қарсылық пікірде ашылады. Абайға әкесіндей мінезді бере көрме деп, Алладан сұранған ақ тілеші бейне ретінде жарқын көрініс береді. Әрбір қаламгер көпшіліктің эстетикалық мұратын әсемдік

тәжін әйел қауымынан іздейтіні табиғи нәрсе [39.300]. «Алысқа құлаш сермемей-ақ, тура отыз жеті жыл бұрын қатираға түсіп, жадымыздан мүлдем шығып кеткен, дәл қазір тасқа басылып отырған осы «Бейнет сусыны» қалай жазылды дейсіз бе? Тосыннан. Екі кештің арасында өткен күндер еске оралып, Алматыдағы үйде қалған ескі «Күнделіктерді» ақтарыстырып отырдық. Кенет сарғыш қатираны ашып қалғанымызда: «Кез-келген қартайған адам – король Лир. В.Шкловский» – деген сөзге көз қиығымыз қадалды. Іштей: «Иә, Құнанбай да король Лир. Абайға қарап – сүйініп, Әмірге қарап – күйініп өмір сүрді», – деген ой шалт ете қалуы мұң екен, ұмытылған ескі ойдың пердесі ашылып, бір ойды бір ой қуып алды да кетті. Суреткер психологиясы туралы «түртінділерді» түре оқып отырып: «Бұл да бір Абай айтқандай «бейнет сусыны» екен» – дегенімізше болмады, бір қарасақ жазбаның аты қойылып, «Бейнет сусынының» «Шабыт» атты алғашқы тарауын көшіріп отыр екенбіз. Содан, міне, әлі бас көтере алмай отырмыз. Кездейсоқтық па? Солай да, олай емес те. Кездейсоқ басталуы кездейсоқ басталғанымен, отыз жеті жыл бойы іштей дайындалып, анда-санда шығармашылық психологиясы, жазушылық психологиясы, жазушы шеберханасы деген тақырыпта арнайы дәріс оқып қойып жүрдік. Енді, ескі күнделіктен басқа қағазға қарамай, «не жазып кетсе – жайы сол» – деп сүркектетіп отырмыз» [36.64].

3.4 «Күйесің, жүрек, сүйесің...» және Абай әлемі

Халқымыздың тұтас бір ғасырының ақыл – ойы мен қазақ әдебиетінің әлемге танытқан кемеңгер ақын Абай Құнанбаев. Ол өз туындыларында реалистік гуманистік жаңа әдебиетің негізін қалаушы, қазақ поэзиясының қоғамдық ортада дамуының озық деңгейіне бағыттап, өз кезеңінің ең басты қозғалған мәселелерін дәл айтып, дұрыс қорытынды шығара білген азулы ақын. Ол өз ұлтының болашағы үшін жан аямай қызмет ете отырып, ұлтың мәдениет нұрына бөледі. Белгілі бір тарихи кезеңнің алға қойған сұрауына жауап беріп, елінің әдебиет көшін алғажетеледі. Ұлы ақынның мақсат-мүделері әдеби еңбектері арқылы жетті. Ақын қалдырған мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселелерін қамти алды және сол кездегі қазақ халқының бар сырын аша білді. Ол гуманист ақын ғана емес, сонымен бірге өз ұлтының өнер қазынасын зерттеуші, тарих, әдебиет ілімін үйретуші ұстаз деуге әбден болады. «Абай - қазақ халқының ар - ожданы, ұлттық мақтанышы, намысы. Абай - сонау заманнан бері көшпелілер мәдениетінің барлық болмысын бойына сіңірген жиынтық қасиет. Абай қазақ ұлтының ұлт боп өмір сүргендігінің және ұлт ретінде өмір сүруге құқығы барлығының белгісі. Қазақтың санасын оятқан, оны қалыптастырған адам - Абай. Бұл, әрине, шындық. Абай бүкіл көшпелілер дүниетанымын,

рухани болмысын, парасатын танытқан, дала данышпандарының мәйегін меңгерген дара дана. Абайдың өмірі мен шығармашылығы - отырықшы өмір мен көшпелі өмірдің арасындағы тіршіліктің, мәдениеттің, рухани өмірдің, заң мен дәстүрдің, тұрмыстың, көзқарастың арбасқан кезінің көрінісі. Абайдың жеке өмірінің өзі де ірі рухани трагедияларға толы болды. Ол ескі көшпелі өмір мен жаңа қоғамдық қатынастарды, елінің отарлық бұғауғатүсіп, ұлтының «Жан бостандығының тұншыққанын» (Тұрсын Жұртбай) көріп, қатты налыды. Абай көшпелі заманның соңғы, жаңа низамның алғашқы Ұлы тұлғасы болды. Сондықтан да оның шығармаларындағы жан күйзелісі қазақ халқының қасіреті мен рухани дүниесінің айнасына айналды. Ол өз ұлты басынан кешіп отырған екі өмірдің де Уы мен Балын қанып ішті. «Ішім толған у мен дерт, сыртым дүрдей» - деуінің өзі сондықтан. Абайдың «жүрегін ашып көрген адамның жанының шошуы да» тарихи заңдылық» [40,13]. Ақын өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі-сыртқы сырларын жете ашқан реалист жазушы. Ол өз кезіндегі қоғам өміріне сын көзімен қарап, барлық қайшылықтарды көре білді, батыл сынады. Абай өзінің өлеңдерінде өткір сыншы – сатирик ретінде танылады. Ұлт ішіндегі жағымпаз, қу, бұзақы топ өкілдерін сынады. Оның өз өлеңдерінің тақырыптарын сыншыл реализмге бағыттады. Абайдың өлеңдері отты да өткір, нысанасына дәл

тигізеді. Абай өлеңдерінде мәдениетті, әлеуметтік, азаматтық санасын насихаттады. Оның өлеңдерінен еңбекші халық мүддесін қорғаған азамат үні естіледі. Өзі жоғарғы тап өкілінен шықса да, тарихи даму мен қоғамдық шындықты түсінген ол халыққа шындап бет бұрғанын байқатады. Осы бағытта сол халықтың бар мақсаттың, арманың, тап өкілдерінен келген зардаптарды, бар халықтың мұқтажың айтатын психолог ақын ретінде танылады. Заманы мен өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшілік-қайшылықтарын өткір және әділ сынға алады. Бұл сарын Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде анық байқалады. Ел ұйытқысын бұзған, оның берекесін кетірген әкім сымақтарға деген оның ызасы да мол. Бас-басына би болған өңкей қықым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын? - деп, ол ел ішіндегі адамгершілік жағынан да, мінез-құлық жағынан да татымсыз топты бөліп көрсетеді. «Бұндағы Абайдың «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» - дегені - рухани тәуелсіздік. Басыбайлы бодандық. Билік, жігер, қайрат, заң, бүкіл ел - өзге елдің ырқына тәуелді. Халқын мойынсұнбауға үндейді. Әділ заң, дұрыс экономикалық саясат жоқ. Тек қана елді қанау бар. Елді тығырыққа тіреп отырған - жаһил мемлекет, оның патшасы. Абай оны «зорлықшыл үкімет» дейді. Абай патшаның қазақ халқын шоқындыру туралы жарлығы дайындалып жатқанын білген. Дінді өзгерту, Абай үшін рухани

құлдыққа, басыбайлылыққа түсу. Оған түсіп кеткен адам ешқашан шыға алмайды. Абай жан бостандығын, жан тазалығын Алладан іздейді. Ал біздің халқымыздан сол сенімді де ұрлап алмақшы болды. Қазақ елі үшін бұл ұлт ретінде жоғалу, жойылу деген сөз. Сана тәуелсіз болмай ешқандай ұлт бостандыққа жетпейді. Рухани бостандыққа жету - рухани басыбайлылықтан, психологиялық тәуелділіктен толықтай құтылу деген сөз емес. Мысалы: осыдан мың жыл бұрын жат елге тәуелді болған елдің танымында, салт - дәстүрінде басқыншы жұрттың бір белгісі сөзсіз қалады. Бөгде ұлтты былай қойып, қазақ жұртын ғана алайықшы: арабтардан діни сенімді алдық, Шыңғыс ханнан басқару жүйесін еншіледік, орыс империясынан европашылдықтың мүмкін болған ғылыми тұжырымының барлығын сіңірдік. Біздің тарихымыз «солардың көзқарасымен жазылды» [40,27]. Ақынның сыншыл өлеңдері ХІХ ғасырдағы орыс реализмінің сыншыл сарынын үлгі тұтқанын, сол жолдағы ізденісін, беталысын байқатады. Хакім Абайдың айналасына шоғырланған талантты шәкірттері қазақ әдебиетін жаңа белесін көтеріп, әлемдік әдебиет үлгілерінің қазақ әдебиеті топырағында өсіп-өркендеуіне зор септігін тигізді. Абай адамзатты әділеттікке шақырады.

Абай өзінің «Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек» өлеңінде:

«Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап қайнап бір жүрек болады әле
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деп, ақын адам бойында ақыл да, қайрат та, жүрек те болу керек дегенді меңзеп, керемет сезімдердің шамын жағып, адамның тұла бойын кернеп, баршаға бірдей жан жылуын сыйлап тұрған, жүрек екенін келер ұрпаққа айтып жеткізген. Өктемдікті - өрлік, тегеуірінді- тектілік, сергелденді – сезім, табалауды-тағзым деп қабылдайтын қайран жүрекай... Көкірегінде мұз тұнып тұрса да, жалған сәулені жарық сәуле деп ұғып, құшақ-құшақ жылу күтесің-ау... Содан соң жалғандық жылытқан жүрегінің дірілін баса алмай, өзінің жарық сәуле-ғұмырыңнан оттай ып-ыстық бу шығарып жалғандыққа төгесің де, сөйтіп өзінді-өзің жұбатып өле-өлгенше шырылхана ғұмыр кешесің-ау... Ешкімнің сенде шаруасы жоқ та... Жұдырықтай жүрек арқылы қуанамыз, қайғырамыз. Адамның тастай қатты жері де, мақтадай жұмсақ, нәзік жері де – жүрек. ЖҮРЕК - адам денесіндегі сезімдер тұрақтаған мүше. Адамның жақсы, не жаман болуы осы жүрекке тікелей байланысты. Жүрек - бір бассейн секілді. Бассейнге төрт құбырдан су келіп

құятын болса және ол төрт құбырдан таза, мөлдір су ағатын болса, бассейн тап-таза болар еді. Ал енді үш құбырдан таза су ағып, тек біреуінен лай су ақса, онда бассейн сәл лайсаңдау болар еді. Ал толықтай бар құбырдан лай су ақса, онда бассейнің іші шалшық суға айналар еді. Жүректе сол секілді. Жүрекке келіп құятын арнайы төрт құбыр бар. Олар: құлақ, ауыз, көз, ой. Егер осы құбырлардан бассейнге таза су аққаны секілді жақсы нәрселерді кіргізер болсақ, жүрегіміз таза болар еді. Жақсыны естіп, жақсыны көріп, жақсыны ойлап, жақсыны айтатын болсақ жүрек мұнтаздайын. Ал кірісінше, жүрек құбырларын жаман нәрселерге пайдалансақ, мысалы, жаман нәрсе көріп, естіп, айтып әрдайым жаман ойда болсақ онда жүрегіміз бассейн шалшыққа лайланғаны секілді жүректеріміз бүлінер еді. Махаббат лирикасына қалам тербеген, жүректің қылын шерткен Абай ақын шығармашылығы өз пікірімен құнды. Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» – тақырып

ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен мән-мағынаға ие. «Жетінші», «Отыз бірінші сөзінде» Абай оқу, өнер–білім мәселесі ой қозғайды. «Жетінші сөзінде»: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмас, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жылтыр –жылтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай – керней болса, даусына ұмтылып, онан ержетіңкіреген ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немен?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Абай айтып отырған «жан құмары» және «тән құмары» сөздеріне тереңірек үңілейік. Жан құмары – рухани қажеттілікті білдірсе, тән құмары – табиғи қажеттілік, тән құмарыхайуанда да болады. Ал адамды етіп қалыптастыратын жан құмарлығы. Яғни, Абай адам қуаты мен ақыл, ғылым, білім жинауына деген көзқарасын ұғынды. Ол – адам өмірінің мәні – ғылым мен білімге жету. Данышпан ақын дүние құбылыстарының ұғыну мәселесінде ғылымның үлкен мән бере отырып, ғылым-

адамның танымдық қызметінің ерекше түрі, яғни қоғам өміріндегі рөл. 32-қара сөзінде ғылымды үйретудің алты түрлі шартын түсіндіреді. Ғылымды үйренбекке талап қылушылар, ең әуелі, ғылымды шын көңілімен сүюі керек. Оның көңілінің ғылымға деген бұл мейірімі- шешенің балаға деген мейірімі секілді болсын, - дейді Абай. Адам өмірін түзеу үшін барлық адамдар тату, тыныш өмір сүруі тиіс. Олардың еңбегі арлы, адал болуы қажет. Мұнымен қоса, ақжүректілік, ақылдылық қажет. Сонда ғана адамдардың алаңсыз өмір сүруіне мүмкіндік тұмақ. Әрине адам ұдайы оқып, ізденуі тиіс. Ғылымсыз, білімсіз ешнәрсеге де қол жетпейді, онсыз мәдениетті адам боламын деу құр әурешілік. Ал, ғылымның, білімнің арасында табылмайтын байлық жоқ. Сол байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек.

Ойшыл ақын өзінің туындыларында адамгершілік, имандылық, оқу -білім, әлемдік өркениетке жетуге көп көңіл бөлген. Ол жастарға арналған сөзінде жаман қылықтардан аулақ болуға, салмақтылыққа, сабырлыққа, жас кезден бастап иманжүзді болуға шақырады. Олар жалқаулардан арылып, білімге ұмтылса дейді. Ақын өз заманындағы жастарға сенбесе де, болашақ жастарға үлкен сенім білдіреді. «Жиырма бесінші сөзі» арқылы қазақ халқын ілгері мәдениетке шақырып, өзіндік бағыт береді. Қалайда «қазаққа күзетші болып» шығатын азамат атану үшін

ұлттық тәуелсіздікті бірінші орынға қояды. Оның ішінде рухани тәуелсіздік алдыңғы қатарда тұр. Қазақ мәдениетін дамыту және оның өркенін өсіру үшін әр адам ең бірінші өзінің рухани мәдениетін меңгеруі қажет. Онсыз білімнің «қазақтың өзін аңдитын қаруға айналады» - дейді Абай [40,57]. Абай бірден орыс мәдениетіне бас ұр демейді. Ол үшін ең алдымен өз мәдениетінді, тарихынды, дәстүрінді біліп ал дейді. Соның бәрін бойыңа сіңіріп, содан кейін білім жолына түс. Бұлардан соң «араб пен парсыны» біл дейді. Араб, парсы мәдениеті қазақ халқымен рухани байланысты. Олардың тарихы, діни мүддесі ортақ. Абайдың өзі де осы жүйемен оқыған. Сондықтан, рухани байланыстың үзілуіне қарсы. Ал Ресейдің отарлау саясаты күшті жүріп жатты. Негізгі күш шоқындыруға, оқу –ағарту жүйесіне, рухани тәуелді етуге бағытталды. Отарлаушылардың түпкі мақсаты елімізді басыбайлы құл ету, дінімізді, тілімізді, дәстүрімізді жою болды. Ал қазіргі кезде түңілудің керегі жоқ. Біз ғылым мен білімді тәуелсіз ел болу үшін игереміз. Тәуелсіздік рухы – қасиетті рух. Тәуелсіздік рухын, бостандық рухын жүректе ұстау қажет.» Абай заманында сөзге түсінбес пәтуасыздардың қатары көп па алде қазір көп па мен сол есепке жете алмадым тек бір білетінім қазір бәрін өзгеден не биліктен көріп сауатты бола тұрып сауатсыз кейпте тап қазіргісінен арғыны көре алмаған, жан дүниесінде тыныштық

жоқ, бар нарсені шығара алмай тұншықтырып өз - өздерін тірідей өлтіріп жүрген надандар мыңғырып жүр. Абай атамыз қара сөздерін кімге қарап отырып кімді түзесем екен деп жазды тек әрине өзімен бірге жүрегі қатар соққан қалың қазақ жұртына арнады. Ал, ол заманда көкірегі ашылмаған надандарға арналып жазылан дүние ғой бізге қажеті жоқ деп өздерінше көкіректерін ұрып жүргендерде баршылық. Жоқ менің ойымша Абай атамыздың қара сөзі бізге осы заманға арнап жазып кеткендей. Адам баласының шыр етіп дүниеге келгеннен кеткенге дейінгі өмірі өмір сүруде қателіктер мен жақсылықтар, жасампаздық пен шынайылық, махаббат пен тақаппарлық ешбір жағдайды қалт жіберместен қағаз бетіне түсіріп отырған. Мен Абай атамыздың қара сөздерін оқи отырып Абайдың соншалықты тілге байлығын, білім ғылымға шақырғанын, елінің болашағын ойлаған жаны ашыған адамды таныдым. Б а т ы с философиясындағыдай болмыс, таным, материя, деген ұғымдар Абайдың қара сөздерінде болмаса да, Абай атамыздың қара сөздері философиялық терең ойы бар, өмірдің мәні және ғылымның маңыздылығы діннің тазалығы сияқты өзекті тақырыптарды алға қойған...Абай айтқан сөздерінің басты идеясы ол уақытыңды босқа өткізбе деген. Оның қара сөздерінің басты тақырыбы – адам, жеке тұлға, ал басты мақсаты - адам тәрбиесі. Адам болғанда да, адамдар үшін еңбек ететін, жан

- жақты жетілген адам. Абайша айтқанда, «толық адам». Ол «нағыз адам», «толық адам» қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі өзінің қара сөздерінде соған жауап береді. Ол адамды жан-жақты қарастырып, мінезін, өзін-өзі тануын, адамды жат қылықтардан аулақ болуға шақырып, жоғары сезімдерге: махаббат пен парыз, борыш сезімдеріне тәрбиелейді.

Ақын: «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [17-ші сөзі] деп, толық адамның қасиеттерін санамалап береді. Адам ұғылы екі нәрседен: бірі - тән, бірі - жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибилі, қайсысы кәсиби - оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы - жибилі, ұйқтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы - жибилі. Ақыл, ғылым - бұлар - кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол - жанның жибилі қуаты дүр. Бір ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил болып, жаман нәрседен көңілге жаманәсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп

баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады. [43-ші сөзі] осы сөзінде Абай атамыз тән мен жанның айырмашылығын атап көрсетіп, бес сезім мүшесі арқылы сырттан келген ақпарат саналы кейде бейсаналы түрде түпкі санаға келіп түсетінін онда рухани күйге жету үшін де адамның өзіне байланысты екенін атап көрсетіп берген. Шіркін ай осы дан соң Абайдың ұлылығына қалай бас имеске. Ал, енді мына қара сөзді оқыңызшы Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер. [35-ші сөзі] Бұл сөзде Абай естиген сөзді не көрген затты есте сақтау үшін көрген нәрседен ғибрат алып, көңілге бекітіп, ойды тек жақсы нәрселерге бағыттаса онда сол зат не сөз бизде маңгілікке сақталады. Адам көргені не сезінгені ешуақытта жоқ болып кетпейді, тек

кейбір себептермен ұмыт болады. «Абай өз заманы мен ұлтының озық ойлы өкілі ретінде тіршілік көрінісіне назар салмауы мүмкін емес еді. Оған сол кездегі қазақ ұлтының саяси, әлеуметтік жағдайы әсерін тигізді. Елі тәуелді болған Абайдың тәуелсіз өмір сүруі мүмкін емес–ті. Ал экономикалық тәуелділікті Абай қара сөздерінде де, өлеңдерінде де айтып кеткен. Ұлттың, күнкөрістің қамы анық көрінеді. Абайдың Ұлылығының өзі сонда жатыр. Егер экономикалық тәуелсіздікті тілге тиек етпесе, онда: Өзіндікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың, - дегенді қалай түсінеміз және қалай түсіндіреміз [40,67]. Қарап отырсақ, экономика мен поэзия салыстыруға келмейді. Қарабайыр түсінікпен қарасаңыз, экономика мен поэзия ешқашан басы қосылмайтын ұғымдар, яғни ит пен мысық сияқты. Демек, экономист пен ақын кереғар тұлғалар. Бірақ даналардың ойына шекара жүрмейді. Сол экономика мен поэзияны, экономист пен ақынды, тіпті ит пен мысықты да рухани татуластырып, поэзиялық бейнеге айналдырып жіберетін ұлы, сиқырлы, қасиетті ұғымдар болды. Соның бірі – бостандық деген сөз. Егер азаттыққа, рухани еркіндікке, тәуелсіздікке қызмет етсе, кез – келген қарама - қайшы ұғымдардың өзі үйлесім тауып тұрады [40,68].» Абай өлеңдерінің тәрбиелік бағытының бірі, әрі бірегейі–өзінді-өзің тәрбиелеу, яғни «әрбір жан өзіне үңілсін, өзін дамытсын!» деген ұран тастайды. «Ойға түстім толғандым»

өлеңінде: «Бойдағы мінді санасам, Тау тасынан аз емес Жүрегімді байқасам, Инедейін таза емес»- деген жолдарында өзінің мінсіз еместігін, өзіне көңілі толмайтындығыны жеткізе отырып оқырманға «Кеудемсоқ болма, өзіңді бақыла!» деген ақыл айтып тұр. Абайдың өзіңді-өзің тәрбиелеуге үндей отырып жазған «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - дей отырып бос мақтан сүйгіштікке бой алдырмай, өзіңнің бойындағы еңбек пен ақылды дамытып соған сүйену керектігін дәріптейді. Яғни, бойдағы жаман әдетіңнен жеріңіз, жақсы қасиеттерге ұмтылуға үндейді. Абай өлеңдерін оқыған жан эстетикалық тәрбиеге қалай бойлағанын байқамай қалады. Яғни сұлулыққа сүйсіну, өнерді түйсіну өлеңдерінде керемет көрініс тапқан. Бір ғана «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңінде: «Дүние ойдан шығады, Өзімді өзім ұмытып...» - деген жолдарымен ән күдіреті еріксіз бойыңды билейтінін сипаттаса, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде:

«Қалың ағаш жапырағы,

Сыбдырласып өзді-өзі,

Көрінбей жердің топырағы,

Құлпырған жасыл жер жүзі» - деген жолдарымен табиғаттың ғажабына сүйсінуге баулиды. «Ғашықтың тілі тілсіз, көзбен көр де, ішпен біл» деген жолдарында шынайы сезімді сөз етеді. Демек адам бойындағы сұлулыққа құштарлық, табиғатқа

деген сүйіспеншілік, әдемілікті көре білу сынды қасиеттерді дамытады. «Тағдырдың бір тауқыметі мен тәлкегі бар екені рас. Оны қасарысып жоққа да шығармайық. Алайда дүниедегі ұлылардың өміріне көз салсаңыз, солардың бірде – біреуі өзінің атын тарихты қалдырған кәсібімен тікелей айналыспапты. Тек жанама, көңіл көтерерлік ермек есебіндегі машығым немесе бос уақыттағы қосымша жұмысым деп қараған екен. Гете - сарай министрі, Омар Наям – ғалым., Тютчев – елші, Салтыков – қазына бастығы, әйтеуір, таза әдеби кәсіппен күн көрген талант аз. Жоқтың қасы. XX ғасырда ондай жандар бар. Бірақ та туа біткен дәулеті болмаса қаламның ұшымен қанағатын тапқандар шамалы. Соның бірі – Абай .Ол халыққа қоғам қайраткері ретінде жақсы таныс. Ол он төрт жасынан бастап би, болыс қызметін атқарды. Бұл іспен өле - өлгенше айналысты. Өмірлік шұғылданған кәсібі – билік, әрине, әділ билік болды. Абайдан артық дала дәстүрін жақсы білетін адам болмаған шығар. Абай үшін бір елдің заңы басқа елге жетекші бола алмайды. Ол патшалық ережені жақтыртпай, оған теріс көзқараспен қарайды. Заңның жолы – ақ жол. Абай Ресейдің заңының ақ заң екеніне күмәнмен қарайды. Олардың заңы отаршыл биліктің ғана мүддесін қорғайды. Ресей империясы қабылдаған «Ережелер» қазақ дәстүріне сүйенбеген. Ал дәстүрге негізделмеген заң – қылмыс болып табылады. Ресей империясы бұл қылмысты әдейі

ұйымдастырды. Сол арқылы елдің елдігін, бірлігін, қасиетті мүдделерін аяқ астына тастады. Заң арқылы рухты өшіруді көздеді. Қазақ елі толық бодандыққа түсті. Қазақ салт – дәстүрлерінің бәрі заңсыз деп қабылданды. Еліміздегі сыбаға, ерулік, көрімдік, сүйінші беру рәсімдері заңға қайшы келетін әрекет деп танылды. Тәуелсіз заң, дәстүрге негізделген заң, ұлт мүддесін қорғайтын заң деген ұғымдар санадан жоғалды. Оның орнына империяның мүддесін қорғайтын заң келді. Би ретінде Абайдың ең басты күресінің бірі заң мен дәстүр арасындағы байланысты сақтау, сөйтіп көшпелілердің мыңдаған жыл бойы пайдаланып келе жатқан билік уәжін Ресейдің отаршыл, басыбайлы заңынан басын аршып алу еді. Бұл ретте Абайды тек қана Ресейге қарап, басын шұлғытып қойғандар және оған санасы уланып қалғандар ұлы ақынның сонау отаршылдыққа деген рухани күресін мойндағысы келмей, тымырая қалатыны да түсініктік. Абай «өз дәуірінің жемісі» болғандықтан да, ол елінің дәстүр – салты бұзылып, ол әдет–ғұрыптар өктемдікке құрылған заң баптары арқылы жойылып бара жатқан күнді билер келесіне түскенде басынан кешірді, әрі сол бір қарама –қайшы төреліктің уәжін сәйкестендіре отырып, билік айтуға мәжбүр болды. Ең ақырында заң ұлттық дәстүрге сүйену керек екендігіне әбден ден қойды. Абайдың өз ұлтының мүддесін ойлауға толық қақы бар болатын. Ондай сезімнен арлы – берлі замандағы ешқандай

данышпандар бойын тартпаған болатын. Абайдың болыс, би болуы өміріне түскен көлеңке емес, керісінше халқына сіңірген еңбегі. Қазақ халқына Абайдың басқару үлгісі өте үлкен ықпал жасады. Абай билік басындағыларды ұлтын сүюге, ұлт қамын ойлауға, әділдік пен адалдыққа шақырды. Абайдың билікке араласып жүрген кезінде, қазақ даласын басқару туралы отаршыл пиғылда жазылған ережелер пайда болды. Ол «Жаңа низам» деп аталды. Абай билікті соған сәйкес жүргізуге міндетті болды. Ал бұл ереже қазақты адал билеу үшін емес, оны тәуелді қылу, басыбайлыландыру, салтын, берекесін бұзу үшін құрылды. «Ереже» - елдікке емес, ерегеске құрылған заң болып шықты. Абай:

Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.

Қалай сабыр қыларсың,

Жазықсыз күнде сөнуге? – деп, заңға сенімсіздік білдіреді.» «Бір көзім жеткені - жаман адам болмайды екен. Надан адам ғана болады. Надандықтың жауы - білімді адам. Өйткені надан адамға білімді адам қу секілді, пысық секілді көрінеді. Бірақ тағы бір пәле бар: білімдінің бәрін адам деуге келмейді. Білімдінің ішінде де өркениетті надандар жетіп артылады. Ал, ондай білімді надандар жыртқыш аңнан да қауіпті. Ол біліммен қаруланған надан. Әлеммен соғысатын қаруы өз заманына лайық. Оны жеңу өте қиын. Сондықтан

ондай білімді надандардың дәурені ұзақ жүріп тұрады.» деп Ақберен Елгезек, айтпақшы Абай атамыз өмір бойғы надандықпен күрес жүргізді.

«Әрбір ұлт өзіне сыни көзбен қарауы тиіс. Өткір тіл – ұлттық намыс қайрағы сияқты. Туған халқының жақсылығы мен жамандығын сынап, түзу жол көрсетіп отыратын тұлғалар туа бермейді. Біздің, яғни, қазақ халқының жолы болғаны. Өйткені ұлтымыздың ұлы тұлғасы – Абай бар. Халқымыз не болса да, Абайдың даналығына, ақылына жүгінеді. Қандай да бір ұлттық оқиға болсын, Абайдың сөзінен аттап кете алмайды. Абайға бас иеді. Абай қазақ халқына ешқандай оқулық жазбаса да, қазақ халқы оны ұлы ұстаз санайды. Қазақты Абайдай жақсы көріп, Абайдай сынға алған адам жоқ шығар. Оның: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, жұрт тонауы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді – біріміз андып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз», - деген сөзі бар. Сонда қазақ халқы соншама сүйкімсіз болғаны ма? Жоқ. Зиялы қауым Абайдың бұл айтқандарын жақсы түсінеді. Өйткені, Абайдың бұл идеясы - жалпы адамзатқа ортақ идея. Абай тек қазақ халқын тілге тиек етіп отырған жоқ. Ол барлық адамзатты мысалға алып отыр. Абай еш сескенбестен өз ұлты жайында ащы пікірді бүкіл жұртқа жариялап отыр. Демек, ол халқына сенім артады. Қазақ ұлты өз - өзіне сенген, парасатты қоғам құруға лайықты ұлт. Жалған ұлттық намыс

– сол ұлттың әлі де толық жетілмегенінің айғағы. Абай өз ұлтын биік саналы сатыға жетті деп, сөздің астарын исі адамзаттық дәрежеде түсінеді деп есептейді. Ендеше, көпке ортақ ойды ішке жасырудың қаншама қажеті бар? Дүние ойшылдар Абайды сол ашық жүрегі мен өткір пікірі үшін жоғары бағалайды. Өлеңдеріндегі аудармасы жеткізе алмаған тұстарын «Қара сөздері» толықтырып, оның «жұмбақ жүрегінің» құпиясын ашады. Әлемге беймағлұмдау болып келген ұлтының жан дүниесін түсіндіруге септігін тигізіп, оның мұң – мұқтажын, мақсат – мүддесін, арманын, рухани мүмкіндігін, өмір сүру қабілеттілігін, ойлау дәрежесін танытты. Абайды оқи отырып, оның туған елін ешкім де қорлай алмайды. Қорлағанның өзін қорландыруға Абайдың шығармалары толық кепілдік береді. Ол өзінің ұлтын жанын бере сүйген. Сондықтан да күйіне сөйлейді. Мұндай құбылыс ұлы адамдардың барлығының да басынан өткен. Белгілі бір сана, таным дәрежесіне жеткенше халқын, түсінуге тырысады, түсіндіруге ұмтылады. Кемелділікке бет алғанда ұлтының бойындағы кемшіліктерді, кегі кеткендей ызбармен әшкерелейді. Тостойдың, Лу – шыңның, Достоевскийдің, Гогольдің, Бальзактың тәжірибесі соны дәлелдейді. Абай да солар көтерілген кемелдік шыңына шыққан. Ол тіпті қатты мінеуінен сескеніп: «Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?» - деп күдіктенеді [35, 304]. Абай өз ұлтының дертін тапты. Оның себебін

ашты. Емін де ұсынды. Ал өзі – ұлтының ұлы емшісі. Абай ұсынған ем - сыни көзқарас. Абайдың ұлылығының өзі сонда. Абайдың тұсында қазақ елі рухани отаршылдық құрбаны еді. Сол үшін де томаға, тұйық, үміт оты сөнген халық кейпінде болды. Абай елін бір сілкінуге, сергектікке шақырады. Абай қазақтың надандығына емес, сол кездегі ортаның толық жетілмегеніне налиды. Егер Абай бүкіл жұртты сондай жек көрсе, қазақ үшін мұнша намыстанбаушы еді. Өшпенділік, күншілдік, жаулық – қазаққа тән емес қасиеттер. Ендеше, халықтың басына осынау дертті әкелген – отарлық саясат. Халқымыз зорлықпен өзге жұртқа бағындырылды. Билік, заң, мәдениет, дін – бәрі – бәрі жаттың қолына тиді. Абай ешқашанда өзін өз ұлтынан жоғары қойған емес. Ұлтының ыстығы мен суығына халықпен бірдей шыдады. Жағымсыз мінез, сумақай – сылтың, қаскүнем, көрсеқызар, билікқұмар, ақшақұмар адамдар әр ұлтта бар. Абай ұлтын сүйе отырып, ондайлардың қазақтың ішінде болғанына намыстанады. Сол жағымсыз мінездің ұлттық мінезге айналып кетпеуі үшін жанына батыра айтады. Өзінің туған анасы мен өгей анасының мейірленуін еңбегі қатпаған сәби де сезеді екен! Ендеше, Абайдың қазақ туралы батыл қолданған сөздері мен айтқан пікірлеріне исі ұлттың өкілінің бас иіп мойындауы заңды. Абай ол үшін өзінің екі туып бір қалғаны, «ұлтының ұйытқысы!». Сондықтан да исі қазақ халқының өкілі оның:

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып – айтпай өтті қарт,

Көнбеді жұрт, не ылажы? – деп қынжылуының себебін түсінеді. Шындығына көшсек, ұлтымыздың бойындағы адамды қажытса – қажытатындай кесірлі қылықтар көп – ақ. Бірақ ол мұқым жұртты жек көрінішті етуге немесе одан бас тартуға себеп бола алмайды [40,311-312]. Халқымыз қанша уақыт бойы Ресей империясының боданы болып келді. Қай халық үшін болмасын рухани, психологиялық тәуелсіздіктен арылу қиын. Бұл жағдай бір ұрпақ ауыспайынша жоғалмайды. Ағылшындықтардыңиндиялықтарға, француздардың алжирлықтарға, испандықтардың үндістерге деген үстемдігі әлі күнге дейін сақталып келеді. Жалпы айтқанда, Абай – ұлтымыздың айнасы. Халқымыз Абайды оқып, түзеледі. Абайдай жүрек дүниеге сирек келеді.» Абай өлеңдері оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі. Оны оқи отырып адамгершілік мінберіне көтерілесің, өзіңді-өзің тәрбиелейсің, әдемілік әлеміне шомасың. Абай өлеңдерінен тәлім алу, оны ұғынып бойына сіңіру – бүгінгі ұрпақ алдындағы міндет. Сол үшін «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!»-деген сөз әрбіріміздің ұстанымымыз болу керек.«Рухы күшті, дені сау, білімді ұрпақ - ел келешегі, келбеті», - деген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сөзінің мәні ерекше. Тәрбие тал бесіктен бастау алып,

шеберлікпен, бірізділікпен алтын - ұя мектепте ұштасып жатса, нәтижелі болары даусыз. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне өте қажетті мәселені көтеріп отырған Абай тағылымы арқылы оқушылардың бойына ізгіліктің, адамгершіліктің рухани нәрлі дәнін егуді басты мақсат етіп алған ұстаздардың тәрбие құралы деуге болады. Ұлы дана мұрасы білім, ғылымның ғана көзі емес, оның тағылымы - тәрбиенің де қайнар бұлағы. Мына өтпелі дәуірдің кейбір келеңсіз жағдайларының жас ұрпақтың аман алып қалудың да бірден - бір емі - Абайға жүгіну, Абайға үнілу дер едім.


ҚОРЫТЫНДЫ


«Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де: өмірде көрген тірі адамдар туралы, олардың хал-күйі, кескін-кейпі туралы тебірене, толғана ойланудан көбіне суреткердің сол адамдар өмір сүрген қоғам туралы көзқарасы қалыптасады, нәтижесінде сол қоғамдық шындықты көркем жинақтау мақсатындағы творчестволық әрекеті басталып кетеді», - дейді Зейнолла Қабдолов [6,87]. Өмірінде көпті көрген, естіп-көргенін тоқи білген суреткердің ой-қиялы биіктей түсіп, шығармаларында бір-біріне ұласқан динамикалық қозғалысқа түседі. Жазушының ой-қиялының биіктей түсуімен оның шығармаларының көркемділігі, мазмұн-мағынасы, психологиясы да тереңдей түсері сөзсіз. Осыдан келіп жазушының өзі жасамақ болған көркем бейненің кескін-кейпін, бет-бейнесін өзінше көру, танып білу қабілетіне, ой-қиялына байланысты да әдіс-тәсілдері, кейіпкерін сомдаудағы ерекшеліктері де өзіне ғана тән даралық қасиетімен көрініс табады.

Әдебиетте адам бейнесін, яғни кейіпкерінің бейнесін жасап жеткізудің әдіс-тәсілдері алуан түрлі екені мәлім. Ол – сөзбен суреттеумен ғана шектелмейді, көркем бейне жасауға қажет барлық өмірлік материалды жинақтаудан бастап әдеби тұлғаны даралауға дейінгі аралықты қамтитын

күрделі құбылыс. Міне, жазушы Тұрсын Жұртбай кейіпкерлерін сомдауда өмірде болған адамдардың өмір жолдарын, көрген-естіген оқиға-құбылыстарын жинақтап, көркем образдың жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастыруымен қатар олардың ішкі жан дүниесінің ерекшелігіне де көңіл бөліп, мінезін даралап, әр кейіпкерінің психологиялық ерекшелігін ашады. Көркем шығарманы жазу барысында жазушы өз кейіпкерлерінің сыртқы бет-пішінімен қоса оның ішкі бітімін де сәйкестендіріп, толық гармонияда жеткізу арқылы үлкен жетістіктерге жетеді.

«Жер-бесік», «Қар астындағы көбелек», «Бір уыс жусан», «Болашақтың бәйтерегі» сияқты көркем туындыларын қарастыру барысында қаламгердің кейіпкер психологиясын жеткізудегі өзіндік ерекшеліктері мен көркем антропологиялық қолданыстары және олардың арасындағы байланысына көңіл бөлінгені айқындалды.

Ғалымның Абайтанудағы жаңашыл ізденісі «Күйесің, жүрек...сүйесің», Әуезовтанудағы соны қадамдары «Талқы», «Бесігінді аяла», «Бесігінді түзе» сынды іргелі зерттеулерінің талдануымен дәйектелді. Ұлт әдебиетін ұлт таихымен кешенді байланыста қарастырудағы батыл ұстанымына «Ұраным - Алаш!..» іргелі еңбегін саралау барысында көз жеткіздік. Отандық тарихтың Алаш кезеңін архив материалдырымен тыңнан зерттеп саралауындағы батыл тұжырым, ойларының тәуелсіздік мұраттарымен байланыстағы өзектілігін

ашып көрсеттік. Сол арқылы Т.Жұртбайдың қазіргі кезеңдегі жетекші абайтанушы, әуезовтанушы, алаштанушы деген зерттеушілік түйін жасадық. Осы арқылы ғалым қазіргі ұлттық әдебиеттануда өзіндік соны бағыттағы ғылыми мектеп қалыптастыру жолында өнімді еңбек жасап жатқанын атап айту керек.

«Сүре сөз» еңбегін екшей отырып, қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық дамуын, жекелеген суреткерлер шығармашылығын сын талқысына салудағы кәсіби сыншылығына тән шеберлігіне тәнті болдық. Білікті әдебиет сыншысы деген қорытындыға келдік.

«Бейнет сусыны» кітабындағы әдеби талдауларын, эстетикалық, теориялық пайымдарын саралап, әдеби шығармашылық психологиясының терең білгірі деген баға бердік. Мұның бәрі әдебиетші, жазушы, тарихшы Тұрсын Жұртбайдың шығармашылық тұлғасында тоғысқан қасиеттерді айқындаумен қатар сан салалы ғылыми еңбектерінің, әдеби туындыларының ұлттық руханиятқа қосылған ерекше мұра екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Тұрсын Жұртбайдың сан салалы ғылыми еңбектері, көркем шығармалары әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді. Абайтану, әуезовтану, алаштанудағы іргелі еңбектеріндегі ғылыми концепциялар, ғылыми-әдіснамалық мәселелер әдебиеттану ғылымының проблемалық мәселелерімен байланыста екшелуі керек.


**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**


1. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

2. Әуезов М. «Анкетаға жауап». Алматы // «Жұлдыз», №10.1991. – 12 б.

3. Жұртбай Т. «Қар астындағы көбелек» // «Жұлдыз», №1. 2008 – 10-98 б.б.

4. Жұмабаев М. «Шығармалары». III томдық. Педагогика. Алматы, «Білім», 1996. – 512, 240 б.5.

5.Поспелов Г.Н. Теория литературы: Учебник для ун-тов.-М.: Высш.школа, 1978. – 351 с. Библиогр.: с. 343 – 344.

6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002.-360 б.

7. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998.- 384 б.

8. Волков И.Ф. Теория литературы: Учеб. Пособие для студентов и преподавателей. – М.: Просвещение; Владос 1995.- 256 с.

9. «Литературная энциклопедия терминов и понятий». М., НПК «Интелвак», 2001.– С. 1595. 835 стр. Главный редактор и составитель А.Н.Николюкин.

10. Жұртбай Т. Сүре сөз: Публицистика.– Алматы: Экономика, 2005. 400 б.

11. Жұртбаев Т. Жер-бесік: Роман-новелла,повестер.–Алматы: Жалын, 1985. – 384 б

12. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Қарағанды: «Арқо» ЖШС, 2004, - 332 б.

13. Әлімқұлов Т. Уақыт және қаламгер: Әдеби сын // Шеберлік сыры неде.– Алматы: Жазушы, 1978. – 6 к. – 245 б.

14. Байырбек Н. «Бағын бәйгеде сынамаған жүйрік сияқтымын» // «Астана ақшамы», №40 (2361) Сейсенбі 14 сәуір 2009 жыл

15. Жұртбай Т. Болашақтың бәйтерегі: Әңгімелер, хикаяттар, роман-новелла. I том. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2007. – 368 б.

16. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш. – Алматы: «Елшежіре», 2008. 472-б.

17. Имашева Л. «Ұлылар топырағының ұлағатты перзенті» // «Қазақстан әйелдері», №4. 2004 жыл, сәуір

18. Жұртбай Т. Қар астындағы көбелек: Роман-хикаят, хикаяттар. 2 том. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2008. – 320 б.

19. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш». Алматы, «Жібек жолы», 2002.-208б.

20. Гинзбург Л. «О психологической прозе». Л., «Художественная литература», 1977.– С.443.

21. Психология. Словарь. М., «Политиздат». 1990.-С.494, 366 стр

22. Ахметов З. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі». Алматы, «Ана тілі», 1996. – 240б.

23. Савельева В.В. Художественный текст и художественный мир: проблемы организации.- Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1996. – 192 с.

24. Хализев В.Е. Теория литературы: Учебник/ В.Е. Хализев.-3-е изд., испр. И доп. – М.: Высш. шк., 2002. 437 с.

25. Ермеков Ә.Алаш автономиясы// Сарыарқа. 22 қаңтар, 1918. № 28. – Б. 10-11.

26. Қ.Әбуов. Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерінен. –Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.-144б.

27. Г.Оспанова. Қазақстандағы ХХ ғ. 80-90 жж. - мәдени процестер. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2001 .11б.

28.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық.І-том. - Алматы: Атамұра, 1996. 544 б.

29.»Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы». Сұхбат материалдары. Сұхбатты хаттаған Т.Омарбеков // «Ақиқат», 1991, N11 7б.

30. Г.Бахитова, З.Хангереева. «Жазықсыз жапа шеккендер...» атты көрменің ғылыми концепциясы. [olke.kz>index.php](http://olke.kz/index.php).

31. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995.- 256 б.

32. Жұртбаев Т. «Талқы». - Алматы: Қазақстан,1997.-365 б.

33. Рахманова Н.Әуезовтану дәрістері.- Алматы:Кітап,2010.-355б

34. Нұрғали Р.Әуезов және Алаш.- Алматы:Жазушы,1997.-430 б.

35. Төлеубаева К.А. Тұрсын Жұртбайдың «Талқы» еңбегіндегі тағдыр және тарих талқысы.-

ҚарМУ:Хабаршысы, Филология сериясы, 2017. -№2 /86/.- Б.49-55

36. Жұртбай Т. Бейнет сусыны. –Алматы: Қазақпарат, 2016. -289б.

37. Мағауин М. Ақыр-дүние/«Жұлдыз» журналы. 1997 № 12 -176 б.

38. Дәдебаев Ж. Қазіргі кезеңдегі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Әуезов дәстүрі. – Алматы: Қазақ Мемлекеттік университеті, 1981. – 247 б.

39. Төлеубаева К.А.Мұхтар Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясындағы драматизм.-ПМУ: Хабаршысы, Филология сериясы, 2017. -№4. -Б.297-307.

40. Жұртбай Т.Күйесің, жүрек... Сүйесің. - Алматы: Санат, 2001. - 408 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
--------------	---

I ТАРАУ

Қаламгер зертханасы және көркемдік ізденістер.....	9
1.1 Қаламгердің көркемдік әлемі және ұлттық идея.....	10
1.2 Суреткер зертханасы.....	38
1.3 Кейіпкер психологиясы және тартыс табиғаты.....	62
1.4 Антропология және образ сомдау.....	104

II ТАРАУ

Тұрсын Жұртбай шығармашылығындағы Алаштану тақырыбы.....	119
2.1 «Керегем-ағаш, Ұраным-Алаш!».....	120
2.2 Алаш арыстарының мұралары және «ақтандақтар»	128

III ТАРАУ

Тұрсын Жұртбайдың толғау-эссе зерттеу еңбектері.....	137
3.1 Мұхтар Әуезов және тарих талқысы.....	138
3.2 Жазушы және қоғам: тағдыр талқысы.....	150
3.3 Жүйке септігінің психологиялық жіктелуі.....	158
3.4 «Күйесің, жүрек, сүйесің...» және Абай әлемі.....	175

Қорытынды.....	197
----------------	-----

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	201
--------------------------------------	-----

РЕПОЗИТОРИЙ ҚАРҒУ

MAGZHAN

printing house

Кітап «Мағжан» дизайнерлік
орталығында беттелді.
+7 702 267 68 48

К.А.Төлеубаева

ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙ
(ғылыми-көркем шығармашылығы)

Монография

Теруге 22.05.2019 жіберілді. Басуға 25.05.2019 қол қойылды.

Пішімі 84x108. Қаріп түрі «Таймс қаз». Көлемі 13 б.т. Таралымы 500 дана

Тапсырыс №236